

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ
ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Оразгүл Мұхатова

**XIX – XX ғасырлардағы
Қазақстан тарихнамасы**

Оқу құралы



Алматы
“Ғылым”
2002

Баспаға І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесі ұсынып, бекіткен

П і к і р ж а з ғ а н д а р:

тарих ғылымдарының докторы, профессор
ҰҒА корреспондент- мүшесі К.Нұрпейіс;
тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Омарбеков;
тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Әбжанов

Мұхатова О.

XIX – XX ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2002. - 152 б.

Аталған оқу құралында тарихнама ғылымының методологиялық негіздері көрсетіліп, бірқатар тарихи мәселелердің зерттелу деңгейі айқындалған. Әртүрлі кезеңдерде жарияланған еңбектерге талдау жасалып, тарихи білім дамуының үрдістері, ерекшеліктері мен олқылықтары анықталып, баға берілген.

Еңбек жоғары оқу орындарының “Тарих” мамандығы бойынша білім алатын студенттерге, магистрлерге, аспиранттарға және оқытушыларға арналған.

ISBN 9965 504-50-4

Осы еңбегімді отандық тарихнама
ғылымының бастауында тұрған
ғалым, тарихшыларға арнаймын

Автор

К І Р І С П Е

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері 12 жылға аяқ басты. Осы уақыт аралығында егемен ел ауыз толтырып айтарлықтай елеулі табыстарға қол жеткізді. Республикадағы саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өзгерістер жасалды. Мұндай құбылыс ғылымға да тән болды. Отандық тарих ғылымы тың деректер негізінде жазылған сүбелі де салиқалы еңбектермен толықтырылды. Тарих ғылымының бір саласы болып табылатын тарихнама да ғылым көшінен кеш қалмады. Тарихи білімнің дамуы мен зерттеу тәсілдерін оқып-үйренетін тарихнама ғылымынан бірқатар докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалып, ғылыми мақалалар жарық көрді.

Бұрын - соңды тарих ғылымының өзімен салыстырғанда кенжелеу дамыған тарихнама саласына назар аударылып, сол арқылы ғылымды өрістетуге жол ашылды. Дегенмен де жазылып, жарияланған еңбектер нақты белгілі бір мәселелерді тарихнамалық талдаудан өткізіп, зерттеумен ғана шектелді. Әйтсе де мұндай жағдайды ғылымдағы олқылық емес кенжелеп қалған тарихнама ғылымын дамытудағы үрдіс деп атаған жөн тәрізді. Осылайша бір-бірте тарихнаманың өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары, теориялық принциптері, әдістері бар жүйелі үлкен ғылым саласына айналатындығы күмән тудырмаса керек.

Ғылыми тәжірибе көрсеткендей тарихшылардың көпшілігі тарихнама ғылымы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуге ықылас таныта бермейді. Мұның себебін тарихнаманың жауапкершілігі зор,

зерттеу тәсілдері күрделі, оне бойы талдауға, салыстыруға негізделген, ғылыми еңбектерге баға беруді, зерттеушілердің жетістіктері мен кемшіліктерін айқындауды талап ететін, соны зерттеу объектілерін, тың тақырыптарды анықтайтын ғылым саласы екендігімен түсіндіруге болатын сияқты. Дегенмен де тарих ғылымын алға жетелейтін тарихнаманың құндылығы мен маңызын ескере отырып, осы саладан ғылыми зерттеулер жүргізу қажеттілігін баса айтқымыз келеді.

Отандық тарихнама ғылымына аз да болса өз үлесімізді қосу мақсатында жас тарихшы – зерттеушілердің назарына осы еңбегімізді ұсынып отырмыз. Оқу құралы тарихнамалық зерттеулер жүргізетін жас ізденушілерге көмегін тигізіп, ғылымды ілгерілетуге септеседі деп сенеміз.

Оқу құралының мақсаты – тарих ғылымының саласы – тарихнаманың өзіне тән зерттеу методологиясын, ерекшеліктері мен заңдылықтарын, жас зерттеушілерге, студенттерге меңгеруге көмектесу, тарихнамалық зерттеулер жүргізуге үйрету.

Оқу құралының міндеттері:

- келешек тарихнамашы мамандарды тарихнамалық деректерді іздеп табуға, жүйелеуге үйрету;
- әртүрлі кезеңдерде жазылған еңбектердің методологиялық негіздерін, ерекшеліктерін ескеріп, талдауға машықтау;
- ғылыми зерттеулердің ұтымды тұстарымен қатар кемшіліктерін тарихнамалық әдістерді тиімді пайдалану арқылы айқындау, баға беру қабілетін қалыптастыру;
- еңбектерді сыни талдау әдістерін меңгеруге көмектесу;
- ғылымда зерттелмеген тың мәселелерді тарихнамалық талдау арқылы анықтау жолдарын көрсету.

Оқу құралында тарихнама ғылымының методологиялық негіздерінен өзге бірқатар нақты мәселелердің зерттелуі, тарих ғылымында көрініс табуы орын алған. Айта кетерлік жайт, оқу құралы Қазақстан тарихнамасын толық қамтымайды. Бұл еңбек автордың отандық тарихнама ғылымынан оқу құралын жазудағы алғашқы қадамдарының бірі. Келешекте ауқымды әрі тың тақырыптардың тарихнамасына арналған шығармалар жарық көрер деген үміттеміз.

ТАРИХНАМА ҒЫЛЫМЫНЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тәуелсіз қазақ мемлекеттігінің құрылуы мен орнығуы тарих ғылымы, оның аса маңызды салаларының бірінен саналатын тарихнама үшін қолайлы жағдай тудыруда. Мұның өзі осы уақытқа дейін кеңірек дамыған тарихнама ғылымының қалыптасуына игі әсерін тигізіп отыр.

Кеңестік отандық тарих ғылымында бірқатар тарихнамалық еңбектер жарияланғанымен толыққанды тарихнама саласы ғылым ретінде өзін таныта алмады. Мұндай үрдістің орын алуына тоталитарлық жүйе кезіндегі ғылыми талаптарға сәйкес жазылып, жарық көрген, ортақ принциптер мен көзқарастарға негізделген, тайталас, батыл ой-пікірлері мардымсыз зерттеулерді талдауға деген ықылас жоқтың қасы еді. Оның үстіне шынайы тарихи принциптер ауқымында зерттеулерге сыни талдау жасалған тарихнамалық туындыларды жариялау кеңес кезеңінде мүмкін емес-ті. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында осы олқылықтың орнын толтыруға жағдай жасалуда. Сондықтан да бір жағынан қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде, кеңес дәуірінде жарық көрген зерттеулерге сыни тұрғыда қарап, оларды жаңаша зерделеп, сараптау міндеті туындайды. Екінші жағынан белгілі бір ғылыми мәселелерді зерттеуге атсалысқан зерттеушілердің үлестеріне объективті баға беріп, тарихнама ғылымын ілгері жылжыту мақсаты қойылады. Осындай жағдайда тарих ғылымы одан әрі дамып, уақыт талаптарына сәйкес келеді. Тарихнама тарих ғылымының өзіндік санасы ретінде ғылыми ойды үнемі объективті шындыққа жетелейтін саралаушы бағдар тәрізді. Тек тарихнама арқылы қарастырылатын белгілі бір ғылыми бағыттың аз немесе зерттелмеген тұстарын айқындауға мүмкіндік туады. Тарихнама ғылымтанушылық роль атқара отырып, нақты тарихи зерттеулердің негізгі жетістіктерін талдай келе шындықтың аса маңызды жақтарын тұтастай көрсетіп береді. Тарихнаманың тағы бір ерекшелігі осы ғылым саласы арқылы белгілі бір мәселенің зерттелу деңгейін анықтап қана қоймай, сол мәселе ауқымында жаңа, тың тақырыптар айқындалып, зерттеушілерге ұсынылады. Тарихнамалық талдау неғұрлым терең, жан-жақты жасалса, соғұрлым мәселенің мән-мазмұны, зерттелу бағыттары мен үрдістері барынша анықталады, зерттелуге тиісті тың тақырыптар молаяды. Осы жағынан алғанда тарихнамалық зерттеу жүргізудің маңызы артып, көкейкесті бола түседі.

Сонымен, тарихнаманың мақсаты — белгілі бір ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін анықтап, тарихнамалық деректердің

мән-мазмұнын, зерттелу бағыттары мен үрдістерін айқындау, объективті түрде зерттелмеген тұстарын тану.

Міндеттері:

- тарихнамалық деректерді жинақтау, жүйелеу;
- логикалық компаративті, мерзімдемелік, проблемалық т.б. талдаулар жасау;
- тарихнамалық деректердің тарихи оқиғалар мен процестерді зерттеуінің деңгейін сараптау, ұтымды тұстары мен олқылықтарын айқындау;
- тарихнамалық талдау арқылы ғылыми еңбектерге баға беру;
- тарихнамалық деректердің саяси-әлеуметтік жүйелер мен идеологияларға тәуелділігін анықтау;
- белгілі бір мәселенің зерттелмеген тұстарын айқындап, келешек ізденушілерге тың тақырыптар ұсыну.

Тарихнаманың өзге де ғылымдар тәрізді өзіндік методологиялық негіздері мен ұстанымдары бар. Методологиялық мәселелердің дұрыс қойылуы ғылымда оқиғалар мен құбылыстарды объективті түрде терең зерттеуге жол ашады. Маркстік-лениндік методологияның ескіруіне байланысты республикада жаңа методологияны қалыптастыру мен дамыту міндеті туындайды. Маркстік-лениндік методологиядан бас тартып, жаңа методология қалыптастыру оңай міндет емес. Ол үшін зерттеушілердің табанды ізденісі, талмас қажыр-қайраты, біліктілігі қажет.

Методология көне грек сөзінен аударғанда “методос”, яғни, “зерттеу жолдары”, “таным тәсілдері” деген мағына береді. Ғылымда методологияның “тарихи таным теориясы” деген интерпретациясы да кездеседі /1/. Қазіргі кезеңде методологияның анықтамасын беруде ресейлік тарихшылар белсенділік көрсетуде. Мәселен, В.В.Журавлев: “... тарихи зерттеу методологиясы – бұл тарихи білімді дүниеге келтіру және олардың принциптерін реттеу. Методология бұл тұста ғалымның қарамағындағы малай немесе құлдық ұруды талап ететін патша емес. Яғни методологияны “не істесем де өзім білемін” деген принципті ұстанып, оны біржақты дәріптеуге немесе елеусіз қалдыруға болмайды. Нағыз тарихшы ең алдымен өмір бойы методологиялық жағынан жетіледі. Ол ғылымда жинақталған методологиялық қазынамен бірге өседі, ал соңғысы ғалымның күш-қайратының арқасында молаяды”, – деп жазды /2/. Сонымен тарих ғылымының методологиясы теориялық, дүниетанымдық ережелердің жүйесі, ол нақты шындықты танудың тәсілдері ретінде ғылыми талдау жасау талаптарынан пайда болады. Басқаша айтқанда тарих ғылымының методологиясы ғылыми-зерттеу жұмысында танымдық принциптер, идеялар ретінде пайдаланылатын белгілі бір дүниетанымдық теориялық ережелердің жүйесі. Методология –

білгілі бір мәселені зерттеудің ғылыми әдістемелері. Тарих ғылымындағы зерттеу тәсілдері мен жолдары, яғни нақтырақ айтсақ методология математикадағыдай дайын формула емес, ол өзін теориялық жетілдіруді және үздіксіз ізденістер арқылы қалыптастыруды талап етеді. Методологияға сүйеніп, зерттеуші іс-тәжірибелік қызметінде әдістер кешенімен жұмыс істейді. Осыған байланысты ғылыми әдістер құрылымын былайша көрсетуге болады: 1) танымның мазмұнын сипаттайтын дүниетанымдық ережелер мен теориялық принциптер; 2) зерттелуге тиіс мәселенің ерекшеліктеріне сәйкес әдістемелік қолданыстар; 3) ғылыми зерттеуді дәйектейтін, оның барысы мен нәтижелерін көрсетуге қолданылатын тәсілдер. Осылайша, әдіс зерттеудің теориясының, әдістемесінің және техникасының өзара байланысын іске асырады.

Методология әдістен де кең, ол әдістердің ілімі ретінде білімнің үш деңгейінен құралады: философиялық, ғылыми-теориялық және эмпирикалық. Ғылыми әдістер жайлы біз төменде айтатын боламыз. Ең алдымен методологияның негізін қалайтын принциптерге тоқталайық. Методологиялық негіз объективті, тарихи принциптерді басшылыққа алып, шынайы деректерге сүйеніп, салыстырмалы зерттеу жүргізу барысында зерттеушінің ой-пікір түйіндеуі нәтижесінде қалыптасады. Принциптер дегеніміз - ғылымның негізгі, жетекші ұғымдары. Олар тарихтың объективті заңдарын оқып-үйренуден туындайды, соның нәтижесі ретінде саналады және осы мағынада заңдылықтар іспеттес болады /3/. Әйтсе де олардың арасында айырмашылық бар: заңдылықтар объективті түрде зерттеушіден тыс әрекет етеді, ал принциптер – логикалық категория, олар табиғатта емес, адамдардың санасында өмір сүреді.

Тарихи зерттеулер методологиясында басты орынды тарихилық, объективтілік, партиялық немесе таптық бағыт тәрізді теориялық принциптер алады. Тарихилық және объективтілік принциптерінің тарихи оқиғалар мен құбылыстардың шынайы сипатын, мән-мазмұнын ашудағы маңызы зор. Сондықтан олар тарихшылар үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде басты принциптерге айналулары тиіс.

Тарих ғылымының теориялық принциптері тарихнамаға да тән. Алайда олардың біраз айырмашылықтары бар. Мәселен, тарихнамадағы объективтілік принципі зерттеушілердің белгілі бір тарихи оқиғалар мен процестерді талдауда шынайы пікір танытып, тұжырым жасауын таразылап, олардың шынайылығын анықтауға жетекші роль атқарады. Осы объективтілік арқылы тарихнамашы зерттеушілердің тарихи оқиғалар мен құбылыстарды шынайы түрде ашу деңгейіне баға береді. Ғылыми еңбектердің әртүрлі кезеңдерде жазылып, жариялануына байланысты зерттеушілер шынайы оқиғаны

бұрмалап көрсетіп немесе ол туралы айтпай кетуі де мүмкін. Мұндай методологиялық принциптерден ауытқу кеңес дәуірінде біршама етек алды. Себебі тарихшылар тарихи оқиғалар мен процестер тоталитарлық жүйе мен коммунистік идеологияның үстемдігі кезінде объективті түрде көрсете алмады. Ал керісінше, тәуелсіз Қазақстан кезеңінде ізденушілерге бұрын-соңды айтылмаған шындықты ашып көрсетіп, бұрмаланған оқиғалардың ақиқатын айқындауға мол мүмкіндіктер туды. Айта кетерлік жайт, ғылымда өткен уақыттарда жағымды түрде қарастырылған оқиғаны қазіргі кезеңде жағымсыз етіп көрсететін құбылыс белең алып отыр. Тарих ғылымында кейбір жағдайларда объективтіліктен гөрі мәселенің тым ушқары жақтарына кету төрізді зерттеу тәсілдері кездеседі. Тарихнамашы осындай үрдістерді айқындауда тарихи оқиғалар мен процестердің шынайылығын анықтаумен қатар объективті принципті берік ұстанып, субъективизмге бой ұрмауы тиіс.

Көрсетілген принциптердің ішінде тарихилық ең басты роль атқарады. Тарихилық танымның жалпы методологиялық принципі болып табылады. Ғылыми танымда ол өзіндік, дербес маңызға ие болады. Тарихилық принципі арқылы тарихи оқиғалар мен процестердің, олардың пайда болуы және дамуының, нақты жағдайлармен байланысының зерттелу деңгейін айқындауға болады. Осы принцип құбылыстардың сандық және сапалық, жалпылама, дара ерекшеліктерін тануға жол ашады. Тарихилықтың келесі таным функциясы мынада: принцип шынайылық туралы білімді нақтыландыруға және дәйектей түсуге мүмкіндік береді. Тарихилық принципті бұрмалау тарихшыны ғана емес тарихнамашыны да қателіктерге ұрындырып, салдары ғылым мен қоғам үшін қауіпті болады. Тарихилық принципті дұрыс ұстанған тарихнамашыға тарихи дәуірлер мен кезеңдердің мерзімдерін дәл анықтауға, процестердің себептерін, барысы мен нәтижелерін, салдарларын, маңызын айқындауға, қолайлы жағдай туады. Тарихилықтың тағы бір маңызы – ол арқылы қоғам мен әлеуметтік топтардың, тұлғаның ролін анықтауға, тарихи кезеңдердің ерекшеліктері анықталады.

Партиялық принцип – тарих ғылымының, сондай-ақ тарихнаманың қажетті принциптерінің бірі. Партиялық деген сөз саяси партия деген ұғымды бермейді, ол қоғамның әлеуметтік құрылымымен, топтарымен тығыз байланыстағы ұғым.

Маркстік–лениндік методологияда кез-келген тарихи процесс әлеуметтік таптық тұрғыда қарастырылып, партиялық принципте баға беру біржақты пікір, тұжырым түйіндеуге негіз қалады. Мұның өзі партиялық принциптен бас тарту дегенді білдірмесе керек.

Маркстік-лениндік методология шеңберінде партиялық принцип тап күресінің аясында қалып, кейде бұл принципті таптық

бағыт деп те атады. Ал маркстік-лениндік методологияның күйреуіне орай оны сынап, жоққа шығару үрдісі орын алды. Мұндай ахуал тарихи оқиғалар мен процестерге объективті баға беруден гөрі белгілі бір қоғамдық - саяси кезеңнің талаптарының зерттеушілерге ықпалын көбірек аңғартады. Тап күресі орын алған тарихи кезеңдерді таптық тұрғыдан көрсету өткеннің шындығын бұрмалаусыз зерттеу деген сөз. Осы орайда ресейлік тарихшы Ю.А.Поляков: “Тап күресінің маңызын Батыс тарихшыларының айтарлықтай бөлігінің мойындағаны белгілі және мойындап отыр. Тап күресінің орын алуы мен ролі көптеген фактілер арқылы дәлелденеді. Өткенді зерделеуде таптық бағытты алып тастау – фактілерге қарама-қайшы келу болып шығады”, - /4/ деп жазды. Бұл жерде мәселені таптық көзбен зерттеу турасы емес, тарихта тап күресінің орын алғанын мойындау туралы болып отыр.

Партиялық принцип тарихнамалық талдау жасауда зерттеушіге тарихнамалық деректердің әлеуметтік ортасын, тарихнамашының ұлттық, таптық мүддесін ескеруде қажетті принцип болып саналады.

Соңғы уақыттардағы посткеңестік кеңістіктегі саяси өзгерістер зерделі тарихшыға өткенді терең зерттеп, тарихи оқиғалар мен процестердің шынайы бағасын беруге жағдай жасалды. Тарихшы – зерттеушілерге тарихты “Тарих – жекелеген адамдардың, таптар мен партиялардың еркі мен санасына байланысты емес” және “Тарих - өз мақсатын көздеген адам қызметі” деген екі қағиданы байланыстыра зерттеуге мүмкіндіктер туды. Мұндайда зерттеуші екі қағиданың екеуін де жоққа шығармай тарихтағы заңдылықтарды тануға ұмтылуы тиіс. Әкімшіл-әміршіл басқару кезінде орныққан “тарихты халық жасайды” деген тұжырымды әрбір тарихи дәуірде тарихты жеке адам, субъект қалыптастыратындығы туралы қағида толықтыруы қажет. Мұндай тұжырымның тарихнамаға да тікелей қатысты екендігі даусыз.

Тарихнаманың методологиялық негіздерін толықтыратын мәселенің бірі – тарихнамалық мерзімдеме (периодизация) қалыптастыру. Кез келген мәселенің зерттелу деңгейін анықтау тарихнамалық кезеңдерге бөлуді талап етеді. Мерзімдеме әр кезеңдегі тарихи еңбектердің жариялануына, ерекшеліктерге байланысты жасалады. Тарихнамалық деректерді, тарихи еңбектерді, т.б. кезеңдерге бөліп талдау зерттеудің тереңдігі мен құндылығына әсерін тигізеді.

Енді тарихнама ғылымының әдістеріне тоқталайық. Әдіс методологияға қарағанда біршама тар мағынадағы ұғым түрінде түсіндіріледі. Әдіс – тарихи заңдылықтарды оның нақты көріністері тарихи фактілер, фактілерден жаңа білімді шығару жолдарын оқыш-үйренудің тәсілі /5/. Әдістерді ұтымды пайдалану ғылымның даму

деңгейіне, зерттеушінің біліктілігіне, оның әлеуметтік позициясына, қалыптасқан дәстүр және т.б. факторларға байланысты болады. Тарихнамада тарихи салыстырулардың маңызы зор, себебі олар тарихилыққа негізделген әмбебап әлеуметтердің басын қосып, тарих ғылымының болашағын болжауға жағдай жасайды.

Тарихнама ғылымының тарихнамалық зерттеулерде қолданылатын көптеген әдістері бар. Ең маңызды өрі қажетті әдістер болып мыналар саналады: салыстырмалы – тарихи, хронологиялық, логикалық талдау, проблемалық-хронологиялық, мерзімдемелік, ретроспективті, өзектілік, статистикалық, әлеуметтанулық зерттеулер, жүйелік-құрылымдық, синхроникалық, жүйелік бағыт, талдау, синтездеу және т.б. Көрсетілген әдістердің кейбіреулеріне тоқталып, сипаттама берейік.

Салыстырмалы – тарихи әдіс – тарих ғылымында жинақталған терең білімді айқын көрсетуге, ғылымның дамуы заңдылықтарын анықтауға, пікір өрісінің тарлығынан босауға, тарих ғылымын ары қарай дамытуға жағдай жасайтын тарихнамадағы қолайлы әдістердің бірі. Салыстырмалы – тарихи әдіс тарихнамада нақты талдауды жоққа шығармайды, керісінше оны қолдануды қажет етеді /6/. Нақты талдауға теориялық және нақты – тарихи мәселелерді бір-бірімен өзара байланыста зерттеуде ғана қол жеткізуге болады. Нақтылық ғылым дамуындағы белгілі бір оқиғалардың себептерін, қарастырылатын мәселелердің кеңдігін, бұрын-соңды ашылмаған жаңа тақырыптардың пайда болуын, соны идеялар, қорытындылар, пікірлер қалыптастырудың, т.б. шарттарын іздеп табуды білдіреді.

Мерзімдемелік (хронологиялық) әдіс тарихнамалық фактілерді олардың өзара байланысы процесіндегі позиция тұрғысында жекелеген этаптар мен кезеңдер тарихнамалық білімді жинақтаудың және тереңдетудің объективті заңдылықтарын айқындау мақсатында теңестіріліп зерттеуге жағдай жасайды /7/. Мұның өзінен мерзімдемелік баяндаудың тарихнама үшін басты маңызы көрінеді. Зерттеудің мерзімдемелік әдісі кейде тарихнамалық талдау жасауға қолайсыз болады. Мұндай жағдайда тарихнамашы мерзімдемелік әдістің бір түрі болып табылатын **проблемалық-мерзімдемелік (проблемно-хронологический) әдісті** ұстанады/8/. Проблемалық-мерзімдемелік әдіс ауқымды кең тақырыпты бірнеше ықшам проблемаларға бөлу арқылы зерттеуде ұтымды. Әрбір шағын мәселе тарихнамалық фактілерді бірінен соң бірін мерзімдемелік кезекте қою арқылы қарастырылады.

Қазіргі кезеңдегі республикадағы тарихшы-зерттеушілер көбіне осы әдісті пайдаланады. Бұл бір жағынан мәселенің әртүрлі кезеңдерде қойылымын көрсетсе, екінші жағынан тақырыпты терең зерттеуге ықпал етеді.

Тарихнама үшін ғылымды дамытуда ретроспективті талдау айтарлықтай маңызға ие болады. Ретроспективті әдістің мәні - зерттеушінің ой-пікірлер қозғалысы процесінің қазіргі кезеңнен өткенге қарай жүруін зерттеу. Қазіргі кезде сақталған көне тарихтың элементтерін оқып-үйрену, солардың негізінде тарихтағы оқиғалар мен құбылыстарды реконструкциялау/9/. Осы ретроспективті әдістің көмегімен тарихи зерттеулердегі ой-тұжырымдарды келешек тарихи тәжірибемен байланыстыра отырып, сараптап тексеруге болады. Айта кетерлік жайт, тарихнамадағы ретроспекция қазіргі кезеңдегі білімді оның өткен уақыттардағы жағдайын оқып-үйренуге пайдалануда елеулі нәтижелерге қол жеткізеді. Мұнда тарихты біртұтас заңды процесс ретіндегі ұғымға жетелейтін адамзат жинақтаған тәжірибе үлкен роль атқарады.

Тарихшы, сондай-ақ тарихнамашы үшін ең маңызды болып мерзімдемелік (периодизация) әдіс саналады. Мерзімдемелік әдіс тарихи процесті әлеуметтік-экономикалық қатынастарының деңгейі, белгілі бір тарихи заңдылықтардың өзіндік белгілері, үрдістері, ерекшеліктері қарай бірін-бірі қайталамайтын, бір-біріне ұқсамайтын дәуірлерге, кезеңдерге, этаптарға бөлуден тұрады. Этаптар мен кезеңдерге бөлу әрбір жаңа “тарихнамалық уақыт” бөлігіндегі ғылыми ойдың дамуының шешуші бағыттарын, олардың орнын басатын тарихнамалық жәдігердің ішіндегі жаңа құбылыстарын айқындау үшін жаслады/10/. Бір айта кетерлік жайт, мерзімдемелік әдісті пайдалану, оның ғылымилығы ең алдымен мерзімдерге бөлу өлшемдерін (критерийлерін) таңдап алуға байланысты. Тарих ғылымында тәрізді тарихнамада мұндай өлшемдер ретінде мемлекеттің түрлері мен типтерін, орнатылған саяси режим, қоғамдағы қоғамдық-саяси қатынастар және олармен тығыз байланыстағы тарихи білім дамуының объективті және субъективті элементтері саналады. Белгілі бір мерзімдік шеңбер түріндегі мерзімдемелік әдісті пайдалану ғылыми тарихи білім қалыптасуы мен дамуы процесіне терең үңілуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар мерзімдемелік әдісті ұтымды ұстану тарихнамалық талдау мен сараптаудың сапасына да елеулі әсерін тигізеді.

Тарихнама ғылымында логикалық талдау әдісі айтарлықтай роль атқарады. Логикалық талдау және синтез ғылыми ойдың дамуын, сондай-ақ күрделі және санқырлы ойлау операциясын жүргізуді білдіреді/11/. Осылардың нәтижесінде тарихи ойдың және оның маңызды элементтері мен этаптарының мәні табылады. Сонымен қатар талдау мен синтездің заңды өзара өрекеті, олардың үйлесуі логикалық талдау әдісін тиімді пайдаланудың шарты болып табылады. Тарих ғылымында ор қырынан жинақталған білімнің негізінде ғылыми ойдың дамуының жалпы және біртұтас бейнесін

жасауға мүмкіндік беріп, оның ілгерілеуінің заңдылықтарын айқындайды.

Тарихнамада өзектілік әдісін пайдалану тиімді. Өзектілік әдісі ғылыми білім құндылығының қазіргі, сондай-ақ болашақ үшін, оның қоғамның идеологиялық және саяси өміріндегі ролін айқындау дегенді білдіреді /12/. Өзектілік тарих ғылымын болашақ дамуы үшін ғылыми болжамдар жасауға қолайлы әдіс. Осы әдіс арқылы ғылым дамуының басты үрдістерін, олардың өткен уақыттардан қазіргі кезеңге дейін өзгеруін айқындауға болады. Әдістің ұтымды тұстарының бірі сонда, ол тарихнамашылардың келешек қызметіне тарих сабақтарының негізінде тәжірибелік ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Тарихнама перспективтілік әдісін де пайдалануды қолдайды. Бұл әдісті ұстанудың қажеттілігі тарихтың ғылым ретіндегі мәнінен туындайды. Себебі тарих ғылымы өз бойында кешегі мен бүгінгіні сақтайды.

Статистикалық әдіс те тарихнамада кеңінен қолданылады. Статистикалық әдісті кітап және журнал жылнамалары, сондай-ақ мерзімді басылым материалдарын сараптауда пайдаланған тиімді. Сонымен жоғарыда көрсетілген тарихнамалық зерттеу әдістері ғылымда тәжірибе көрсеткендей көбірек пайдаланылады. Тарихнамашы-зерттеушілердің көпшілігі аталған әдістердің кейбіреулерін ұстанса, енді біреулері үш-төрт әдісті пайдаланумен шектеледі. Алайда ғылыми тәжірибеге сүйеніп айтатын болсақ, тарихнамалық әдістер неғұрлым барынша тиімді әрі орынды қолданылса, соғұрлым зерттеу ғылыми әрі нәтижелері құнды, тұжырымдары салмақты бола түседі. Сондықтан жас зерттеушілер тарихнамалық жұмыстың бастауында методологиялық әдістерді дұрыс таңдаулары тиіс. Методологиялық принциптер мен әдістер ғылыми талаптарға сәйкес дайындалған зерттеулерді нағыз тарихнамалық еңбектер деп бағалауға болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ БОДАНДЫҒЫНДА: ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Отандық тарих ғылымының тарихнама саласында Қазақстанның Ресейге қосылуы көкейкесті мәселелердің бірінен саналады. Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы мәселесінің тарихи зерттелуі қосылудың сипаты мен себептерін айқындауға қазақ мемлекеттігінің жойылуының, отарлаудың мәнін, салдарларын терең түсінуге жол ашады.

Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауының зерттелуін дерек көздеріңіз көрсету мүмкін емес. Мәселенің деректік негізі - болып ең алдымен XVIII ғасырдан бастап Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі құжаттар, материалдар, сондай-ақ ғылыми және тарихи зерттеулер табылады. Дәлірек айтатын болсақ, олар: патша өкіметінің және оның жергілікті басқару ұйымдарының есептері, баяндаулары, жарық көрген “Ресей империясының заңдарының толық жинағын”, “Ресей империясы заңдарының жинағын”, “Далалық облыстардағы қырғыздар туралы заңдар топтамасы” тағы сол сияқты құжаттар, мұрағат материалдары, революцияға дейінгі кезеңде жарияланған зерттеушілердің еңбектері.

Қазақстанның Ресейге қосылуы мәселесіне арналған ғылыми зерттеулердің мол мұрасы отандық тарих ғылымында өзіндік орын алған. Осыған орай қазақ жерлерінің империя бодандығын қабылдауының тарихнамасын 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады. 1-ші кезең - XVIII ғ. - XX ғ. бас кезі; 2 - кезең - кеңес дәуірі; 3 - кезең - тәуелсіз Қазақстан кезі. Мұндай 3 кезеңге бөлу - тарихнамалық талдауды терең әрі салыстырмалы түрде жүргізуге қолайлы.

Бірінші кезеңде И.И.Крафт, П.П.Румянцев, А.И.Левшин, П.И.Рычков, С.В.Жуковский, Л.Мейер, А.С.Алекторов, М.А.Терентьев, А.И.Макшеев тәрізді орыс зерттеушілерінің еңбектері жарық көрді /1/. Әйтсе де бұл авторлар кәсіпқой зерттеушілер емес еді. Олар негізінен қазақ жүздерімен шекаралас губернияларда патша ағзамға қызмет еткен, қазақ халқының өміріне сырттан көз жіберіп, зерттеп отырды. Олардың жариялаған очерктерін, естеліктерін, еңбектерін арнайы тарихи зерттеулер деп атау қиын. Дегенмен де ол еңбектердің Қазақстанның Ресейге қосылу мәселелерін зерттеуде өзіндік орны бар. Осындай еңбектердің арасында деректік негізге сүйеніп жазылған А.И.Левшиннің зерттеуін ерекше атап өткен жөн /2/.

Қазақстанның Ресейге қосылуы тарихнамасының орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі назар аударарлықтай себептерінің бірі - сыртқы саяси ахуал, билік үшін талас, руаралық күрес. Мәселен, И.И.Крафтың пікірі бойынша ішкі саяси жағдай қазақ хандығын әлсіретті /3/. П.И.Рычков Кіші жүз ханы Әбілхайырдың Ресей

бодандығын қабылдауын оның бейбіт өмірге ұмтылуын, империяның көмегімен жоңғарлардан қазақ жерлерін қайтаруы түрінде түсіндірді. А.И.Левшин Әбілхайыр ханның жеке басының мүддесі бодандықты қабылдаудың басты себебі болды деп жазды. “Әбілхайыр хан өзінің дұшпандары мен тайгаластарынан озып, өз билігін күшейткісі келді. Ал оның қоластындағы азып-тозған, жан-жағынан жаутершілік қауіптің қыспағында қалған халық кез-келген құрбандыққа даяр еді”/4/.

Орыс тарихнамасында Әбілхайыр хан жағымсыз жағынан сипатталған. Л.Мейер, М.Красовский, С.В.Жуковский еңбектерінде Әбілхайыр хан біржақты мансапқор, жайдақ, жалған пікірлерге бой ұрған, жеке басын күйіттеген, мәселенің байыбына терең бара алмайтын билеуші ретінде баса көрсетілген. Алайда мұндай пікірлермен келісу қиын. XVIII ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ даласында, соның ішінде Кіші жүзде орын алған тарихи-саяси ахуал, сондай-ақ Әбілхайыр ханның іс-әрекеті тың деректер арқылы шынайы бағасын алуға тиіс мәселелер екендігі даусыз. Біз ол жайында төменде айтатын боламыз.

Революцияға дейінгі орыс тарихнамасында мәселенің маңызды тұстарының бірі ретінде Қазақстанның Ресейге қосылу барысына айтарлықтай мән берілген.

Орыс зерттеушілерінің аталған мәселеге байланысты пікірлерін мына төмендегідей етіп тұжырымдап көрсетуге болады:

1. Кіші жүз ханы Әбілхайырдың өзіне қарасты старшиндері, халқымен Ресей бодандығын қабылдауы;
2. Кіші және Орта жүздердің өз еріктерімен антты қабылдаулары;
3. Қазақ жүздерінің Ресейге өтініш жасаудағы негізгі себептер ретінде сыртқы қауіп, ішкі және сыртқы саяси тұрақсыздық, Әбілхайыр ханның жеке басының жоспарының болуы;
4. Қазақстанның Ресейге нақты бағынуын XIX ғасырдың нақты кезеңіне жатқызды;
5. Ұлы жүздің империя құрамына енуі өз еркімен және өзге жүздердің тигізген әсері, үлгісі нәтижесі ретінде көрсетілуі;

Осы тұста айта кетерлік бір жайт, А.И.Макшеев, Н.И.Белявский, К.К.Абаза тәрізді зерттеушілер патша өкіметінің жаулап алу саясатын көрсеткен /5/.

Орыс тарихнамасын қазақ даласын өзіне бағындыруда империя қаруға сүйенуге тиіс деген пікірлер белең алды. Сонымен қатар Ресейдің көрші елдерді, соның ішінде қазақ жерлерін жаулап алуы жоғары деңгейдегі мәдениетті таратуымен қатар жүрді деген тұжырымдар да орын алған. Сонымен, тұжырымдап айтатын болсақ, революцияға дейінгі орыс тарихнамасында Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы тарихы объективті тұрғыда көріне алмады.

Зерттеушілердің көпшілігі мәселені патша өкіметінің мүддесінде, өз пайдалары тұрғысында пайымдады. Революцияға дейінгі кезеңде жарық көрген еңбектерде Қазақстанның Ресейге қосылуының жергілікті тұрғындар үшін прогрессивті маңызы болғандығы жайлы ой түйінделді.

Революцияға дейінгі орыс тарихнамасымен салыстырғанда қазақ даласының Ресейге қосылуы және отарлануы мәселелері ұлт зиялылары еңбектерінде айтарлықтай өзгеше түрде сипатталған. Қазақ зиялылары аталған мәселелерге үлкен мән беріп, бірқатар еңбектерін арнады. Зиялылар еңбектерін зерделей талдау нәтижелері олардың ой-пікірлерінің мына төмендегі бағыттарға тоғысқандығын дәлелдейді:

1. Жоңғар империясының жаулап алу саясатының Қазақстанның Ресейге қосылуының сыртқы факторының ең бастысы болды;
2. Кіші жүз ханы Әбілхайырдың ролі осы процесті бастауға әсерін тигізді;
3. Қазақ жүздерінің, билеушілерінің арасындағы ішкі алауыздықтың өршуі қазақ жерлерінің бодандықты қабылдауын тездетуге ықпал етті.


Мәселен, Ш.Құдайбердіұлы “Ресейге қосылуға қалмақпен шайқас ықпал етті” деп жазған /6/. Ә.Бөкейханов өзінің “Қырғыз өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдени жетістіктері” деген еңбегінде Әбілхайыр ханның Ресей қол астына кіруін былайша көрсеткен: “1730 жылы Кіші Орда ханы Әбілқайыр бір жағынан Галдан черен шапқыншылығынан, бір жағынан сұлтандар арасындағы тартыста шайқалған билігін күшейту үшін орыс үкіметіне өзінің халқын бодандыққа қабылдауы өтінішін жасады” /7/. Тарихшы - ағартушы Ғ.Мұсағалиев өз ойын былай тұжырымдаған: “Әбілхайыр хан халық пайдасы үстіне өзінің құмар болған дәреже, лауазымын Русь қол астына кіріп, сақтаумен үміт етті. Сол ниет, сол үмітімен ол Русь қол астына кіруді қуаттайды”. Осы мәселе тұрғысында тұжырымдап айтар болсақ, қазақ зиялылары қазақтың Ресейге бодан болуының басты себебі билеушілер арасындағы алауыздықтың орын алуы деп көрсетеді, Екінші жағынан қазақ зиялылары Қазақстанның Ресей құрамына енуінің прогрессивті тұстарын жоққа шығармайды. Дегенмен де ұлт зиялылары бодан болудың өзі империя отарына айналу екендігін ашып айтты.

Дәстүрлі қазақ дерек көзі – шежіреде даланың Ресей боданына айналуының себебі сұлтандар мен хандардың өз биліктерін сақтап, күшейтуінде екендігі айтылды. Халықтың тұрмыс-тіршілігінің нашарлауы Қазақстанның Ресейге қосылуының салдарынан туындаған құбылыс екендігі көрсетілген.

Қазақстанның Ресей құрамына енуі мәселесінің кеңес дәуірінде зерттелуі ХХ ғасырдың 20-жылдары мен 80-жылдарын қамтиды. Бұл кезеңде қазақ даласының Ресей бодандығын қабылдауы терең әрі ғылыми тұрғыда зерттелді.

Алғашқылардың бірі болып осы мәселеге қалам тартқандар С.Асфендияров, П.Г. Галузо болды /8/. Зерттеуші-ғалымдардың екеуі де Қазақстанның Ресей құрамына өз еркімен қосылуы сипатына қарсы шығып, Қазақстанның толығымен жаулап алынуы туралы тұжырымдама қалыптастырды. Әсіресе белгілі ғалым П.Г.Галузо ХІХ-ХХ ғасырлардағы орыс зерттеушілерінің еңбектеріне сыни баға беріп, олардың патша өкіметінің жаулап алу саясатын бүркемелеп, жасырын көрсеткендігін ашып айтты. П.Г.Галузо Ресей империясы саясатының Қазақстан, Орта Азия яғни мешеу қалған, жабайы, алауыздыққа толы елдері үшін прогрессивті еместігі туралы өділ тұжырым жасады. Шын мәнінде патшалық Ресейдің Қазақстанды өзіне бодан етудегі мақсаты оны отар елге айналдыру екендігін уақыт өзі дәлелдеп берді.

1930 жылдары ғылымда Қазақстанның Ресейге қосылуының салдарлары туралы үлкен дау, пікір-талас туды. Ғалымдардың көпшілігі Ресейдің Қазақстанға тигізген әсері тек қана жағымсыз деген пікір ұстанды. Осыған орай “абсолютті ыза” тұжырымдамасы қалыптасты. Алайда қалыптасып, нығайып келе жатқан тоталитарлық жүйе мұндай пікірмен келісе алмады. Кеңес үкіметінің арнайы құрылған комиссиясы мәселенің “анағұрлым аз ыза” жағын көрсетуді жоқ көрді, қаулы шығарды. Осы бағытта тарихшы-ғалым М.П.Вяткин Қазақстанның Ресейге қосылуын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. М.П.Вяткин еңбектерінің ерекшелігі сол-олар көптеген мұрағат құжаттарының негізінде жазылды. Кіші жүз ханының Ресейге өтініш жасау себептерінің бірін хан билігінің құлауы және сыртқы саяси қиындықтар деп санады. Өз пікірін автор былай дәйектеді: “... ордадағы қалыптасқан объективті жағдай Ресеймен жақындасуды қажеттендірді. Бұл мәселені Әбілхайыр хан старшиндермен бірге талқылады, хан старшиндердің Уфаға елшілік жіберуге, алайда бодандыққа қабылдау өтініші емес, патша үкіметімен одақ жасау үшін келісімін алды /9/. Әбілхайырдың мұндай әрекетке баруының себебін ғалым хан билігінің ішкі тұрақсыздығымен байланыстырды. Назар аударарлық бір жайт, М.П.Вяткин өз еркімен қосылу жайлы пікір айтқан зерттеушілермен келіспеді, жаулап алу тұжырымдамасына да қосылмады. Оған дәлел автордың мынадай сөздері: “... бодандықтың алғашқы кезеңінде жаулап алу болған жоқ. Жергілікті “ақ” және “қара” сүйектектілер патша үкіметімен халықтың ниетіне қарсы одақ құрды /10/. Дегенмен де ғалым қалай болғанда да, ~~патшалық~~ ~~құлауы~~ ~~өтініші~~ ~~емес~~ ~~патша~~ ~~үкіметімен~~ ~~одақ~~ ~~жасау~~ ~~үшін~~ ~~келісімін~~ ~~алды~~ /9/. ~~Әбілхайырдың~~ ~~мұндай~~ ~~әрекетке~~ ~~баруының~~ ~~себепін~~ ~~ғалым~~ ~~хан~~ ~~билігінің~~ ~~ішкі~~ ~~тұрақсыздығымен~~ ~~байланыстырды.~~ Назар аударарлық бір жайт, М.П.Вяткин өз еркімен қосылу жайлы пікір айтқан зерттеушілермен келіспеді, жаулап алу тұжырымдамасына да қосылмады. Оған дәлел автордың мынадай сөздері: “... бодандықтың алғашқы кезеңінде жаулап алу болған жоқ. Жергілікті “ақ” және “қара” сүйектектілер патша үкіметімен халықтың ниетіне қарсы одақ құрды /10/. Дегенмен де ғалым қалай болғанда да, ~~патшалық~~ ~~құлауы~~ ~~өтініші~~ ~~емес~~ ~~патша~~ ~~үкіметімен~~ ~~одақ~~ ~~жасау~~ ~~үшін~~ ~~келісімін~~ ~~алды~~ /9/. ~~Әбілхайырдың~~ ~~мұндай~~ ~~әрекетке~~ ~~баруының~~ ~~себепін~~ ~~ғалым~~ ~~хан~~ ~~билігінің~~ ~~ішкі~~ ~~тұрақсыздығымен~~ ~~байланыстырды.~~ баса көрсеткенін автордың пікірін



қолдай келе, шын мәнінде қазақ жүздерінің Ресей империясы құрамына кіру саяси одақ жасау емес отарлы тәуелді бодандықтың қамылғын кигіу екендігі дау тудырмасы керек. Осындай шынай, объективті көзқарас танытқан М.Әбдіхалықов пен А.Панкратованың редакциясымен жарық көрген еңбекте айқын көрінді /11/. Бұл туынды сталинизмнің біршама өлсіреп тұрған соғыс жылдарында жарияланғанына қарамастан тарихилық, шынайылық принциптеріне негізделіп жазылды. Сондықтан да көп ұзамай ондағы көптеген тұжырымдар сынға алынды. Тіпті еңбектегі “көптеген қателер мен жаңсақ пікірлерді жөндеу” қажеттілігі айтылды. Осыған орай еңбек пайдаланудан алынып тасталып, оның орнына түзетілген, толықтырылған басылымы жарыққа шығуға тиіс болды. Осындай жағдайда белгілі қазақ тарихшысы, ғалым Ермұқан Бекмахановтың монографиясы дүниеге келді /12/. Төл туындыда Қазақстанның Ресейге қосылуы мәселесіне айтарлықтай назар аударылған. Айта кетерлік бір жайт, ғалымның алғашқы еңбегі оның “Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы” атты салмақты да салмақты туындысынан атауынан көрініп тұрғандай, біршама өзгеше болып, қосылудың салдарлары көрсетілді. Бодандықты қабылдауға байланысты автор “Ұзақ жылдар бойы патшалық Ресейге немесе орғазиялық хандықтарға бағынудың тайталасында тұрған қазақ халқы алғашқы жолды таңдады” деп өз пікірін түйіндеді /13/. Кіші және Орта жүздердің империя құрамына енуін ғалым: “Қазақстанның патшалық Ресейге тәуелділігінің басталуы XVIII ғасырдың 30-жылдарына жатады, алайда патша өкіметі қазақ жерлерін өзіне XIX ғ. бірінші жартысында түбегейлі бағындыра алды” деп қана жазды /14/. Ал Ұлы жүздің Ресей құрамына кіруін қазақтардың орыстармен жақындасуы салдары деп санады. Осы пікірін былайша дәйектеді: “Империяның құрамына кіру қазақтарды анағұрлым жоғары қоғамдық, шаруашылық және әлеуметтік құрылыммен жақындастырды”/15/. Осылайша Е.Бекмаханов монографиясы сол кезеңде қалыптасып келе жатқан қосылудың прогрессивтілігі мен салдарларының біршама жеңілдігі тұжырымдамасы аясында қарастырылды. Соған қарамастан ғалымның толтуындысы ауыр сынға ұшырады. Сөйтіп тарих ғылымында ширек ғасыр өмір сүрген, оның орнына коммунистік идеология талаптарына сәйкес өз еркімен қосылу және оның прогрессивті салдарларын сипаттайтын теория орнықты. Осы бағытта Н.Г.Аполлова, И.Омаров, А.Панкратова, Т.Ж.Шойынбаев, В.А.Моисеева, Б.А.Толепбаев, Н.Е.Бекмаханова т.с.с. еңбектері жазылып, жарияланды. Аталған зерттеушілердің арасында таптық, партиялық принциптер негізінде жазылған Н.Г.Аполлованың монографиясы кеңестік дәуірде айтарлықтай маңызға ие болды /16/.

Еңбектің ұтымды тұсы, онда көптеген құжаттар, мұрағат материалдары талданып берілген. Әсіресе деректік маңызы айтарлықтай XVIII ғасырдың 30-жылдарындағы құжаттар, соның ішінде Тевкелев “Журналы” ғылыми айналымға ендірілген. Әйтсе де деректердің негізінде түйінделген тұжырымдар шынайы тарихи процестерге сәйкес келмейді.

А.Панкратова М.Әбдіхалықовамен бірлесіп жазған еңбегіндегі “олқылықтар мен қателерді түзету” мақсатында И.Омаровпен қосылып жариялаған зерттеуінде Әбілхайыр ханның әрекетін халықтың пікірін ескермей жасалған “бодандыққа қабылдау отініші” түрінде сипаттады /17/. Осылайша өз еркімен қосылу тұжырымдамасы ғылымда берік орныға бастады. Оған 1952 жылы жарияланған “Қазақ ССР тарихының” келесі басылымындағы “Ресей мен Қазақстан арасындағы күшейіп келесі басылымындағы Ресей мен Қазақстан арасындағы күшейіп келе жатқан экономикалық және саяси байланыстар халықтың Ресейге тартылуы қазақ даласының империяға өз еркімен қосылуына жағдай жасады” деген тұжырым дәлел бола алады. 1957, 1964, 1981 жылдарда жарық көрген “Қазақ ССР тарихы” басылымдарында осы тұрғыдағы тұжырымдар орын алды /18/.

Қосылудың прогрессивті маңызы тек Қазақстанға ғана емес барлық ортазиялық республикаларға тән құбылыс болғандығын зерттеушілер біржақты қолдады. Қазақстан мен Орта Азия ғалымдары “жергілікті рыноктардың жалпы ресейлікке тартылуы, капиталистік қатынастардың туындауы, тауар айналымы қалыптасуы, өнеркәсіптің пайда болуы, аймақтардың томаға - тұйықтығының жойылуы, буржуазиялық ұлттардың құрылуы” өз еркімен қосылудың ұтымды тұстары екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеуге атсалысты /19/. Осылайша 1951 жылы тарихшы М.В.Нечкина ұсынған өз еркімен қосылу тұжырымы ғылымда жан-жақты қолдау тапты.

“Кемелденген социализм” кезеңінде Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы тұжырымдамасы шарықтау шегіне жетті. 1982 жылы Қазақстанның Ресейге “өз еркімен қосылуының” 250 жылдығын сытанатпен аталып, республикада үлкен мереке өткізілді. Тарихшы ғалымдар В.Я.Басин, Н.Е.Бекмаханова, Х.Тұрсынов, Н.И.Мухитанов, З.Ш.Раджапов, В.А.Моисеева және тағы басқалардың жеке, ұжымдық еңбектерінде бірауыздан қазақ жүздерінің бірден-бір мықты мемлекет – патшалық Ресейдің құрамына өз еркімен кіруі қажеттілігі жайында жалғыз шешім қабылданғандығы жазылды /20/. Мұның өзін өбден орныққан авторитарлық жүйенің қоғамның барлық саласына араласуы, өзінің діттеген жерінен шығуы деп түсінген жөн.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін тарих ғылымында да өзгерістер жасалды. Бұрын ғылымда біршама күдік

тудырып келген мәселелер қайта зерттеліп, зерделене бастады. Мәселені тарихнамалық тұрғыда талдаған зерттеулер де дүниеге келді /21/. Дегенмен, Қазақстанның Ресей империясы құрамына енуін негізінен тарихи оқиғалар мен процесстер ауқымында зерттеу құбылысы ғылымнан көрініс тапты. Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы объективті, шынайы түрде, тарихи оқиғалардың сабақтастығы тұрғысында талданды. Тарихшылар қазақ хандарының Ресей патшайымына жасаған өтінішінің себептерін, бодандықты қабылдау процессін, оның салдарларын жаңа зерттеу методологиясы негізінде таразылады. Әйтсе де тарихшылар бірінғай ортақ пікірге келе алмады. Тарих ғылымында қазақ жерлерінің Ресейге қосылуы мәселесінде бірнеше көзқарастар байқалды. Оларды мына төмендегідей етіп, талдап көрсетуге болады:

1. Кіші және орта жүздердің Ресейге өз еркімен өтініш жасауы, Қазақстанның қалған жерлерінің әскери күштің көмегімен империяға қосылуы. Мұндай пікірді Ж.Қасымбаев, Б.Б.Ермұханов тәрзді ғалым-тарихшылар ұстанды /22/.
2. Қазақстанның Ресей империясына өз еркімен енуі сипатының толығымен жоққа шығарылуы, “қосылу” сөзінің сынға алынып, “жаулап алу”, “басып алу”, “бодандықты қабылдау” тәрізді мән беретіні, қазақ даласының империяға күштеп ендірілгендігі, отарлау саясатының жүргізілуі. Осы турасында М.Қозыбаев, М.Ж.Әбдіров, М.Мырзахметов, тағы басқа ғалымдар мен зерттеушілер ой-пікірлер танытып, жаңа көзқарастар қалыптастырды /23/.

Осыған орай айта кетерлік бір жайт, қазақстандық тарихшылардың көпшілігі осы бағытты қолдайды. Сондықтан қазіргі кезеңде ғылымда Қазақстанның Ресей империясы құрамына кіруін жаулап алу, бодандықты қабылдау, отар өлкеге айналу тәрізді ұғымдармен айқындайтын тұжырым орнығып келеді. Мұндай бағытты Орта Азия тәуелсіз мемлекеттерінің тарихшы-зерттеушілері де ұстанып отыр. Ресей ғалымдарының бұл мәселеге қатысты көзқарастарында тарихи жағдайды ескеруге байланысты өзгерістер жасалуда. Қазақстан мен Орта Азияның Ресей құрамына енуі сипатын айқындауға шетелдік зерттеушілер айтарлықтай қызығушылық танытқан. Шетелдік авторлар әрқашан патшалық империяға кірудің ерікті және прогрессивті сипатын жоққа шығарумен болды. “Русское завоевание Средней Азии: трансформация и аккультурация”, “Интерпретация завоевания царской Россией Средней Азии и Кавказ”, “Среднеазиатская экспансия России в свете новейшей советской интерпретации истории” тағы сол сияқты еңбектерінің атауларынан-ақ көрініп

тұрғандай шетелдік ғалымдардың көпшілігі Түркістанның Ресей империясына қосылуының әскери сипатын баса көрсетті /24/.

Сонымен Қазақстанның Ресейге қосылуы мәселесінің негізінен зерттелгендігіне көз жеткізуге болады. Қазақ даласының империя боданына айналуы әртүрлі кезеңдерде, саяси жүйелер жағдайында, қалыптасқан идеологиялар шеңберінде зерттеліп, бір қатар іргелі де сүбелі еңбектер, ғылыми мақалалар жазылып, жарияланды. Зерттеушілер өздерінің өмір сүрген қоғам талаптарына сәйкес ой түйіндеп, тұжырымдар жасады. Дегенмен де мәселенің әлі де болса зерттелуге тиіс тұстарының бар екендігі тарихнамалық талдау барысында айқын болды. Осы тұрғыда айтатын болсақ, жас зерттеуші-тарихшылар Кіші жүз ханы Әбілхайырдың Ресейге одақ болуға ұсыныс жасауының объективті себептері, ұстанған саясаты, бодандықты қабылдағаннан кейінгі билеушінің көзқарастарының өңгеруі соны деректер негізінде сараптаса әлі де болса ғылымда күмән тудыратын мәселелердің беті ашылған болар еді. Сонымен қатар XVIII ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының көршілес елдермен қарым-қатынастары, Қазақстанның одақ ел ретінде Ресейді таңдауының себептері де айқындалуы тиіс. Отандық тарих ғылымы үшін негізгі Ресейдің Қазақстанға қатысты саясаты әлі де өз шешімін таба алмай отырған мәселелердің біріне саналады.

Отандық тарих ғылымында Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуіне байланысты көшпелі мал шаруашылығының өңгеріске ұшырап, халықтың тұрмыс-тіршілігінің нашарлап, тығырыққа тірелуін зерттеушілер бір жақты орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуымен байланыстырады. Алайда мәселенің негізгі қазақ даласының империяның боданына айналуында екендігі дәлел тудырмайды. Осыған орай Ресейдің Қазақстанға тигізген ықпалы объективті түрде қарастырылуы қажет.

3. Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандырудың және жер мәселесінің зерттелуі

Ресей империясының отарлау саясатының күшеюіне байланысты қазақ жерлеріне қарашекпенділердің жылдам қарқынмен қоныс аударуы, оның мәні мен мақсаты ХІХ-ғасырдың соңынан бастап зиялы қауым өкілдерін, зерттеушілер назарын өзіне аударды. Ресейлік буржуазиялық және демократиялық тарихнамасында қоныстандыруға айтарлықтай көңіл бөлінді. Алайда ол ХХ-ғасырдың бас кезінде өмір сүрген ұлыдержавалық шовинизм шеңберінен шыға алмады.

Патша үкіметінің қоныстандыру саясатына, соның салдарынан туындаған жер мәселесі ХХ-ғасырдың басындағы қазақ қоғамының күрделі өрі шешімін табуға ұмтылған даулы мәселесіне айналды. Осыған орай “Қазақ” газеті мен “Айқап” журналының беттерінде түрлі ой-пікірлер, көзқарастар білдірген еңбектер жарияланды.

Қазақстанның тарих ғылымында кеңестік дәуірде патша үкіметінің қоныстандыру саясатын арнайы зерттеген бірқатар еңбектер жазылып, жарияланды. Әйтсе де аталмыш мәселе тарихнамасы маркстік-лениндік методология негізінде қарастырылып, коммунистік идеологияның қыспағында қалды.

Сондықтан шынайы, кең ауқымды тарихнаманы қалыптастыру мүмкін болмады. Соңғы жылдары қоныс аудару тарихының өзекті мәселелерін жаңа тарихи таным мен методология тұрғысынан саралауда көптеген зерттеулер жарияланды. Олар бұрмаланған оқиғалардың ақиқатын анықтап, тарихи шындықты қалпына келтіруде аса маңызды роль атқарды. Қоныстандыру мен жер мәселесі кеңестік дәуір мен тәуелсіз Қазақстан кезеңінде жан-жақты зерттелгенімен қазақстандық тарих ғылымында мәселені тарихнамалық тұрғыда қарастыратын еңбектер жоқтың қасы. Тек П.Г. Галузоның “Очерк советской историографии аграрных отношений в Казахстане в период капитализма” атты еңбегін атауға болады. Онда негізінен патша өкіметі әскери-феодалдық империализм ретінде қарастырылып, шаруа-келімсектердің жаңа өлке - Қазақстанда феодалдық қанаудың объектісіне айналғандығын көрсетеді. Тарихнамалық зерттеу болғандықтан революцияға дейінгі ресейлік тарихи еңбектер талданып, оларға баға беріледі. Сонымен қатар әскери-феодалдық империализм мәселесінің Б.Сүлейменов, Е.Бекмаханов, Ә. Тұрсынбаев т.б. еңбектерінде көріну деңгейін ашады /1/. Еңбектің біз қарастырып отырған мәселе үшін маңызы ерекше. Алайда П.Г. Галузо аталған еңбегінде қоныстандыру мәселесінің кезеңдерін көрсетпейді. Әйтсе

де талдау жасалынып отырған проблеманың кезеңдері бойынша қазақстандық ғылымда пікір айтқан зерттеушілер жоқ емес. Алайда патша үкіметінің қоныстандыру саясаты тарихын кезеңдерге бөлуде әрбір тарихшының өзіндік пікірінің бар екендігін айтуымыз керек.

Ең алдымен бұл мәселеге пікір айтқан 1937 жылы жазықсыз жазаның құрбаны болған қазақ халқының көрнекті ғалымы Телжан Шонанұлы сонау 1920 жылдары назар аударған. Т.Шонанұлы өзінің 1923 жылы жазылып, 1926 жылы “Қазақ жер мәселесі тарихы” деген атпен Ташкент қаласында жарық көрген еңбегінде тұңғыш рет отарлау, қоныстандыру тарихының кезеңдерін ашып көрсетеді. Ғалым өз ой-пікірін ашық жаза отырып былай дейді: “Қазақ орыстың қол астына 1732 жылдан бері қарай кіре бастаған. Сол жылдардан бастап-ақ патшашыл үкімет қазақ жерін отарға айналдыру, қазақ даласын талау тарихын екі дәуірге бөлуге тура келеді: 1) орысқа бағынғаннан бастап ХІХ-ғасырдың 80-жылдарының басына дейін. Бұл атты қазақтардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі; 2) 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі”/2/.

Мұнан кейін қоныстандыру саясатының кезеңдері Қазақстандағы тарих ғылымының негізін қалаушылардың бірі С.Ж. Асфендияровтың “Қазақстан тарихында” көрсетілді. Патша үкіметінің қоныстандыру саясатын жан-жақты зерттей келе, ғалым оны мынадай үш кезеңге бөледі: 1) әскери отарлау кезеңі; 2) қара шаруаны отарлау кезеңі; 3) 1905 жылғы революциядан кейінгі переселен саясаты/3/. Автор өз пікірін мынадай ой-тұжырыммен түйіндейді: “... Ресейде капитализм өркендеген сайын өкімет қоныстану саясатын күшейте бастады. 1891 жылы Еділ өлкесінде болған ашаршылық және терістік Қазақстанның жерін басып өтетін Сібір темір жолының салынуы патша өкіметінің қоныстану саясатын күшейте жүргізуіне үлкен жағдай туғызды /4/. Үшінші кезеңнің 1905-07 жылдардағы революциядан кейін басталатынын: “Қазақстанға қоныс аударушылардың келуі, әсіресе 1905 жылғы революциядан кейін күшейді. Патша өкіметі қара шаруаны сыртқа көбірек жіберіп, орталық Ресейдегі жер дағдарысынан құтылмақ болды”, - деп, дәлелдейді /5/. Сөйтіп, С.Асфендияров өз ой-пікірін патшалық Ресейдегі ірі саяси-экономикалық проблемалармен тығыз байланыста көрсете отырып, қоныс аудару процесінің анағұрлым күшейген уақыттарына баса назар аударады. Автордың көрсеткен әсіресе екінші, үшінші кезеңдері қоныстандыру саясаты тарихының түбегейлі мәселелерін ашуға көмектеседі. Сондай-ақ патшалық тарихнамада Қазақстанға ресейлік шаруаларды

қоныстандырудың кезеңдерін анықтап, нақтыландыруға септігін тигізеді.

Кеңес дәуірі кезінде қоныстандыру мәселесі қазақстандық тарихшылар назарында болғаны белгілі. Бірқатар тарихи мәнді зерттеулер жарық көрген. Солардың бірі Ә.Б. Тұрсынбаевтың еңбегі /6/. Тарихшы - ғалым өз монографиясында қоныстандыру саясатының кезеңдерін бір жерде жинақтап көрсетпесе де, оның мақсатын, сипатын, себептерін, жүруін шартты түрде кезеңдерге бөлу арқылы көрсетеді. Мәселен, автор осы тұрғыда еңбегінің бірнеше бөлімдерін атай отырып, оларды былайша пайымдайды: 1) Сібір темір жолын салуға дейінгі Қазақстанға қоныс аудару қозғалысы; 2) Сібір темір жолы комитетін құрғаннан кейінгі қоныстандыру қозғалысы; 3) Столыпиндік реакция кезеңіндегі қоныстандыру қозғалысы /7/. Ә.Тұрсынбаевтың осындай пікірі кеңестік дәуірдегі Қазақстан тарихында қалыптасқан кезеңдердің негізін құрайды.

Ресейдің отарлық жүйесіне толық бағындырылған Қазақстанға орыс шаруаларының қоныс аудару тарихы өкімшіл-әміршіл билік кезеңіндегі тарих ғылымында негізінен үш кезеңге бөлініп зерттелген. Қазақстандық зерттеушілер қарашекпенділердің қазақ даласына қоныс аударуының басталуын нақты жылдармен белгілемесе де оның ХІХ-ғасырдың аяғында қарқынды түрде жүргізіліп, ХХ-ғасырдың бас кезінде “заңды құбылысқа” айналғандығын баса көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде кеңестік қазақстандық тарих ғылымына өзіндік үлес қосқан Ә.Тұрсынбаевтың пікірі айтылған ойға дәлел болады.

Патшалық Ресейдің қазақ жерлерін отарлауы, қарашекпенділердің қоныс аударуы, ХІХ-ғасырдың екінші жартысы ХХ-ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы аграрлық қатынастар мәселелерін егжей-тегжейлі зерттеп, бірқатар еңбектер жарияланған тарихшы-ғалым – П.Г.Галузо қоныстандыру саясатындағы 2 этапты белгілейді: 1-этап – ХІХ-ғасыр, шаруалар қоныстандырылуының стратегиялық және әскери-саяси мақсаттарда жүргізілуі; 2-этап – ХІХ-ғасыр – Ресейдегі шаруалар бас көтерулерінің өсуімен байланысты/8/. П.Г.Галузо өз кезеңдерін қоныстандыру саясатының мақсаты мен себептеріне қарай бөледі. Бұл жерден автор пікірінің қайталанбас ерекшеліктеріне көз жеткізуге болады.

1990 жылдары Қазақстан тарихының кейбір кезеңдерін мұқият зерттеп, қалыптасқан танымды өзгертіп, қайта қарау заңды құбылысқа айналды. Себебі республиканың егемендік алуына байланысты тарихи оқиғаларды, соның ішінде патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлауы мәселелерін жаңа тарихи таным бағытында шынайы, тың деректер негізінде қайта зерттеп, зерделеу мүмкіндігі

туды. Осы бағытта жазылған бірқатар зерттеулердің ішінде өзіндік көзқарасы бар Р.М. Таштемханованың кандидаттық диссертациясында қоныстандыру мәселесі Семей облысының мысалында қарастырылады. Автор өз еңбегінде қоныстандыру саясатына “үкіметтік шаруалық отарлауы” деп айдар таға отырып, оны үш үлкен кезеңге бөлуге болады деп жазады: “1) 1871-1895 жылдар. Бұл патша үкіметінің қоныстандыруға қайсыбір деңгейдегі негативтік қатынастар уақыты; 2) 1895-1905 жылдар. Шаруалар қозғалысының өсуіне және еркін шаруалар қоныстануына байланысты, сондай-ақ патша үкіметінің қоныстануға тиым салу саясатынан оны марапаттау мен ресми қолдау саясатына өтуге мәжбүр болуы; 3) 1906-1917 жылдар – патша үкіметінің 1905-07-жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңілуінен кейін шиеленіскен аграрлық қайшылықтарды қалайда шешуге тырысумен және шаруаларды еуропалық Ресейден шет аймақтарға жаппай жер аудару, столыпиндік жер реформасын іс-жүзіне асырумен сипатталады”/9/. Алайда автор мұндай кезеңдерге бөлуді шартты түрдегі бөлу екендігін ескертеді. Автордың қоныстандыруды кезеңдерге бөлуде сол кездегі Семей облысының саяси-экономикалық ерекшеліктерін ескергендігі байқалады. Р.М. Таштемханованың пікірі – жоғарыда көрсетілген Ә.Тұрсынбаев кезеңдеріне жақын. Тек Р.М.Таштемханова пікірінің ерекшелігі сол, автор кезеңдерді нақты жылдармен шектейді. Осылайша аталған зерттеушілердің барлығының да анықтаған кезеңдері бір-біріне ұқсас, әрі пікірлері шындыққа жақын. Себебі орыс шаруаларының қазақ даласына қоныс аударуы Ресейдегі 1861 жылғы басыбайлық құқықты жою реформасынан басталып, XIX. 90-жылдары үкімет тарапынан қолдау тауып, 1905-07-жылдардағы революциядан кейін жаппай саяси-әлеуметтік сипат алды.

Ізденуші Р.М.Таштемханованың пікіріне мүлде ұқсамайтын кезеңдерді Ғ.Меңілбаев өз кандидаттық диссертациясында көрсетеді. Ғ.Меңілбаев “қоныс аударуды шамамен төрт кезеңге бөліп қарастыруға болатын секілді” дейді /10/. Сөйтіп автор мынадай кезеңдерді ашып көрсетеді: 1-ші кезең (1867-1897ж.ж.). 2-ші кезең (1897-1905ж.ж.). 3-ші кезеңді автор 1906-11 жылдармен шектейді. 4-ші кезеңді Ғ.Меңілбаев 1910 жылғы 10 желтоқсаннан бастап 1917 жылмен аяқтайды/11/. Ғ.Меңілбаевтің анықтаған кезеңдерін аталған тарихшылар пікіріне балама көзқарас ретінде қолдануға да болады. Әйтсе де біздің пікірімізше тарихи оқиғалар мен процестерді кезеңдерге бөлуде ғылымда ортақ пікірдің қалыптасуы тарихты зерттеу мен оқып-үйренуге қолайлы.

Осылайша патша үкіметінің Қазақстандағы қоныстандыру саясаты тарихын кезеңдерге бөлуде ортақ пікірдің жоқтығына көз

жеткіздік. Қазақстандық тарихнамала ортақ пікірдің болмауында өзіндік себептер де жоқ емес: біріншіден, қоныстандыру соңғы уақыттарға дейін патша өкіметінің отарлау саясатының астарында қалып келді. Сондықтан оны кезеңдерге бөлу көбінесе отарлау саясатының кезеңдерімен тығыз байланыста көрсетілді. Бірқатар тарихшы-ғалымдар қоныстандыруды кезеңдерге бөлуді қажет деп санамады. Осыған орай көбінесе тек отарлаудың кезеңдері ғана ашып көрсетілді. Екіншіден, тарихтың көптеген мәселелерін қайта карауда қоныстандыруға үлкен мән беріліп, оның барлық қырларын зерттеу барысында өзіне тән кезеңдері ашып көрсетілуде. Тағы бір ескеретін жайт, зерттеушілер қоныстандыруды Қазақстанның әртүрлі аймақтары мысалында зерттегендіктен кезеңдері де түрлі болып көрсетілуде. Себебі орыс шаруаларының Қазақстан территориясына көшіп келу уақытында айырмашылықтары болғандығы белгілі. Мәселен, ең алдымен келімсектер Ақмола облысына, одан кейін Жетісу, Семей, Торғай-Орал, Сырдария жерлеріне жаппай орналаса бастаған.

Жоғарыда аталған ғалым-тарихшылардың қоныстандыру саясатына байланысты еңбектерін бағалайтынмызды, алайда көрсеткен кезеңдерімен келісе алмайтындығымызды айтамыз. Себебі тарихшы-зерттеушілердің барлығы қоныс аудару кезеңдерін негізінен 1870-жылдардың бас кезінен бастап, 1917 жылмен аяқтайды. Оның үстіне С.Асфендияров, Ә.Тұрсынбаев, Р.Таштеханова оның 3 кезеңін көрсетсе, П.Г.Галузо екі этапқа, Ғ.Меңілібаев 4 кезеңге бөледі. Сонымен бірге Қазақстанның жекелеген аймақтарындағы қоныс аударуды зерттеуге және оның әлеуметтік-саяси сипаты мен мәнін, қозғалыстың күшеюін анықтауға байланысты пікір алшақтығы орын алған. Сондықтан Қазақстан тарихындағы патшалық Ресейдің қазақ жерлеріне орыстардың қоныс аударуын 3 кезеңге бөліп, оны төменгідей көрсетуге болады деп есептейміз. 1-кезең – 1861-1890- жылдар – Ресей шаруаларының еркін түрде қазақ даласына көшіп келе бастауы; 2-кезең – 1891-1905 жылдар – қоныстандырудың “заңды” түрде жүруі; 3-кезең – 1906-1917 – жылдар - қоныстандырудың бұрын – соңды болмаған деңгейде күшеюі. Қоныстандыру тарихының 1861 жылдан басталатын себебі, шын мәнінде ең алғашқы Ресей шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы империядағы 1861 жылғы 19 ақпандағы басыбайлық құқықты жоюға байланысты реформаға орай жүргені белгілі. Біз қарастырып отырған проблемалармен айналысқан зерттеуші-ғалымдардың өздері, мәселен, П.Г. Галузо, Ә.Тұрсынбаев, Б.Сүлейменов, М.Қойгельдиев, т.б. Ресей шаруаларының еркін түрде қазақ далаларына көшіп келе бастағанын көрсетеді. Патша өкіметі өз елінде дворян-помещик-

тердің мүддесін қорғай отырып, жер мәселесін солардың пайдасына шешуге тырысты. Осыған орай жерді сатып алуға мүмкіндігі жоқ немесе жері аз шаруалар өз беттерімен қазақ сахарасына көшіп келе бастады. Алғашқыда патша өкіметі мұндай қозғалысқа көңіл аударып, шара қолдануға ұмтылғанымен, шаруалардың Ресейден басқа жерлерге қоныс аударуын іштей құптады. Шаруалардың ішкі Ресейден еркін түрде қоныс аударуы 1891 жылғы “Дала Ережесі” бойынша патша өкіметінің қазақ даласын империяның мемлекеттік меншігі деп жариялағаннан ендігі жерде заңды түрде жүре бастады. Тіпті қоныс аударушылар мемлекет тарапынан қолдауға ие болып, оларға материалдық көмек көрсетілді. 1896 жылы Ішкі Істер Министрлігі жанынан Қоныс аудару басқармасы ашылды. Қазақ өлкесі қоныс аударатын бес ауданға: Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу бөлініп, аудандық қоныстандыру мекемелері ашылды. Осы кезеңде қоныстандыру қарқынды түрде жүрді.

1905-07 жылдардағы бірінші орыс революциясынан кейін Ресейде аграрлық мәселені шешу мақсатында елде орын алған жер дағдарысынан шығу үшін патша өкіметі қара шаруаларды шет аймақтарға көбірек жібере бастады. Столыпин жер мәселесін қазақ жерін тонау арқылы шешпек болды. Қоныстандыру аса үлкен норменділіктен жүргізіліп, қазақ жерлері ашықтан-ашық тонала бастады. Осындай саясаттың нәтижесінде қазан төңкерісі қарсаңында қазақ жерлеріне келіп орын тепкен келімсектердің саны 1 млн-нан асып түсті. Олар негізінен түгін тартса майы шығатын, тошырағы құнарлы 45 млн. десятинадан астам жерлерді иемденді.

Ал егер қоныстандыру саясаты қазан төңкерісінен кейін де жалғасып, кеңес өкіметі кезінде күшеі түскендігін ескерек, онда оның 4-кезеңін атауға болады. Ол – 1917-29-жылдар – кеңестік – большевиктік қоныстандыру кезеңі. Осы жылдары қазақ жерлерін одан әрі отарлау қарқыны күшейіп, қоныс аударушылардың саны 2,5 млн. адамға жетіп жығылды. 1929 жылы Орталық биліктің тікелей қолдауына сүйенген Ф.И.Голощекин республика үкіметі жанынан қоныс аударушылар басқармасын аштырды. “Қызыл большевиктік” қоныстандырудың одан кейінгі жылдарда, әсіресе тың және тыңайған жерлерді игеруде одан әрі жалғасқандығын айта кеткен жөн болар.

Аграрлық қатынастардың өзекті мәселесі ретінде саналатын қоныстандыру тарихнамасын 3 үлкен топқа бөліп қарастыруға болады: қазан төңкерісіне дейінгі, кеңестік дәуірде және Қазақстанның егемендік алуынан кейінгі жазылған зерттеулер.

Қазан төңкерісіне дейінгі уақыттарда аграрлық қатынастарға байланысты тарихнамада өзіндік патшалық - чиновниктік кон-

цепция қалыптасты. Оның мәні: “қазақ халқы “табиғи” номад-көшпелілердің өзбеттерінше дамуға қабілеті жоқ, оларға сырттан алдыңғы қатарлы”, “европалық” мәдениет әкелу қажет” дегенді білдірді. Ресей чиновниктері осы проблеманы зерттей келе, тек патша өкіметі Қазақстанға “мәдениет әкелді”, қазақтардың егіншілікпен айналыса, экстенсивті көшпелі мал шаруашылығынан отырықшылыққа көше бастауы тек орыс егіншілері, казактар мен қоныс аударған шаруаларының “үлгілі ықпалы” дегенді “дәлелдеуге” тырысты. Міне, осындай көзқарастардың бірі экономист өрі статист А.А.Кауфманға тән. Автор патша өкіметінің қоныстандыру саясатын өз зерттеу объектісіне айналдырды. Түркістан генерал-губернаторлығының тұңғыш губернаторы, патша өкіметінің отарлау, қоныстандыру саясатына байланысты жүргізген іс-шараларының басы-қасында болып, осыған орай бірнеше еңбектер жазған /12/. Автор осы еңбектерінде қоныс аудару саясатының мән-мақсатын, маңызын аша келе қазақ жеріндегі “бос жерлер” (артық жерлер) жөнінде, оған орыс мұжықтарын қоныстандыру мәселесін ашықтан-ашық көрсетеді. Алайда оның басқа зерттеушілерден өзгешелегі сонда, ол қоныстандыруды ішкі Ресейдегі аграрлық шиеленісті шешудің тәсілі деп қарамайды. Патшалық Ресейдегі аграрлық дағдарысты жоюдың жолы – ол жеке меншік жерлерді мемлекет пайдасына алу деп санайды. Бұдан А.А. Кауфман пайымдауының патша үкіметінің мүддесіне сәйкес келетіндігін байқау оңай. Өйткені қарашекпенділердің Ресейдің ішкі губернияларынан Қазақстанға қоныс аударуы 1861 жылғы реформадан соң шешімі табылмаған жер мәселесінің салдарынан болды. Қазақ жерлерін жаппай тартып алу, қазақтарды шөл, шөлейт аудандарға ығыстыру арқылы “артық жерлерді” шығару – орыс шаруаларына шұрайлы жерлерді алып беру мақсатындағы патша үкіметінің күйтырқы саясатының нәтижесі.

Қазақ көшпелі қоғамының әлеуметтік –экономикалық дамуы мен қатынастарын өзінше түсіндіруге тырысқан П.П. Румянцев өз зерттеуінде қазақтардың жер пайдалануында жерге жеке меншіктің болмағандығын айта келіп, осыған ерекше мән берген. Автор көшпелі патриархалды шаруашылықтың ыдырау процесін көрсете отырып, осы бір күрделі мәселені объективті түрде аша алмаған. Қазақ далаларын орыс қоныстанушыларының отарлауын қазақ халқының өміріндегі түбірлі өзгерістермен байланыстыра келе қазақтар арасында егіншілікпен айналысатындардың үлес салмағының күрт өсуін шаруашылық сипатының өзгеруінің жөне қоныстандыру саясатының тиімділігінің, яғни солардың нәтижесі, – деп санайды /13/. Тіпті П.П.Румянцев “қырғыз, яғни қазақ шаруашылықтарын қайта-қайта зерттеу, одан кейін жерлерін алу

барысында қазақ тұрғындарының тұрмыс тіршілігінің жақсарып егіншіліктің дамығандығы” туралы қате пікір айтады/14/. Тарих ғылымын қайта зерделеп, зерттеу П.П. Румянцев және т.б. отаршыл чиновниктердің тұжырымдарының жаңсақ айтылғандығын дәлелдеуде. Өйткені переселендердің Қазақстанға көптеп келіп, қазақ халқының шұрайлы жерлерін тартып алулары дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығының құлдырап, әлеуметтік – экономикалық жағдайларының төмендеуіне әсер етті. Ал қазақтардың егіншілікпен айналысып, отырықшылығына бастауы мал жайылымдарының тарылып, көшу радиустарының қысқаруына байланысты мәжбүрліктен туындаған әрекет болды. Патшалық-чиновниктік концепция бағытында жарияланған еңбектердің бәріне ортақ кемшіліктер: қоныстандыру саясатының нәтижесінде қазақ халқы жағдайының төмендеп, кедейшілік пен жерден айырылу өлімге әкелгендігі туралы жұмған ауыздарын ашпау. Ойымыз дәлелді болу үшін осы кезеңде жарық көрген “Влияние колонизации на киргизское хозяйство” деген еңбекті қарастырайық. Шағын еңбек Костанай уезіндегі Арақарағай болысының шаруашылық жағдайын қайта зерттеу негізінде жазылған. Патша үкіметінің қоныстандыру және жерге орналастыру, егін шаруашылығы бас-басқармасының чиновниктері аталған болыстағы жер үлесі, жер жырту көлемі, қазақтардың егіншілікпен айналысуы, мал шаруашылығының дамуын қасақана ешбір өзгеріске түсірмей, барлық жағынан тек “күнгейін көлеңкесіз” көрсетеді /15/. Осындай бағытта жазылып, қазақ халқының егіншілікке көшуін тек қоныстандыру саясатының нәтижесі ретінде қарастыратын Н.Коншин, С.Н.Велецкий, В.Кузнецов еңбектерін атауға болады /16/. Дегенмен Н.Коншин көшпенділердің кедейленгенін, олардың арасында малы жоқтардың пайда болғандығымен көрсетеді. Бірақ “қазақ ауыл шаруашылығының дағдарысы, Н.Коншиннің пікірінше мал шаруашылығының күйреуіне, құнарлы жерлердің шаруа-келімсектердің алуына байланысты /17/. Ал С.Н.Велецкий, В.Кузнецов керісінше патшалық Ресейдің отарлау саясатын, соның ішінде шаруалар қоныс аударуын қазақ халқы үшін прогрессивті құбылыс түрінде сипаттайды. Авторлар орыс шаруаларының Қазақстанға көшіп келуі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрмыс-тіршілігіне тек жағымды әсер еткендігін баса көрсетеді. Осылайша патшалық-чиновниктік бағытта жазылған еңбектерде қоныстандыру мен қазақ жерлерін талан-таражға салу, жаппай тонау объективті түрде көріне алмады. Олар қазақ жерлерін тартып алу халықтың жер тапшылығына ұшырап, шаруашылығының күйзелуін “артық” жерлердің болуымен

түсіндірді. Себебі жарияланған еңбектер патша үкіметінің мүддесіне негізделіп, отаршыл пиғылға сай жазылды.

Сондай-ақ “қазақ даласындағы егіншілік, отырықшылыққа өту, қазақтардан жерді тартып алудың арқасында жер тапшылығының тууы нәтижесінде пайда болды. Мұның өзі қазақтарға көшпелі мал шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік бермеді” деген тұжырымды қалыптастырушылар, Қазақстандағы аграрлық жағдайды шынайы түрде көрсетіп, патша өкіметінің отарлық саясатын аша білген, демократиялық концепцияны ұстанушылар Н.Васильев, Л.Герман, А.Е. Алектров, В.Герн, Н.Зеланд сияқты авторлар болды /18/. Шынында да авторлар көрсеткендей XIX-ғасырдың бас кезіндегі ресейлік келімсектердің Қазақстанға қоныс аударуы, қазақтардың шұрайлы жерлерінің тартып алынуы көшпелі мал шаруашылығын тығырыққа тіреп, дағдарысқа әкелді. Патшалық катал цензураға қарамастан Қазақстанның өлеуметтік-экономикалық, саяси өмірінде орын алған жағдай туралы батыл пікір танытқан авторлардың тұжырымдары Ресей империясының қоныстандыру, аграрлық саясатының шынайы мәнін ашуда негіз бола алады.

XX-ғасырдың басында жарық көрген, патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы жазылған, қоныстандыру шараларын әшкерелейтін еңбектердің бірі ретінде Т.Седельниковтың шағын еңбегі саналады /19/. Т.Седельников өз зерттеуінде қоныс аударуды ұйымдастыруда жіберілген қателіктер, патша чиновниктерінің өз еріктерімен жасаған жүгенсіздіктерін ашып көрсетеді. Әсіресе ағаштарды саяжайлар үшін кесуді қатты сынады. Автор қазақ жерлерінің қоныстандыру үшін тартып алынғанын, оларды шөл, шөлейт аудандарға ығыстырғанын, қоныс аудару қорлары жергілікті тұрғындардың пайдаланып отырған жерлері есебінен жүргізілгендігін ашық, жан-жақты жазады. “Ол (жерге орналастыру жүйесі) қырғыздардың ең таңдаулы жерлерін тартып алып, ... үйсіз, қаңғырап қалған көшпенділерге ешқандай пайда көрсетпей, оларға сәтті жүргізіліп жатқан іске кедергі ретінде қарайды”, - деген автор пайымдауды осының дәлелі /20/. Осылайша Т.Седельников “қазақ ауылының отырықшылыққа көшуіне патша үкіметі жағдай жасаған жоқ, керісінше шын мәнінде оған кедергі жазады” деген шындыққа жанасатын пікір айтады. Ресей империясы қазақ халқының өзіне тәуелді болуын және экономикасы үшін арзан шикізат көзі ретінде мал шаруашылығының үстем түрде дамуын қалады. Аймақта патриархаттық-рулық қатынастардың орнығып, экономи-касының төмен деңгейде дамуы патша өкіметінің отарлау саясатының мүддесіне сай келді.

А.Алекторов, Н.Васильев, Н.Зеланд, В.Герн Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы дағдарыс патша өкіметінің отарлау саясатының салдары екендігін ашып айтады. Мәселен, А.Алекторов қазақ халқы шаруашылығының дағдарысқа ұрынуының басты себебін отарлық езгімен байланыстырса, Н.Зеланд қазақтардың кедейленуі оларды жер пайдалануда ығыстыру емес, патша өкіметінің тарапынан ауылды аяусыз тонауының салдары ретінде көрсетеді. Н.Васильев, В.Герн де қазақтар ауыл шаруашылығының құлдырауын отарлау, қоныстандыру саясатының тікелей әсері деп баса көрсетеді /21/.

Мұнан өзге жалпы қоныстандыру қозғалысы, қоныс аударушы шаруалардың тұрмыс-жағдайлары, шаруашылықтары туралы жазылған зерттеулер де кездеседі. Мәселен, А.А.Комаровтың еңбегінде патша үкіметінің қоныс аудару төңірегінде жіберіп отырған асыра сілтеулері шынайы суреттеледі /22/. Автор қоныстандыру мәселесінің өзекті тұстарын батыл сынап, әшкерелейді.

Осындай бағытта жазылған Н.М. Ядринцев, А.Л. Трегубовтың да зерттеулерін атауға болады/23/. Авторлар өз туындыларында келімсектердің шынайы әлеуметтік-экономикалық жағдайын қарастырады. Еңбектерде Жетісу, Семей облыстарындағы қоныстанушылардың ауыр тұрмысы көрсетілгенімен Қазақстанның отар аймақ ретіндегі жағдайы өзінің дұрыс көрінісін таба алмайды.

Жалпы осы кезеңдегі демократиялық бағытта жазылған зерттеулердің көптеген кемшіліктеріне қарамастан қоныстандыру тарихын зерделеуде маңызы зор екендігін айта кеткен жөн. Орыс зиялылары қалыптастырған демократиялық бағыттың мәні мен мінаты патшалық Ресейдің шаруалар отарлауының шынайы "келбетін" ашып, зардаптарын көрсетуімен анықталады. Бұл бағытты ұстанушылар патша өкіметінің отарлау саясатын әшкерелеп, оның қазақ халқына тигізген келеңсіз ықпалын тарихи шындық тұрғысында пайымдайды.

Осылайша чиновниктік-отарлық, яғни шовинистік концепциямен қатар қоныс аудару мәселесін зерттеуде демократиялық бағыт орын алды.

Патша үкіметінің қазақ жерлерін қарашекпенділерге өперуге кірісуі, халықтың шұрайлы, сулы, нулы жерлерінен айырылуы, мұндай зорлықтың күйзеліс пен дағдарысқа әкелгендігі ғасыр аясындағы ең негізгі өзекті мәселеге айналды. Саяси, экономикалық зор мәні бар проблема қазақ зиялылары арасына қозғау салды. Олар аталған мәселе төңірегінде ортақ пікірге келе алмай, екі топқа бөлінді. Бірінші топқа отырықшыландыруды уағыздаған Б.Қаратаев, М.Сералин, М.Дулатов еңсе, екіншісін көшпенді өмір

салтын жақтаған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, т.б. бастаған қазақ зиялары құрды.

Бірінші топтың мүшелері 1911-15 жылдары үзбей шығып тұрған “Айқап” журналының төңірегіне шоғырланды. Шаруалар отарлауы, жер мәселесі т.б. журнал бетінде үнемі жарияланып тұрды. Сонымен бірге патша өкіметінің қоныстандыру саясатының мәнін, мақсатын, жай-жапсарын түсіндіруде үлкен насихат жұмыстарын жүргізді. Журнал беттерінде отырықшылыққа шақыру жайында басылған мақалалармен қатар оған қарсы пікір айтушылардың көзқарастары басылды. Отырықшылыққа көшу, қала салу идеясын ұстану бағытында журнал беттерінде “Қазақ өкпесі”, “Тағы да жер жайынан”, “Жер мәселесі”, “Біздің бұрынғы һәм қазіргі халымыз”, “Көшіп жүру керек деушілердің пікірі” т.б. шағын мақалалар жарық көрді /24/. Осындай бағытта жазылған мақалалардың бірінің авторы – М.Дулатов. М.Дулатов жер алып, отырықшылыққа көшу, қала болу, мәдениетті елге айналуға шақыру мақсатында былай деген: “... 15-20 жылдан бері бұл көшпелі мүжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбей, бұлай болғанда енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып, ақырында пақырлыққа жетуі ықтимал. Жер көп-аз болса да бұл заманның өнер-білім заманы болған шақта әр жерде жайылып жүргенде оқудан мақұрым қалармыз. Надан халық білімді халықтардың өзінің діні, хақын сақтай алмай дүниеден ақыры есебін бітіруі ықтимал”/25/. М.Дулатов қалыптасқан жағдайдан шығар жол жер алып, отырықшылыққа көшу екендігін жасырмайды. Отырықшылық өмір білім мен мәдениетке жол ашады деп есептейді. Осы көзқарасқа қарсы пікірді “Қазақ” газеті төңірегіне жиналған қазақ зиялыларының бірі Ә.Бөкейханов білдіреді. Ұлтжанды тұлға: “Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс 15-ден жер берді деп егінші бола қоймайды... Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-ден жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады... 15-ден жер алмай тұрып жан-жағыңа қара дейтініміз, 15-ті алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, бұған мал бағылмайды,—деп жазады/26/. Ә.Бөкейхановтың “15-і” патша өкіметінің “жерге орналастыру” саясатынан шығып отыр. Көшпелілерді жер үлесін беріп орналастыру, яғни отырықшылыққа өтуге ынталандыратын шараларды іске асыра бастады. Мәселен, 1905 жылы Егіншілік және мемлекеттік мүлік министрлігі Жерге орналастыру және Егіншілік бас басқармасы болып қайта құрылды. Осыған орай қазақ шаруаларының бір бөлігі жаппай отырықшылыққа көше бастады. Алайда бұл Ә.Бөкейханов көрсеткендей салдары мен зардаптары қайғылы, зорлық әрекеттер еді. Жалпы қарашекпенділердің қазақ жерлері-не қоныстануына, олардың

зорлық-зомбылық әрекеттеріне қазақ халқының жерден айырылып қалу, патша үкіметінің саясатын әшкерелеуге Ә.Бөкейхановтың бірқатар еңбектері арналды /27/. Олардың қоныстандыру тарихын жанаша зерделеуде алар орны мен маңызы өте зор.

“Айқап” журналы төңірегіндегі зиялылар Ә.Бөкейхановтың көшпелі норма алмау пікірін қолдамады. “Ә.Бөкейханов пенен “Қазақ” газетінің отырықшы нормадан көшпелі норманың артықтығы турасындағы пікірлері... залал келтіріп тұр. Неге десеңіз, көшпелі норма болған уақытта қазақ жері патшалыққа керек болғандай болса алына береді. Көшпелі норма қазаққа жерді уақытша пайдалануға ғана береді... Егерде олар Бөкейханов пенен “Қазақ” газетінің сөздеріне еріп көшпелі қалыпта қала берсе, арты не болмақ /28/. Айқаптықтар патша үкіметінің “отырықшы жұрт нормасына” байланысты күйтырқы саясатының мөні мен астарын түсінді. Осы норма арқылы патша үкіметі өзіне жерді көбірек босатып алуды көздеп отырғанын “Айқап” зиялылары халыққа ұқтырғылары келді. “Отырықшы норманы” алу қажеттілігі жайындағы зиялылардың бағытын отарлау саясатының негізінде қарастырсақ, оның сол кезең үшін дұрыс екендігін айтар едік. Себебі Ә.Бөкейханов және “Қазақ” газеті төңірегіне жиналған қазақ зиялыларының ұсыпқан жолы сол кезең үшін тиімді еді. Себебі Столыпин реформасынан бері қарай ішкі Ресейден қоныс аулаушылардың толассыз ағылуы жағдайында бұрын егіншілік мәдениеті жаппай дәстүрлі тіршілігіне айналмаған қазақ бұқарасы үшін ешқандай да даярлықсыз отырықшылыққа өту дегеніміз, көп ұзамай-ақ жерден айырылып, қайыршылыққа ұшырап, артынан біржола жоқ бөлумен тең еді /29/. Жалпы Ә.Бөкейханов қазақ халқының отырықшы тұрмысқа өтуіне қарсы болған жоқ, керісінше “отырықшы нормаға” қарсы шығып, оның салдарының халық үшін мүлде зиянды екендігін ескертті.

Ресей шаруаларының қазақ жерлеріне шұбыруын, қазақ халқының шұрайлы жерлерден зорлап ығыстырылып, ақыры құмға, шөлейтке шегінуін көрсетуде қазақ зиялыларының ой-пікірлері ортақтасып, бір жерден шығады. Бірі осыған орай “қазақ өзі бөтен жаққа переселен болып көше бастады” десе, екіншісі, “... халықтың өсіп, жердің өспеуі һәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мүжықты хукіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, атамекеннен ірге қозғалып, қазақтың шаруасының күйзелуі”, - деп шындықты бұлтартпай көрсетеді/30/. Сонымен қатар қазақ зиялылары қоныстандыру саясатының қайғылы нәтижелері тек халықты күйзеліс пен кедейлікке ғана емес, сонымен бірге жерінің тозып, табиғи ортасының бүлінуіне

өкелгендігі туралы мәселені өз туындыларында дер кезінде көтерді. Дәл осындай жағдайды ұлттық-демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының бірі, корнекті ғалым-тарихшы М. Тынышпаев өз еңбегінде баяндайды. Автор Жетісу облысындағы қоныстанушылардың тым көптігіне назар аударып, келімсектердің келуіне байланысты әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрт төмендегеніне назар аударады. Жетісу жерінде “мал шаруашылығы құлдырап, құнарлы жерлер тартып алынған соң, егістік көлемі қысқартылып, халқы келейленіп, жеті жылда – 1907-14 жылға дейін облыстың танымастай өзгергендігін ашып көрсетеді/31/. Шынында да келімістер қазақ жерлерін емін –еркін жыртып, тозған жерлерді тастап, жаңа жер алып, бүкіл ең даланың тозып – тоналуына, қоршаған ортаның бүлінуіне жағдай жасады.

Тағы бір айта кетерлік жайт, 1888-1902 жылдар арасында “Дала уалаяты” газетінің беттерінде келімсектердің қоныстануы, отырықшылыққа өту т.б. мәселелері жарияланып тұрды/32/.

Сонымен ХХ-ғасырдың бас кезіндегі қоныстандыру мәселесіне байланысты жарияланған еңбектер-мазмұны мен бағыттары жағынан әр түрлі. Қоныстандыру қоғамдық-саяси өмірде ең өзекті мәселеге айналған. Зерттеушілердің бір тобы – А.А.Кауфман, П.П.Румянцев, С.Н.Велецкий, В.Кузнецов сияқтылар проблеманы патша өкіметінің мүддесінен шыға отырып көрсетсе, Н.Коншин, Т.Седельников, Н.Васильев, А.Е.Алекторов, А.Л.Требугов т.б. – демократиялық бағытты ұстанушы авторлар қоныстандырудың шынайы мән-мақсатын ашуға тырысқан. Ал үшінші, яғни Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов тәрізді қазақ зиялылары мәселеге ұлттық тұрғыда қарап, өз туындыларында келімсектердің келуі қазақ жері мен халқы үшін үлкен трагедияға айналғандығын бүкпесіз жазды. Алайда олардың ашық түрдегі ой-пікір білдірулері патша өкіметі мен одан кейінгі большевиктік диктатура мүдделеріне мүлде қарама-қайшы келді.

Ресей империясының шаруалар отарлауы, патша өкіметінің күйтырқы саясаты, жерінен айырылған қазақ халқының қасіреті сталиндік жазықсыз жазалаудың құрбандары болған қазақ зиялылары мен орыс ғалым-зерттеушілерінің ғылыми зерттеу объектісіне айналды. Кеңестік дәуірдің 20-30-жылдары қоныстандыру саясатына байланысты Ғ.Тоғжанов, С.Асфендияров, С.П.Швецов, Т.Шонанұлы, П.П.Галузо, Е.Федоров, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасовтың құнды еңбектерінде жазылды/33/. Олардың туындыларында отаршыл-чиновниктердің ұлыдержавалық концепцияларына тойтарыс беріліп, большевиктік диктатура тұсында тұңғыш рет қоныстандырудың шынайы бет-бейнесі ашық көрсетіліп, проблеманың кең көлемде, тереңірек зерттеуіне жол ашты.

Алайда бұл ғалым-тарихшы, қоғам қайраткерлерінің пікірі тарих қауымдастығында түрлі көзқарас тудырды. Авторлар қоныстандыруды “шаруалар отарлауы” деп атайды. Патша өкіметі қара шаруаларды Қазақстанға көбірек шығарып, сол арқылы Ресейдегі жер дағдарысынан, аграрлық қайшылықтардың шиеленісуінен құтылмақшы болды, қазақ жерлері зорлықпен тартып алынды деген пікірде де авторлардың ойлары – біртұтас. Зерттеушілердің пікірлеріне ортақ тағы бір жайт-олардың қоныстандыру саясатының салдарларын негативті түрде көрсетуі. Мәселен, Т.Рысқұлов “Қазақстан бойынша 1916 жылы 40 млн гектар пайдалы жер тартып алынып, көшпенді халықты аямай тонау әрекеттері жалға-сып отырды” десе, Т.Шонанұлы 30 млн десятинадан аса жердің отарланғандығын дәлелдейді/34/. Екі автордың зерттеуінде алшақтықтың бар екендігі байқалады. Дегенмен Т.Рысқұловтың көрсеткен саны шындыққа жақын келеді. Себебі соңғы уақыттардағы зерттеулерде бұл көрсеткіш-45 млн. десятинадан астам. Н.С.Швецов “қоныстандыру саясаты қазақ шаруашылығын күйзелтіп, халықтың игілігіне қалпына келмес соққы берді”, -деп ашып көрсетеді/35/. Осы ойды өрбіте отырып, XIX-ғасырдың соңы XX-ғасырдың басындағы экономикадағы қалыптасқан жағдайды С.Сәдуақасов “осы саясаттың нәтижесінде Қазақстанның егін егуге қолайлы жерлерінің бірі бірте-бірте қарашекпенділердің қолына көшті де, қазақтар құм мен шөл далаға ығыстырылды. Сөйтіп қазақ даласы көкірек ауруға ұшыраған адамның өкпесіндей шұрық-тесікке айналды” деп, – жазады /36/. Қоныстандыру саясатының нәтижесінде Т.Шонанұлының пікірінше “қазақ жерлері” Ванька,- встанькаға” айналдырылып, көшпенділер жерсіз қашқырып, 500 үй Қытайға ауып кеткен”/37/. С.Асфендияров та қазақтың ең құнарлы жерлерінің жаппай тоналғандығын көрсетсе, дәл осындай тұжырымды П.Г.Галузо еңбегінен де байқауға болады/38/.

Тағы бір айта кетерлік жайт, Т.Рысқұлов өзінің еңбектерінде “қоныстандыру саясаты салдарынан әсіресе 1902-03 жылдар “аралығында Қырғызстанда, яғни Қазақстанда халықтың саны 8-9%-ке қысқарғандығын көрсетеді”/39/. Осы арқылы тұңғыш рет шаруа отарлауының демографиялық жағдайына кері ықпалын тигізгенін жазып, басқа да зерттеушілерге үлкен ой тастайды. Осындай батыл пікір айту ақыры Т.Рысқұлов пен Т.Шонанұлын жазықсыз жаза құрбандары етті. Қорыта айтқанда 20-30-жылдардағы жарық көрген еңбектер деректері мен архив құжаттарының аздығына қарамастан проблеманы ғылыми тұрғыда қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Сондай-ақ өзінің бастауын 20-жылдардан алатын өкімшілік-

өміршілдік жүйенің өсеріне қарамастан қоныстандыру саясатын шынайы тарихи негізде қарастырады.

40-50-жылдары ресейлік шаруалардың Қазақстанға қоныс аударуы мен жер мәселелерін зерттеу өзекті проблемалардың бірінен саналды. Өйткені келімсектердің қоныс аударуының тиімді түстарын пролетарлық интернационализм, халықтар достығы, орыс, украин шаруаларының көшіп келуінің егін шаруашылығын жүргізуге жағымды өсері тұрғысында қарастыру аса маңызды болды.

50-60-жылдары қоныстандыру мәселесіне арналған бірқатар ауыз толтырып айтарлықтай монографиялық зерттеулер мен ғылыми мақалалар жарияланды. Мәнді де салмақты туындыларда патша үкіметінің аграрлық саясаты қоныстандырумен біртұтас байланыста қарастырылып, империяның шаруа отарлауына қатысты ғылыми ой-тұжырымдар қалыптастырылды. Жарық көрген зерттеулерде қоныс аудару саясатының себептері, мақсаты, барысы, салдары талданып, қазақстандық тарих ғылымына сүбелі үлес қосылды. Мәселен, белгілі қазақстандық тарихшы Ә.Б.Тұрсынбаевтың еңбектері аталған мәселеге тікелей арналды/40/. Ә.Тұрсынбаев патша өкіметінің қоныстандыру саясатының сипаты реакциялық болғандығын атап көрсетеді. Дәл осындай ойды Л.М.Әуезова да білдіреді/41/. Ә.Тұрсынбаев қазақ еңбекшілерінің азып-тозып қырылуы, жерлерінің тартып алынуы, қоныстандыру саясатының нәтижесінде болғандығын, революцияға дейінгі еңбектерде дұрыс көрініс таппағандығын пайымдайды. Қазақ жерлерін тартып алудың өрескел жолдары олардағы “артық” жерлердің болғандығымен түсіндірілгендігін дәлелдейді. Ал “жайылымдар, тіпті қыстауларынан айырылған қазақ тұрғындарының кедейленген бөлігі өз жанұяларын асырау үшін отырықшылыққа отуға мәжбүр болды” деген пікірі шындыққа келеді /42/. Алайда ғалымның “шаруалардың қоныстандырылуы шаруашылықтың анағұрлым жоғарғы түрлерінің дамуына жол ашты, даму тездеп, таптық бөлініс күшейе түсті” т.б. тұжырымы уақыт талабына сай келмейді /43/. Себебі отырықшы егіншіліктің дамып, өндіріс құрал-жабдықтарының жетілуі, әлеуметтік дифференциацияның күшеюі көшпелі мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауымен, қазақ халқының тұрмыс жағдайларының төмендеуімен қатар жүрді.

Л.М.Әуезованың “шаруалар қоныстандырылуы объективті түрде Қазақстанда егіншіліктің айтарлықтай дамуына әкелді” деуінде өкімшілдік-өміршілдік жүйенің ықпалы бар екендігі сезіледі/44/. Осы жерде аталған авторлардың пікірлері бір жерден шығатындығын байқау қиын емес. Л.М.Әуезова мұнан өрі “шаруалар

қоныстандырылуы орыс және қазақ еңбекшілерінің еңбек барысындағы өзара қарым-қатынастарының арқасында қазақ халқының егіншілік пен отырықшылыққа көшуіне, қазақ диқан-дарының шаруашылықтың алдыңғы қатарлы түрлерін меңгеруге жағдай жасады – деген біржақты пікір білдіреді /45/. Алайда автор өз пікіріне өзі қайшы келеді. Себебі зерттеуші “...жалпы Қазақстанда егіншілікті қоныстанушылар сырттан әкелген жоқ, оның жеделдеп дамуы ХІХ-ғасырдың соңғы отыз жылындағы ондіргіш күштердің жалпылама дамуына байланысты, - деп жазады/46/. Сөйтіп, Л.М. Әуезова өз тұжырымдарын кеңестік ғылым талаптарына сәйкестендіреді. Зерттеуші егіншіліктің Қазақстан шаруашылығында ерте кездерден орын алғандығын жазғанымен, оның дамуын келімсектердің қоныс аударуымен байланыстырып, “аға” ұлттың мүддесінен шығады. Сондай-ақ автор шаруалар отарлауының салдарын “халықтар достығы” негізінде қарастырып, зерттейді. Зерттеушінің тұжырымдарынан 50-60-жылдардағы коммунистік идеологияның салқыны сезіледі.

Қоныстандыру саясатын прогрессивтік жағынан ғана көрсету көрнекті тарихшы Е.Б.Бекмахановтың салмақты да салмақты монографиялық зерттеуінен орын алған/47/. Алайда автор қазақтардың шаруашылықтың жаңа түріне өтуін тек орыс мәдениетінің әсерімен байланыстыру дұрыс емес екендігін ескерте келе, егіншіліктің ХІХ-ғасырдың екінші жартысында айтарлықтай дамуын экономиканың жалпы интенсификациясымен байланысты көрсетеді. Ә.Түрсынбаев, Л.М.Әуезова, Е.Б.Бекмаханов пікірлеріне ортақ тұжырым шаруалардың жапшай қоныстануы Қазақстанда орыс және қазақ келеді диқан-дарының экономикалық жағынан жақындасуына, бірігіп күреске шығуларына қолайлы шарттардың тууы, Е.Б.Бекмахановтың сөзімен айтқанда “тамыр болу”/48/ “Орыс шаруалары Қазақстанға жетілдірілген ауыл шаруашылық еңбек құралдарын, ең таңдаулы тұқым сорттарын малды” әкелді деген пікір жатқанды “аксиомаға” айналды. Тіпті С.А.Нейштадтың “орыс шаруа-қонысшыларының көрсеткен үлгілерінсіз, әсіресе егіншілік техникасына қазіргі қазақтардың диқаншылыққа өтуі іс-жүзіне аспаған болар еді” – деген пікірі ешқандай сын көтермейді/49/. Әйтсе де тарихшы-ғалымдар қоныстандырудың прогрессивтік жағын көрсетумен бірге оның кейбір көлеңкелі тұстарын ашты. Мәселен, С.А.Нейштадт қоныстандыру саясатының нәтижесінде қазақтардың мал шаруашылығының деградацияға ұшырағандығын дәлелдейді /50/. И.Ф.Макаров столыпіндік реформа жылдары қоныстандырудың тиімсіз факторға айналғандығын, жерінен айырылған қазақтардың ауқатты бай келімсектерге батыраққа жалданғандарын жазады /51/. О.А.Ваганов

қоныстандыру қорына жер алуда қазақ жерлерінің жаппай тоналғандығын, қазақтардың жаңа өңірлерге көшуге мәжбүр болғандығын, “оброктық баптың” (оброчная статья) жүргізілуін қарастырады /52/. Осы кезеңдегі жарық көрген зерттеулерге тән тағы бір жайт, олардың барлығы дерлік қоныстандырудың тиімді жақтарына көбірек көңіл бөліп, шиеленісті мәселелерді айналып өтеді, әлеуметтік қатынастарды таптық негізде қарастырады.

60-жылдары жарық көрген зерттеулердің ішінде Б.Сүлейменовтың іргелі монографиясына тоқталып кету қажет/53/. Монографиялық зерттеуде біз қарастырып отырған мәселеге байланысты бірқатар түбегейлі ой-пікірлер айтылады. Автор патша өкіметінің аграрлық және қоныстандыру саясатына, салдарына, келімсектердің әлеуметтік-экономикалық құрамына, орналасуына жан-жақты талдау жасайды. Еңбектің құндылығына нұқсан келтіретін тұстары да жоқ емес. Мәселен, патша өкіметінің қазақтардың отырықшылық пен егіншілікке оту процесіндегі тежеу әрекеттерін толық ашпайды. Зерттеу коммунистік идеология, маркстік-лениндік методология мен соған сәйкес кеңес дәуірінде ғылымда берік орныққан біржақты жаңсақ пікірлер шеңберінен шыға алмады.

60-жылдардағы қазақстандық тарих ғылымында тарихи ойлаудағы ерекшелігімен дараланатын П.Г.Галузоның еңбектері айтарлықтай орын алады /54/. 30-жылдардағы сталинизмнің идеологиялық диктаты мен өкімшілік-әміршілдік жүйенің қыспағына қарамастан аграрлық тарихи мәселелер тәңірегінде зерттеулерін жалғастырды. Өзінің салмақты да салмақты түбегейлі монографиялық зерттеуінде патша өкіметін әскери-феодалдық империализм және жаңа жерлерде шаруа-қоныстанушыларды феодалдық езгінің объектісі ретінде қарастырады. П.Г.Галузо Қазақстанның оңтүстігіндегі келімсектер қозғалысын, қоныстанушылардың экономикалық жағдайын, әлеуметтік дифференциациясын қамтып, талдайды. Қоныстандыру саясатын тек Оңтүстік Қазақстанда ғана емес, Солтүстік және Орталық Қазақстанда зерттеудің нәтижесінде автор “қазақ халқының экономикадағы, әлеуметтік саладағы және мәдениеттегі алға жылжуы патша өкіметінен тәуелсіз, реакциялық саясатқа қарамастан жүрді”, – деген тұжырымға келді /55/. Алайда мұндай пікір қазақстандық тарихшылар арасында дау тудырды. Олар П.Г. Галузоны ресейлік империализм жүйесінде саясат пен экономиканы бөліп қарайды деп сынады. Әйтсе де П.Г. Галузоның айтайын дегені мүлде басқа еді. Ғалым тарихшылар позициясындағы келімсектердің егіншілікті дамытудағы ролінің көптігін көрсетілгендігін түсіндіруге талшынды. Жаңа

методологиялық тұрғыда келетін болсақ П.Г.Галузо тұжырымы дұрыс болып шығады.

50-60-жылдары аталмыш проблеманың кейбір қырларын ашуға арналған кандидаттық диссертациялар жазылды /56/. Олар сол кезде қалыптасқан тұжырымдарды қайталап, берік орныққан қағидаларды аттап кете алмады. Алайда қоныстандыру тарихын одан өрі дамытуға біршама үлес қосты.

70-80-жылдары бұрын-соңды толық мән берілмеген қоныстандыруға байланысты демографиялық мазмұндағы зерттеулер жазыла бастады. Мәселен, Ф.Н. Базанова өз мақаласында келімсектердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын қарастыра отырып, солардың есебінен қазақ өлкесі халқының өскендігін, екінші жағынан қазақ халқының санының күрт қысқарғандығын көрсетеді. Автордың пікірінше 1902-03 жылдары қазақтар 9 процентке азайған. Алайда мұндай қысқаруды автор “үнемі болып тұрған жұттың нәтижесі”, - деп есептейді /57/. Мұның біржақты пікір екендігіне көз жеткізу қиын емес. Себебі шұрайлы жерлерден айырылған халықтың азып тозып, қайыршылыққа ұшырап, азаюы қоныстандыру саясатының тікелей зардаптары екендігі даусыз. Ол туралы жоғарыда айтылды да.

Н.Е.Бекмаханова мен В.М.Кабузан мақаласы да осы бағытты ұстанады. Авторлар Қазақстанда келімсектер саны ХІХ-ғасырдың соңы мен ХХ-ғасырдың басында 1,3 млн, ал 1916 жылы 2,2 млн адамға жеткендігін көрсетеді /58/. Қазақстан экономикасына капиталистік қатынастардың жылдам енуі мен байтақ жердің шаруашылыққа тартылғандығы қоныстанушылардың көптеп келуінің нәтижесі ретінде қарастырылды. “Орыс және украиндықтардың қазақ жерлеріне ағылып келуі өлкенің этникалық құрамын өзгертті”, - деп мәселенің шиеленісті ұлттық-демографиялық жақтарын оңай айналып өтіп, оның түп-төркініне ой жүгіртпеді /59/.

Кеңес дәуірінде орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы Қазақ ССР тарихы тәрізді әр кезде жарық көрген ұжымдық зерттеулерде қарастырылады. Алайда шаруалар қоныс аударуының, қазақ жерлерінің тартып алынуының, қазақ шаруаларының отырықшылыққа өтуінің объективті, шынайы тарихы 1945 жылы Алматыда М.Әбдіқалыков пен А.Панкратованың редакциялығымен жарық көрген еңбекте ғана айтылады/60/. Сондықтан да бұл зерттеу біз талдап отырған мәселені терең түсінуге көмектеседі.

Соңғы жылдары қоныстандыру тарихының қадау-қадау проблемаларын жаңа тарихи таным мен методология тұрғысынан саралауда қыруар істер тындырылды. Осы бағытта бірқатар

зерттеулер жарияланды. Олар қоныстандыру саясатының шынайы мәні мен мақсатын, салдарын ашуда осы кезеңге дейін қалыптасқан жаттанды пікірлерден арылуға, өткен тарихқа жаңаша қарауға жағдай жасайды. Осы кезеңде жарық көрген ғылыми еңбектер патша өкіметінің қоныстандыру саясатын тарихи трагедия ретінде көрсетеді /61/. Қоныстандырудың мәні мен мазмұны анықталып, мәселе өзінің шынайы бағасына ие болды. Ендігі жерде қазақстандық тарихнамада империяның қоныстандыру саясаты қазақ халқының өмір сүруі негізі-көшпенді мал шаруашылығының “қабырғасының сөгілуінің, этностың жойылуының бастамасы болды” деген пікір қалыптасты. Сонымен қатар Қазақстанда “қоныстандыру жер қорының құрылуы мал шаруашылығын деградация мен дағдарысқа түсіру есебінен жүргізілді, “артық жерлерге” ең шұрайлы жерлер мен қыстаулардың кіргізілуі, қазақ жерлерінің жаппай тартып алынуы тың архив құжаттары мен деректерінің негізінде дәлелденді.

Қазақ жерлерінің патша өкіметінің бекіністер салу үшін тартып ала бастады, яғни казактың отарлау мәселелері М.Ж.Әбдіров зерттеуінен көрініс тапты. Еңбекте казактардың қазақ жерлерін тартып алып, билеп-төстеуі арқылы патша өкіметінің отарлау саясатын нығайтуға ықпал еткендігі тың құжаттар негізінде дәлелденеді/62/. Автор казактық отарлаудың келеңсіз тұстары мен зардаптарын айқындауға баса назар аударады.

Сонғы уақыттарда осындай бағытта жазылған зерттеулердің арасынан филология ғылымдарының кандидаты Сапабек Әсіптің “Қазақ қасіреті. Қоғамдық-саяси зерттеулер мен толғаулары” атап айтуға тұрарлық. Бұл еңбек жазылуының жанры жағынан очерк болса да іргелі туындылардың қатарынан орын алады. Автор қоныстандыру саясатын зерделеп, саралай келе мынадай батыл тұжырым жасайды: “Құнарлы жерден айырылып, ырыздық бұлағынан жырақтаған қазақ байғұстардың шаруасы күйзеліп, күн көрісі жылдан жылға қиындады. Малдың оты мен суы тапшы, адамның тамағы тапшылығынан тұтас ауылдар аштыққа ұрынды. Аш – жалаңаш ісініп-кебінгендер арасын әртүрлі жұқпалы дерт жайлады. Қара сирақ кедейлік, асы барға кіріптарлық белгілі бір ауыл, аймақта ғана емес, ата мекенінен қуылған аталар мен рулар, тайпалар арасында бұқаралық сипат алды /63/. С.Әсіп қоныстандыру салдарынан болған жер дауын, жер үшін күресті де қамтиды. Автордың аталған зерттеуінен басқа отарлық саясат, жер мәселесіне арнап жазған бірқатар ғылыми мақалалары да жарияланған /64/. Солардың ішінде “Мұжығына дейін мылтық асынған” атты мақаласы назар аудартады. Мақалада 1926 жылы жазылған П.Г.Галузоның “Вооружение русских переселенцев в

Средней Азии” атты еңбегінің негізінде патша өкіметінің өз билігін нығайту үшін қоныс аударушы шаруаларды қаруландырғаны, осы мәселенің ұзақ уақыт бойы көтерілмей келгендігі ашық айтылады /65/. Патша үкіметі отарлық билікті күшейту және қоныс аударушы шаруаларды саяси-өлеуметтік тірегіне айналдыру мақсатында келімсектерді қаруландырғанын архив құжаттары растайды. Сондай тың құжаттардың негізінде жазылған А.Раджаповтың мақаласын айтуға болады /66/.

Қоныстандыру саясатының шынайы тарихын қалыптастыруда “қоныс аударушылардың жерлікті халықтан ауқатты да бай тұрулары керек” деген патша үкіметі чиновниктерінің нұсқауы айналасындағы мәселелер тарихшылар назарын аударуда. Әрине аталған проблема бұдан бұрын П.Г.Галузо, Б.Сүлейменовтың монографияларынан орын алған /67/. Алайда мәселе қазіргі уақыттағыдай өткір сипат ала алмады. С.Әсіп, М.Жақып т.б. өз мақалаларында орыс мүжығының Қазақстанда шұрайлы мол жерлер алып, бәрі бірдей болмаса да көпшілігінің ауқатты тұрмыста өмір сүргендерін жазады /68/.

Қоныстандыруға байланысты мәселелердің кейбір қырлары соңғы уақыттарда өзінің объективті шешімін табуда. Солардың бірі-жоғарыда айтылған қазақ халқының отырықшылыққа көшуі. Жоғарыда көрсеткеніміздей қазақтардың отырықшылыққа көше бастауы, “прогрессивті ықпал”, “шаруашылықтың жаңа түріне қызығушылық” түрінде бағаланып, оның түп-төркініне ой жүгіртілмеді. Ендігі жерде отырықшылыққа өту басқаша пайымдалуда. Тарихшы-ғалымдардың ой-тұжырымдарын жинақтай, қорыта келе мынаны көрсетуге болады: біріншіден, қазақ халқына жер беріп, отырықшылыққа көшіру арқылы патша өкіметі оның қалған жерін тонады; екіншіден, халықтың отырықшылыққа көшуі амалсыздықтың, шарасыздықтың салдары. Кесіліп – тоналған жердің қалған-құтқанын сақтап қалу үшін отырықшылыққа өтуге мәжбүр болды; патша өкіметі жергілікті халықтың отырықшылыққа көшуін қолдаған түр білдіргенімен бір жағынан оны тежеп отырды /69/. Осы мәселемен тығыз байланыста қоныс аудару саясатының қазақтардың егіншілікпен айналысуына әсері қарастырылады. ХІХ-ғасырдың соңы ХХ-ғасырдың бас кезіндегі Ресеймен өзара шаруашылық жүйесіндегі Қазақстанның астық сату жағдайы Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстан материалдарында Б.З. Отарбаеваның кандидаттық диссертациясында көрсетіледі. Автор қазақ тұрғындарының айтарлықтай бөлігінің диқаншылыққа өтуін ауылдың таптық жіктелісі, мал шаруашылығының дағдарысы арқылы түсіндіреді/70/.

Егеменді еліміздің жаңа тарихи танымын қалыптастыруда зерделі де салмақты зерттеулерімен танымал М.Қойгелдиевтің үлесі зор. Қоныстандыру саясаты М.Қойгелдиевтің докторлық диссертациясында және соның негізінде жарияланған монографиясында терең қамтылады/71/. Автор зерттеулерінде біз көтеріп отырған мәселені қарастыруды мақсат етіп қоймаса да оның бірқатар қырларын жан-жақты талдайды. Мәселен, тарихшы-ғалымның “Алаш қозғалысы” деген еңбегінің “Патшалық биліктің ХІХ ғасырдың соңы және ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы отарлау саясаты” атты тарауында қазақ жерлерін отарлаудың жаңа кезеңі және оның негізгі қорытындылары, жерге орналастыру мәселесі қарастырылады. М.Қойгелдиев 1896 ж. Ішкі істер Министрлігі жанынан Қоныс аудару басқармасының ашылғандығын, патша үкіметінің Қазақстан аумағын қоныс аударатын аудандарға бөлгенін айта келіп, “қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақ жерлерін патша үкіметі тарапынан отарлау кең көлемде және айтарлықтай үлкен қарқынмен жүргізілді. Бұл процесс, өсіресе қоныстандыру мекемелері құрылғаннан кейінгі уақытта бұрын болмаған деңгейге көтерілді”, -деп түйіндейді/72/. Тарихшы-ғалым патша өкіметінің жерге орналастыру шаралары отарлау саясатының күйтырқы құрамдас бөлігі екендігіне назар аударып, былай дейді: “...1909-10 жылдары қазақ жерін отарлау барысында жаңа кезең басталды деп айтуға негіз бар. Оның негізгі ерекшелігі - қазақ шаруаларының пайдалануындағы жерді көбірек босатып алу үшін оларды бірыңғай отырықшы тұрмысқа көшіру еді. Міне, сондықтанда ХХ ғ. басындағы қазақ шаруаларының бұрын болмаған көлемде және жедел қарқынмен отырықшы тұрмысқа ойысуының негізгі себебін таптық жіктелу процесімен емес (әрине оны жоққа шығаруға болмайды), алдымен отарлау саясатынан іздеу толық негізді”/73/. Автор “Қазақ” газеті төңірегіне жиналған зиялылардың, соның ішінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұовтың қоныстандыру мен отырықшылыққа байланысты тұжырымдарын бұлтартпас дәлелдер арқылы көрсетеді. Осыған орай мынадай пікір білдіреді: “...”Қазақ” газеті Ә.Бөкейханов және оның серіктері ... отырықшы норманың мазмұнына, аңқау елді алдауды көздеген астарына қарсы шыққан болатын”/74/.

Осындай бағытта проблеманың жекелеген қырларын зерттеуге Ә.Б. Пірмановтың кандидаттық диссертациясы арналған /75/. Автор ХІХ-ғасырдың екінші жартысы ХХ-ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының жағдайы және ұлттық интеллигенция қалыптасуының алғышарттары мен қызметінің бағыт-бағдарларын талдай отырып, осы кезеңдегі көшпелі қоғамдағы экономикалық

өзгерістерді көрсете отырып, көтеріп отырған мәселеге байланысты зерделі ой тастайды.

Батыс Қазақстандағы жер мәселесі Ұ.Ш.Ысмағұловтың диссертациясында қарастырылады/76/. Ізденуші патша үкіметінің қазақ жерлерін жаппай иемдене бастауын, жер мәселесі төңірегіндегі тартыстарды талдап, қоныстандырудың келенсіз тұстарын ашады. Алайда мәселе тек Батыс аймағы мысалында қарастырылғандықтан оны бүкіл Қазақстан бойынша зерттеу міндеті туындайды.

Соңғы уақыттарда жалпы қоныс аудару мәселесіне тікелей арналған кандидаттық диссертациялар жазылды. Мәселен, Г.А.Меңілбаевтың Сырдария және Р.М.Таштемханованың Семей, Д.Қ.Әбеневтың Орал, Торғай облыстарын материалдары негізінде жазылған зерттеулерін атауға болады/77/. Ізденушілердің диссертацияларында Сырдария, Семей облыстарына келімсектерді орналастыру, олардың тұрмыс-тіршілігі, қазақ ауылдары және қалалармен арадағы қарым-қатынастары қамтылып, талданады. Авторлар қоныстандырудың позитивті жақтарымен қатар жағымсыз тұстарын да көрсетеді. Дәл осындай көзқарастар Қ.А.Жиренчиннің жаңа бағытта жазылған монографиялық зерттеуінен орын алған /78/.

Тағы бір айта кетерлік жайт, қоныстандыру саясатының зардаптарынан туындайтын экологиялық мәселе. Қазақ даласын жапатармағай жырту, жердің тозуына ықпал етсе, екіншіден, орман-тоғайларды қырқып, аң мен құсына, қоршаған ортаға қатер төндірген. Аталған мәселе әзірше қазақстандық тарихнамада көрініс таба алмай келеді. Мәселенің кейбір тұстары М.Жақыптың мақаласында айтылады /79/.

Соңғы уақыттарда тарих ғылымында әлеуметтік-тарихи демография мәселелеріне айтарлықтай көңіл бөлінуде. Өйткені тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын, халықтың өлу-ауқатын жақсартуға бағытталған реформаларды жүзеге асыру жолында республика халқының өсуі мен құрамындағы өзгерістерді зерттеу өзекті мәселелердің бірінен саналады. Ғылымға негізделген демографиялық, әлеуметтік, көші-қон саясатын саралап, талдау республиканың этнодемографиялық және әлеуметтік құрылымының барысын түсінуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта бірқатар зерттеулер мен ғылыми мақалалар жазылып, жарық көрді. Қазақстандағы қоныстандыру саясатының әлеуметтік-демографиялық салдарын зерделейтін еңбектер де жоқ емес. Мәселен, М.Х.Асылбеков, Х.Әбжановтың мақаласында ХІХ-ғасырдың соңы ХХ-ғасырдың басында Қазақстанның көпұлтты аймаққа айнала бастағанына қоныстандыру саясатының тікелей

қатысы, столыпиндік аграрлық реформа кезіндегі келімсектердің мейлінше көбейгендігі қамтылады. Авторлар “ұзын-ыргасы 46 жыл аясында (1871-1916ж.ж.) 1,6 миллионнан астам адамның қоныстанғанын, бұлардың басым көпшілігінің 1907-16 жылдарда келгендігін, орыстар мен украиндықтардың үлес салмағы күрт өсіп, 1914 жылы 29,6 процентке көтерілгендігін” дәлелдейді/80/. Сондай-ақ М.Асылбеков, А.Б.Ғалиевтің монографиясында да қоныстандырудың бірқатар тұстары демографиялық тұрғыдан талданады. “1914 жылға қарай қазақтардың үлес салмағы барлық тұрғындарының жалпы саны бойынша 60 процентке төмендеп, орыстар, барлық тұрғындардың 19,6 процентін құрағандығы” негізінде шындықтың беті ашылады/81/. Осы көрсеткіштер кеңестік дәуірде жазылған зерттеулердегі мәліметтермен сәйкес келмейтіндігін айтқымыз келеді. Себебі жалған “интернационализм”, “халықтар достығымен” бүркемеленген мәліметтер шынайы демографиялық жағдайды көрсетуге кедергі болды.

Қоныстандыру тарихының жалпы теориялық, методологиялық мәселелері Ж.Қасымбаевтың “Қазақстан тарихында” және Қазақстан тарихының очерктерінде берілген/82/. Аталған зерттеулердің келімсектер қозғалысын, патша үкіметінің қоныстандыру саясатын терең талдап, пайымдаудағы маңызы зор.

Қоныстандыру тарихы шет елдік тарихнамада да айтарлықтай орын алады. Шет елдік, әсіресе батыстық зерттеуші-ғалымдар Орта Азия, Қазақстан тарихына ден қоя отырып, отарлау, қоныс аудару мәселелерін де қамтыған. Ол жайындағы деректерді тарихшы Қ.Р.Несіпбаеваның, М.Лаумулиннің еңбектерінен кездестіруге болады /83/. Мәселен Қ.Р.Несіпбаева өзінің монографиялық зерттеуінде қоныстандыру, отырықшыландыру және егіншілік мәселелеріне байланысты қазіргі ағылшын-американ тарихнамасын талдаса, М.Лаумулин қазақ даласына орыс мүжықтарының қоныстануы, патша өкіметінің саясаты, қазақтар шаруашылығындағы өзгерістер жайында Дж.Демко, К.М.Макколей, С.Беккер, М.Рывкин, Д.Уильямс зерттеулерінде көрініс тапқандығын айтады. Батыстық тарихнама М.Лаумулин пікірінше Қазақстандағы орыстың әскери және азаматтық қоныстандыру тарихын үш этапқа бөледі 1) 1824-1869ж.ж. 2)1869-1906ж; 3) 1906-1917ж. Егер бірінші кезең негізінен кейін қалаларға айналған әскери бекіністердің салынуымен сипатталса, екінші, үшінші – тежелген және қолдау тауып отырған отарлау кезеңдері болып табылады /84/. Қоныстандырудың мәні мен мазмұнын ашуда ағылшын-американ тарихнамасы мен тәуелсіз қазақстандық зерттеушілердің пікір үндестігіне Қ.Несіпбаеваның тарихнамалық талдауы арқылы көз жеткізуге болады. Мәселен автор былай деп жазады:

“...зерттеушілер қоныстандыру арқылы патша өкіметінің Ресейдегі аграрлық шиеленісті, жер тапшылығын шешуге, біруақытта өзіне тірек құруға ұмтылды”/85/. Дәл осындай қозқарастар қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінен көрініс тапты. Біз ол жайында жоғарыда айттық. Ал М. Лаумулин пікірінше Батыс Европалық зерттеулерде келімсектер қозғалысы таза орыс және европалық түрде көрінбейді. Мұнда көбінесе Жетісуға дүнгендердің қоныс тебуіне айтарлықтай орын беріліп, осы мәселеге бірқатар мақалалар арналған. Дегенменде Дала өлкесіндегі орыс отарлауына байланысты батыс зерттеушілерінің іргелі еңбектері арналып, жарияланған. Мәселен, Дж.Демконың еңбегінде орыс шаруаларының қоныстандырылуы, жерлерді игерудің, әсіресе Жетісудағы, толық өрісге жей – тегжейлі бейнесі көрсетіледі /86/. Дж.Демконың пікірлері мен пайымдаулары Қ.Несіпбаеваның зерттеуінде де көрсетіледі. Мәселен, автор осы тұрғыда былай дейді: “Дж.Демко Европалық Ресейден XIXғ. соңы XXғ. бас кезінде 15 млн. жаңа қонысшылар Қазақстанға келді. Көшпелі қазақтар бірте-бірте Орталық және Оңтүстік Қазақстанға қарай ығыстырыла бастады”/87/. Қ.Несіпбаева, М.Лаумулин шетелдік зерттеушілер М.Макколей, С.Беккер, М.Рывкин, Д.Уильямс, А.М.Хазанов, М.Олкотт еңбектерінен үзінделер келтіріп, пікірлерін талдайды. Мысалы, аталған зерттеушілердің көрсетуінше кеңес ауыл шаруашылығын зерттеуші М.Макколей революцияға дейінгі орыс аграрлық саясатының мәнін былайша айқындайды: “Столыпиннің көзі басым көпшілігі көшпелі жергілікті қазақтардың бақылауындағы мүмкіндіктері жеткіліксіз түрде пайдаланылмай отырған Дала өлкесі жерлеріне түсті де, оның дегбірі қашты. Столыпин Қазақстанды орыс Эльдорадосы” деп жариялады”/88/. С.Беккер негізінен Қазақстандағы эмиграцияның қалалық сипатын ашады. “Орыс отарлауы даланың дәстүрлі экономикасына драмалық импульс ретінде ықпал етті. 1906-16 жылдар арасында төрт дала облысында қазақтардың егістік жерлері төрт есеге қысқарды. 1916 жылы барлық қазақтардың 30 проценті ауыл шаруашылығымен айналысты, бірақ олардың көпшілігінің жер бөліктері аз немесе мүлде болмады”, - деп көрсетеді/89/. Осындай пікірлер М.Рывкиннің және Д.Уильямстың Жетісудағы келімсектер туралы арнайы жазған зерттеулерінен көрініс тапқан.

Батыс авторлары “қоныстандыру саясаты ұлттық қайшылықтарға: 1916 жылы көтеріліске, өзінің салдары арқылы 30-жылдардағы ұжымдастыруға, 50-жылдардағы тың экспансиясына алып келді”, - деп бірауызды пікір танытады. Жалпы батыс тарихнамасында ұлттық қарама-қайшылықтарға баса назар аударылады. Сондай-ақ зерттеушілердің қазақ жерлерінің тартып

алынып, тоналуы көшпенді мал шаруашылығының құлдырауы туралы да пікірлерін де үндестік бар.

Қ.Несіпбаева зерттеуінің ерекшелігі, онда қоныстандырудың саяси, әлеуметтік-экономикалық салдарларының бірі-отырықшыландыру мәселесіне баса назар аударылады. Зерттеуші "...Д.Бәйтс, Т.Монод, А.М.Хазанов, және т.б. отырықшыландыруды көшпелілердің қоршаған ортаға бейімделудегі ең тиімді тәсілі ретінде қарастырады... Бейімделуге жағдай жасаған жолдардың ішінде зорлау бағытының орын алғандығын атап көрсетеді. Отырықшылану проблемасына көшпелілер Орта Азия мен Қазақстанды патшалық Ресейдің жаулап алуынан және отарлау ережесін орнатқаннан кейін бетпе-бет келді",- деп жазады/90/. Қазақстандық зерттеушілер тәрізді ағылшын-американдық тарихшылар қазақтардың өздерінің құнарлы жерлерінен айырылған соң шөл, шөлейт аймақтарға ығысып, кейбір жағдайларда отырықшы егіншілікпен айналысуға мәжбүр болғандығын Қ.Несіпбаева көрсете келе былай дейді: "...С.Беккер 1916ж. қазақтардың 30%-не жуығы диханшылар ретінде отырықшыланды, бірақ көптеген қазақтардың жері өте аз болды, кейде тіпті болмады да, ал егер жері болса, ол өте төменгі сапада болды деп санайды /91/. Осылайша шетелдік тарихшылар отырықшыландыру проблемасын патша өкіметінің отарлау, саясатының ауқымында қарастырып, тарихи шындыққа жақын көзқарастар білдірді.

Сонымен Қ. Несіпбаева, М.Лаумулин зерттеулерінен шетелдік зерттеушілердің біз талдап отырған мәселені айтарлықтай деңгейде меңгергені байқалады. Зерттеушілер дерек ретінде көбінесе кеңес деректері мен материалдарын пайдаланған. Алайда кеңестік қазақстандық зерттеушілерге қарағанда олар анағұрлым өткір пікір білдіреді. Осы орайда Қ.Несіпбаева, М.Лаумулин зерттеулерінің шетелдік зерттеушілердің көзқарастарын танудағы маңызы зор.

Осылайша қоныстандыру тарихы және оның кейбір қырларын ашатын көптеген зерттеулерді талдадық. Қорыта айтқанда патша өкіметінің Қазақстандағы қоныстандыру саясаты негізінен зерттелді деп айтуға болады. Революцияға дейінгі еңбектерде қоныстандыру патшалық-чиновниктік және демократиялық бағыттарда көрінді. Революциядан кейінгі 20-30-жылдары мәселені ғылыми тұрғыда зерттеуде алғашқы қадамдар жасалып, түбегейлі зерттелуіне жол ашылды. Бұдан кейінгі жылдардағы зерттеулердің жариялануы сталиндік билік пен өкімшіл-әміршіл жүйенің пайда болып, орнығу кезеңіне сәйкес келеді. Сондықтан қоныстандыру тарихы негізінен таптық тұрғыда қарастырылды. Тарихшылар нақты тарихи жағдайды үстірт қана көрсетіп, ашық шындық пен шиеленісті жақтарын талдаудан сырттады. Ғылымда қоныстандыру

мәселесіне байланысты догмалық, жаттанды, біржақты қағидалар орын алды. Соның салдарынан толғағы жетіп шешімін табуға тиісті маңызды мәселелер тіптен аз немесе жоқ тәрізді болып көрінді. Әйтсе де кеңестік дәуірде жарияланған зерттеулердің бәрін бірдей сынап, жаратпай тастау дұрыс болмаған болар еді. Солардың ішінде айтуға тұрарлық, іргелі де құнды еңбектер жоқ емес. Олар қоныстандыру тарихнамасын жетілдіруде септігін тигізді.

Егеменді еліміздің жаңа тарихи танымы және қоныстандыру тарихнамасын қайта зерделеуде соңғы уақыттарда бірқатар зерттеулер жарық көрді. Олардың біз қарастырып отырған мәселені жаңа методология тұрғысынан саралауда маңызы зор.

Дегенмен тарихнамада әлі де шешімін табуға тиісті мәселелер жоқ емес. Ең алдымен патша өкіметінің қоныстандыру саясатын ХІХ-ғасырдың 60-жылдарынан бастап, кеңестік билік кезіндегі одан өрі жалғастырылған келімсектер қозғалысымен байланыстырып қамтитын жаңа методологиялық негіздегі іргелі зерттеулер қажет. Қоныстандыру саясатының зардаптары бір жүйеге келтіріп, әлі де болса өзінің шынайы бағасына ие бола алмай келеді. Міне, осы мәселені тың деректер негізінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Келімсектер қозғалысының әсіресе демографиялық, экологиялық салдары мен зардаптарын айқындайтын зерттеулер өмірге келулері керек. Қарашекпенділердің Қазақстанның әлеуметтік экономикалық жағдайына тигізген ықпалы объективті түрде, тың деректер мен құжаттардың негізінде зерделгені абзал.

ХІХ-ғасырдың соңы ХХ-ғасырдың басындағы қоныстандыру және жер мәселесін егжей-тегжейлі, жан-жақты қарастыру мақсатында мынадай зерттеу жұмыстарының тақырыптарын ұсынамыз:

- Патшалық Ресейдің Қазақстандағы қоныстандыру саясаты және оның зардаптары;
- Қарашекпенділердің Қазақстанға қоныс аударуы және оның демографиялық салдары;
- Патша өкіметінің Қазақстандағы шаруалар отарлауы: тарихы мен салдарлары;
- Ресей шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы мәселелері орыс зиялылары зерттеулерінде;
- “Қазақ” газеті және “Айқап” журналы қоныс аудару, жер мәселелері туралы;
- Патша өкіметінің Қазақстандағы шаруалар отарлауы және кеңестік большевиктік қоныс аудару;
- Қоныстандыру және Қазақстанның әлеуметтік экономикалық, саяси жағдайы.

4. Қазақстанда ірі бай шаруашылықтарын тәркілеу тарихи әдебиетте

Қазақстанда ірі мал иелерін меншігінен айыру және тәркілеу 1920 - жылдардың соңындағы әлеуметтік – саяси мәнді тарихи процесс болды. Сталиндік – голощекиндік билік қазақ ауылын “қансорғыш қанаушылардан азат етуді” көздеп, ауқатты шаруаларды түп – тамырымен жоюды мақсат етті. Ірі мал иелерінің қожалықтарын жоюдағы большевиктік партия мен кеңес өкіметінің қатыгез әрі қатіе саясаты ауыл шаруашылығында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізбеді. Алайда кеңес дәуірінде “ірі бай-жартылай феодалдардың” мал-мүлкін кәмпескелеудің шынайы тарихи мазмұны ашылмады. Бүкіл дәстүрлі шаруашылық құрылымын қиратқан акция біруақыттағы революциялық-демократиялық және социалистік қайта құру ретінде сипатталды. Тақырып тарихшы-ғалымдардың аса маңызды зерттеу объектісіне айналып, бірқатар еңбектер жарық көрді. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында мәселені жаңа көзқарастар негізінде зерттеу қолға алына бастады.

Қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеу қазақстандық тарих ғылымында 40-жылдардың соңынан бастап зерттеле бастады. Алайда аталған мәселе бойынша жарық көрген арнайы тарихнамалық зерттеулер-жоқтың қасы. Әйтсе де Н.Ә.Әлімбаевтың, С.Б.Нұрмұхамедовтың жаппай ұжымдастыруға дайындық барысындағы жүргізілген аграрлық өзгерістерге қатысты жариялаған тарихнамалық тұрғыдағы мақалалары көрсетілген олқылықтың орнын біршама толтырады/1/. Н.Ә.Әлімбаев өз мақалаларында ірі бай шаруашылықтарын кәмпескелеуге байланысты қазақстандық тарих ғылымындағы көзқарастарды көрсетіп, зерттеулерді талдайды. Автор: “Ғылымда кәмпеске ауыл қанаушыларының экономикалық мығымдылығын айтарлықтай сөгіп, қалыптасқан қанау жүйесінің қирауына ықпал етті. Ауылда орта шаруа айтарлықтай көбейді” деген тұжырымдар берік орнықты”, – деп жазды/2/. Зерттеуші Г.Ф.Дахшлейгер, Б.А.Төлепбаев, Ә.Б.Тұрсынбаев, Ә.Ә.Шүпеков т.б. зерттеулерін талдай келе, “1928 жылғы ірі бай шаруашылықтарын тәркілеуді ғалымдар ауылдағы капитализмге дейінгі ереженің экономикалық негіздерін жоюдағы саяси-экономикалық актілердің соңғысы ретінде қарастырды”, – деп көрсетеді/3/. Осыған ұқсас пікірлер Н.Ә.Әлімбаев пен С.Б.Нұрмұхамедовтың бірлескен мақаласынан да көрініс берді. Авторлар тәркілеуді отпелі кезеңдегі революциялық шара ретінде санап, “кәмпеске сияқты әлеуметтік-экономикалық шаралардың табысты жүргізілуі... республикалық партия ұйымдарының орасан зор шаруашылық-ұйымдастырушылық қызметінің нәтижесі тү-

зор шаруашылық-ұйымдастырушылық қызметінің нәтижесі түрінде кеңес дәуірінде, яғни 1917-60-жылдарда жарияланған еңбектерде баса айтылғандығына” назар аударалы/4/. Тарихшылардың орта шаруа мәселесін де көтергендігін айтады. Осылайша авторлардың өктем коммунистік идеологияға, маркстік-лениндік методологияға бағындырылған тұжырымдары мен пікірлері марапаттау, мадақтау түрінде жасалды. Мұның өзі бұл еңбектердің құндылығын түсіріп, жаңа қазақстандық тарихнамалық зерттеулер жазуда ғылыми бағыт бере алмайды.

1920- жылдардың соңы – 30-жылдары ірі мал иелерін меншігінен айыру мәселесі ғылыми тұрғыда арнайы зерттелмесе де мерзімді бапасыз беттерінде оның кейбір тұстарын ашатын мақалалар жарияланды/5/. Мақалалар авторлары бәрі бірауыздан тәркілеуге қарсы болып, оған балама ұсыныс айтқан қазақ зиялылары С.Сәдуақасов, Ә.Бокейханов, А.Байтұрсыновты және сол кездегі алдыңғы қатарлы ғалым – ауыл шаруашылығын зерттеушілер М.Сириусты, Е.А.Полочанскийді, В.Налимовты т.б. буржуазиялық - ұлтшылдыр, уклонистер, оңшыл троцкистер ретінде әшкерлеп, оларды “ірі байлар мүддесін қорғады” деп айыптайды. Мәселен, А.Альский, С.Сәдуақасовты “ауылда таптар жоқ, ... ауыл феодалдық емес, яғни жартылай феодалдық сарқыншақтарды жою және экспроприация жүргізу керек емес” деген пікірі үшін аяусыз сынға алады. Осындай пікірді Ғ.Тоғжанов, Н.Тимофеев пен С.Брайнин де ұстанды/6/. Авторлардың Т.Рысқұловқа, С.Қожановқа, С.Сәдуақасовқа, Мыңбаевқа халық жауы, ұлтшыл – уклонистер, қазақ байларының үгітшілері ретінде айдар тағуы еш сын көтермейді. Авторлар ВКП(б) тарихының қысқаша курсы және әкімшілік-әміршілік жүйенің талаптарына сай, Ф.Голощекин, И.Сталин пікірлерін ұран ретінде ұстап, ірі мал иелерін тәркілеуге байланысты қозқарастардың шынайы мәніне құлақ аспай, коммунистік идеологияны пәрменділікпен қорғап бақты. Олар тіпті “қазақстандық ұлтшыл-уклонистер, оңшыл троцкистер ірі бай – жартылай феодалдарды тәркілеуге, партия директиваларын іс – жүзіне асыруға кедергі болды, арандатушы әрекеттерге барды”, – деп айыптайды/7/. Мәселенің тек таптық, партиялық жағына барынша мән берген авторлар қазақ зиялы қауымының өкілдері мен ғалым – зерттеушілердің тәркілеу арқылы қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық құрылымының қиратылуы қауіпті тұрғандығын назардан тыс қалдырды. Ғ.Тоғжановтың өзі қорсеткендей С.Сәдуақасовтың пікірінше “...ауылда байды экспроприациялау пролетарлық базаны құру емес және кедейді байдан азат етпейді керісінше бұл кедейдің тозуы, қаналуы, яғни кедей үшін азап” екендігі мүлде естен шығарылды. Керісінше

қалдықтарын жоюдағы, ауылды кеңестендірудегі, оны революциялық жолмен дамытудағы басты әрекет” ретінде көрсетті/8/. Осылайша сталиндік-голощекиндік билік кезінде дүниеге келген еңбектер өздері сынап, әшкерелейтін қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдерінің көзқарастарын көрсетуде ғана маңызды тұстарының барлығы назар аудартады.

Аталған мақалалардан өзге 1932 жылы И.А.Зверяковтың “От кочевания – к социализму” атты еңбегі жарияланды. Автор өз еңбегінде В.Налимов, Е.А.Полочанский, С.Швецов, Ә.Бөкейхановтың қазақтың ірі байлары тұрғысындағы көзқарастарын сынап, социализм үшін “жарамсыз” етті. Автор 1928 жылы Қазақстанда совхоз құрылысын өркендету мақсатымен арнайы жұмыс істеген экспедиция мүшесі В.Налимовтың “Результаты антролоэтнологического и антрологеографического исследования Казахстана” деген еңбегіндегі қазақ байлары жөнінде жазған ой-тұжырымдарын өткір сынға алды. Себебі біз талдап отырған мәселе үшін В.Налимов пікірінің маңызы айтарлықтай: біріншіден, орнығып келе жатқан әкімшілік-әміршілдік жүйе кезінде “қанаушы таптар” туралы қалыптасқан көзқарасқа мүлде қайшы болды, екіншіден, қазақ қоғамындағы таптар, тап күресі проблемаларын қайта қарап, жаңа концепция қалыптастыруға септігін тигізеріне күмән келтірмейміз. В.Налимов былай деп жазды: “...Бай өзінің мүддесін, қалай десе де, “дастарқанынан сарқыт ішетін кедей мүддесімен байланыстырады. Бай неғұрлым ауқатты болса, кедей жарқын өмір сүреді – оған тиер сарқыт та мол”/9/. В.Налимовтың Қазақстандағы зерттеу жұмыстары 1928 жылы жүргізілгендіктен ол ірі мал иелерін меншігінен айыру кампаниясына сәйкес келді. Сол себепті профессор Налимов тәркілеуге байланысты батыл пікір айтты: “Жергілікті қырғыз өкіметінің саясаты келте болып шықты: ол байларды қайыршылыққа ұшыратқысы келіп, олардың малын тәркіледі және егіншілік ұжымдарына берді. Бұл бие мен інгеннің сүтін ішкен қырғыздың мүддесінің шырқын бұзды... Сондай-ақ, бай мен қырғыз кедейі арасында елеулі симбиоз бар. Көшпелі қырғыз кедейлері түгелдей байларды жақтайды/10/. В.Налимов осы пікірі арқылы қазақ дәстүрлі шаруашылығының іргесі сөгілгендігін айқын көрсетті.

Қазақ байларының жағымды қасиеттерін Е.Полочанский де былайша айқындайды: “...жайылымды мал шаруашылығы жағдайында бай тіптен қанаушы емес, шаруашылық - рулық негіздегі қоғамның пайдалы және орны толмас мүшесі тәрізді”/11/. Алайда 1930-жылдары кеңестік идеология мұндай көзқарасты мүлде жоққа шығарып, таптық саясатқа қарсы пікір ретінде айыптағаны белгілі.

Сонымен, 1920-30-жылдары жарияланған еңбектер тәркілеу мәселесі бойынша “алғашқы қарлығаштар” болғанымен қасан большевиктік идеология мен сталинизм шеңберінде жазылып, алдыңғы қатарлы қоғамдық пікірді әшкерелеуге бағытталды. Алайда олардың ғылыми деңгейі төмен болғанымен біз талдап отырған мәселеде қарама-қайшы қозқарастарды айқындауда маңызы айтарлықтай.

Қазақтың ірі мал иелерін меншігінен айыру мәселесі төңірегінде алғаш рет 1940-жылдардың соңына қарай З.А.Ақышеваның, А.П.Кучкиннің, С.И.Якубовскаяның, А.П.Скоплиннің ғылыми еңбектері жазылып, жарияланды/12/. З.А.Ақышева қазақстандық тарих ғылымында алғаш рет ірі мал иелерін тәркілеу мәселесі бойынша кандидаттық диссертация қорғады. З.А.Ақышева аталған мәселені зерттеуші ретінде тоталитарлық жүйе мүддесінен шығатын концепция қалыптастырды. Автор: “Қазақ халқы өмірінің материалдық игілігін жақсартып, мәдени деңгейін көтеру көшпенділікті жоймай мүмкін емес, ал ірі байлар ауыл еңбекшілерін қанауды бүркемелейтін көшпенді тұрмыс, патриархалдық-рулық сарқыншақтарды жақтайды”, – деп көрсетеді /13/. З.А.Ақышева: “Қазақстандағы “ірі-жартылай феодалдардың мүлкі мен малын тәркілеу ауылдың экономикалық және саяси өміріндегі үлкен этап болды”, – деп пайымдайды/14/. “Қазақ ауылы ірі бай-жартылай феодалдардан құтылды. Өндіріс күштерді дамытуға алғышарттар туды. Малсыз және әлсіз шаруашылықтардың саны азайды” – деген автордың ең алғашқы сталинизм мен өкімшілдік-өміршілдік жүйенің үстемдік етіп тұрған кезінде айтылған пікірлері тоталитарлық дәуірдегі тарихшылар үшін тайға таңба басқандай “қағидаға” айналды/15/. Осылайша ірі мал иелерін тәркілеу тарихын зерттеудегі алғашқы кеңестік концепция қалыптасты. Осындай концепцияны ары қарай дамытушылардың бірі А.П.Кучкин болды. Автордың пікірінше жүдеп – жадауға өкелген “бүкіл Қазақстан бойынша тәркілеу табысты өткізіліп, үш айға созылды,... 700 бай шаруашылықтары тәркіленді. Барлығы 150 мың бас мал ірі қараға шаққанда, алынды/16/. А.П.Кучкиннің көрсеткен деректерінен айырмашылығы бар сан көрсеткіштері С.И.Якубовскаяның мақаласынан орын алды. Егер З.А.Ақышева: “Қазақстанда барлығы 696, ал А.П.Кучкин – 700 “бай-жартылай феодал шаруашылықтары тәркіленді. Бұл белгіленген жоспардың 99,4 проценті”, – деп көрсетсе, С.И.Якубовская өз мақаласында тәркіленген шаруашылық санының 608 болғандығын жазады/17/. С.И.Якубовскаяның тәркіленген шаруашылықтар санын айқындаудағы көрсеткішінің шындыққа жанаспайтындығын айтқан жөн. Себебі еңбек тұңғыш рет Коммунистік партия шешімдерінің,

архив деректері мен (НКВД) КХК құжаттары негізінде жазылған. З.А.Ақышеваның диссертациясында, одан кейін бүкіл кеңестік дәуірде тәркілеу тарихын зерттеген тарихшылар еңбектерінде тәркіленген шаруашылықтардың 696 болғандығы дәлелденеді. Алайда аталған авторлардың бәрі де бай – жартылай феодалдардан 150 мың бас мал алынғанын (ірі қараға шаққанда) бір ауыздан дерек арқылы көрсетеді. Тек зерттеуші А.П.Скоплин тәркілеудің сәтті жүргізілгендігіне тоқтала келе, байлардың “тәркілеуге түсетін 300328 бас малдың (ірі қараға шаққанда) 144474 басқа қысқарғандығына” назар аударады/18/. А.Скоплин ірі қазақ байларында мыңғырған көп мал болмағанын тәркілеу нәтижелері көрсетіп бергенін айта алмады. Шын мәнінде орта есеппен әрбір қожалыққа шаққанда мыңғырған көп мал болған жоқ. Көшпелі шаруашылық үшін 290 бас ірі қара көп емес. Қазақтың сөзімен айтсақ мұндай мал – “бір жұттық”. Осы жерде айта кетерлік тағы бір жайт, жиырмасыншы жылдары қазақ даласында толыққанды, маркстік-лениндік үлгідегі феодал табы болған жоқ. Мұны голощекиншілдердің өздері де іштей мойындап, 1928 жылы тәркіленген ең ірі қазақ байларын “крупный бай – полуфеодал” деп сипаттады/19/. Әйтсе де зерттеулерде “ең бастысы бай-жартылай феодал шаруашылықтарын тәркілеу жұмысында мал – мүлікті тартып алу емес ауылды қанаушы таптан арылту екендігі баса айтылады. Зерттеушілердің тәркілеудің экономикалық, саяси нәтижелерін көрсетудегі пікірлері де бір-біріне үндес. Мәселен, А.П.Кучкиннің көзқарасынша “бай малы мен еңбек құрал-жабдықтарын алған батырақтар мен кедейлер өндіріс қажеттілігімен қамтамасыз етілген өзіндік өндірушілерге айналды. Кедейлердің бір бөлігі орта шаруалар тобына ауысты. Батырақ-кедей таптар саны жағынан азайып, орта шаруалар өсті”/20/. Осындай пайымдаулар өзге де аталған зерттеушілер еңбектерінен көрініс тапты. Осылайша “ірі бай-жартылай феодалдары тәркілеу нәтижесінде орта шаруа басты тұлғаға айналды” деген тұжырым 40-жылдардың соңы – 50-жылдары қалыптасып, ғылымнан берік орын алды. Зерттеушілердің тәркілеудің экономикалық қорытындыларын түйіндеудегі пайымдаулары да ұқсас. Мәселен, А.П.Кучкин: “...Тәркіленген мал мүліктің 60-70 проценті ауылдың кедей шаруашылықтарына, оларды күшейту үшін, ал қалған бөлігі колхоздар мен совхоздарға берілді”, - десе, А.Скоплин “мал алған кедейлер мен батырақтар колхозға кірді. Ауылда 293 жаңа ұжымдық шаруашылықтар ұйымдастырылды. Малдың бір бөлігі бұрынғы 695 ауыл шаруашылық артельдерін нығайтуға бөлінді. Барлығы 988 колхоз 29329 бас мал алды. 5 жаңа мал шаруашылық совхоздары құрылды,- деп баса көрсетеді/21/. З.А.Ақышева, С.И.Якубовская да

осыған үндес пікір білдіреді. Автордың жоғарыда көрсеткен 150 мыңға жуық бас малы мыңғырған байлыққа айналып, төрт түлігі сай колхоз-совхоздар өмірге келген-дей болады. Ал шын мәнісінде мұндай тұжырым партиялық құжаттарда қабылданғандықтан оның шынайы жағдайын көрсету қылмыс жасағанмен тең еді. Сондықтан да зерттеушілер бірлерінің пікірін екіншілері толықтыра қайталады. Өйткені үстем етуші коммунистік партияның қаулы-қарар, шешімдері негізінде жазылған ғылыми зерттеулердің өртүрлі интерпретация беруі мүмкін емес еді. Шын мәнінде мал алған шаруашылықтардың бірден тез өсіп, оңалып кетпегендігін айту керек. Себебі мал алғандардың көпшілігі тақыр-таза кедей, батырақтар болғандықтан, олардың шаруашылығын көтеру үшін көптеген қаржы-қаражат т.б. керек болды. Оның үстіне алғаш құрылған колхоздар шаруашылық жағынан әлсіз болды, өйткені ұжымдастырылғандардың басым көпшілігі тағы да кедей топтар еді. Осылайша революциялық жолмен жасалған шара тұйыққа тіреліп, бірден жол тауып кете алмады. Өкінішке орай мұндай шындық тарихнамадан орын ала алмады. Бұрмаланған, алдын-ала “ақ-қарасы анықталған” тарихи зерттеулер өмірге келуге тиіс еді.

Бұдан кейінгі кезеңде тәркілеу мәселелері Ә.Тұрсынбаев, Г.Ф.Дахшлейгер, Б.А. Төлепбаев, Ж.Жұмабеков зерттеулері мен ғылыми мақалаларында және Ә.Шүпеков, Н.С.Байғабылов, В.С.Федоровтың кандидаттық диссертацияларында т.б. қарастырылды/22/. Ғалымдар ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеудің қажеттілігін қазақ ауылындағы тап күресіне ерекше мән беру арқылы көрсетеді. Мәселен, Ә.Тұрсынбаев 1928 жылға қарай ірі байларды тәркілеудің объективтік алғышарттарының пісіп-жетілгендігін айта келіп, “байларды бұрынғы өздері тұрып жатқан жерлерде қалдыруға болмайды. Бұл феодалдық элементтер ауылда революциялық қайта құруда салмақты кедергі болып табылады”, - десе, Г.Ф.Дахшлейгер тәркілеудің антифеодалдық бағытын көрсетуге ұмтылып, “тәркілеу қанаудың патриархалдық -феодалдық тәсілдірінің негізін ұстанушы, феодалдық, рулық институтты сақтаушылардың шаруашылықтарын экспроприациялауға тиіс болды”, -деп пайымдайды/23/. Ж.Жұмабеков ірі байларды тәркілеудің қажеттілігін “ауылдың еңбекші бұқарасын социалистік құрылысқа тарту жұмыстарын күшейтудегі алғышарттармен байланыстырады/24/. Ғалым-тарихшылар байларды “жауыз-қанішер” ретінде көрсету арқылы қазақ ауылындағы әлеуметтік-саяси жағдайға үлкен мән береді. Авторлар мәселенің көлеңкелі тұстары жайында жұмған ауыздарын ашпайды. Әкімшілік-күштеу саясатының Қазақстанда ақыры қайғылы аяқталғанын авторлар керісінше көрсетеді. Мысалы, Ә.Тұрсынбаев тәркілеу шараларын

марапаттай, ...қазақ ауылының таптық бейнесі күрт өзгерді, ...орта шаруа ауылдың басты тұлғасына айналды”, - деп қорытындылайды”/25/. Б.А.Төлепбаев маркстік-лениндік ілім мен тоталитарлық жүйенің “талаптарына” сай келетін тұжырым жасай келе “төркілеумен ауылдағы қоғамдық қатынастарды орта ғасырлық сарқыншақтарынан, патриархалдық-феодалдық шырмаудан босатуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық шаралардың комплексі негізінен аяқталды”, - деп түйіндейді/26/. Өзінің әріптестері тәрізді Б.Төлепбаев та ауылдың әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерді төркілеумен байланыстыра келе, “ауылдағы орта шаруа орыс деревнясындағы сияқты басты тұлға болды”, - деп көрсетеді/27/. Ж.Жұмабеков пікірінше төркілеудің нәтижесінде “біріншіден, ауылдағы социалистік құрылыс жолынан кедейлер мен батырақтарды аяусыз қанаған бай-жартылай феодалдар ығыстырылды. Екіншіден, ...кедейлер мен батырақтардың материалдық жағдайы жақсарды”/28/. Бұл жерде автордың кедейлер мен батырақтардың материалдық жағдайы жақсарды деген тұжырымына біршама қосылуға болады. Себебі бұрын малсыз болып келген кедей – батырақтар 4-5 бастан мал алып, жағдайларын жақсартты. Ал мұнан кейін ғалым бәрі-бір басқа тарихшы зерттеушілер тәрізді орта шаруа басты тұлғаға айналды деген тұжырымға келеді. Себебі “төркілеуден соң ауылдың әлеуметтік бейнесі былайша көрінді: кедейлер 18,2 процент, орташалар – 76,3, байлар – 5,5% болды” - деген жаттанды партиялық қағиданы айналып өтуге автор қасаң коммунистік идеологияның өмір сүріп тұрған кезінде дәрменсіз еді/29/. Оның үстіне өзі жазып отырған ғылыми еңбектің партиялық өдебиетке жататынын жадында берік ұстаған автор ірі байларды төркілеудің салдарынан дәстүрлі мал шаруашылығының біржола күйреуін, жергілікті кеңес ұйымдарының күштеу әрекеттерін т.б. партия саясатын өшкерелейтін өткір мәселелерге бара алмады. Сөйтіп, жеке адамға табыну және өкімшіл-әміршіл жүйе жылдары жарияланған зерттеулерде ірі мал иелерін жеке меншігінен айыру шаралары “ауылды революциялық қайта құрудағы қажеттілік”, кемшіліктері “табысты нәтиже”, зардаптары, дәстүрлі шаруашылық құрылымының бұзылуы “орта шаруаның басты тұлғаға айналуы” түрінде бұрмаланып, маңызы “ауыл біржола қанаушы-қанішерден құтылды” деп көрсетілді. Осындай пікірлер М.Шаумян, Б.А.Амантаев, С.Е.Толыбеков, Л.А.Рахлис, М.Г.Исаева, Г.Ф.Дахшлейгер еңбектерінен орын алды/30/. Авторлар “революциялық әлеуметтік-экономикалық өзгерістер нәтижесінде шаруашылықтың экстенсивтілігіне және басқа да қиындықтарға қарамастан дәулетті-орта шаруаның сөзсіз тіпті жартылай көшпелі, көшпелі ауылда басты тұлға болғандығын”

анып көрсетеді/31/. Бұл жерде авторлардың Қазақ өлкелік партия комитетінің “...орташа ауылда басты тұлғаға айналды” деген дәлелсіз қорытындысын құлшына мақұлдайтындары айқын көрінеді. Осындай тұжырым жасауда авторлар, өсіресе Г.Ф.Дахшлейгер өз пікіріне өзі қайшы келеді. Г.Ф.Дахшлейгер ірі байларды тәркілеу нәтижесінде қазақ шаруаларының бар болғаны 3-4 процентінің ғана малға ие болғанын, нәтижесінде “ауылдағы орташалар қожалықтарының үлес салмағы бар болғаны 10-12, ары кеткенде – 15%-ке ғана өскенін дәлелдей келе, өз тұжырымын партиялық қағидалар аясына зорлап сыйғызады/32/. Осыған орай айта кетерлік жайт, тоталитарлық жүйе жылдарында жарияланған еңбектерге тән, “қасиет” авторлар өз ой-тұжырымдары дәлелді болу үшін қалай да партияның қаулы-қарарларымен “теңестіріліп”, мәселенің көлеңкелі тұстарын айналып өтіп, күнгейін ғана жағалап кетеді. Осыдан барып шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын тұжырымдар дүниеге келіп, тарихи оқиғалар бұрмаланып, қоғамдық өмірде олардың шынайылығына күмән келді. Алайда осындай зерттеу тәсілі жалпылама үрдіске айналды. Ал шындығына келсек “ірі бай-жартылай феодалдардың” тәркіге түскен мал үлесін алған әлсіз кедей-батырақ шаруашылықтарының бірден орта шаруа қатарына қосылып кетуі мүмкін емес еді. Себебі әрбір әлсіз-кедей қожалық басына мардымсыз мал берілді. Мардымсыз мал кедей шаруашылықтардың бірден аяғынан тік тұрып, дамып кетуіне айтарлықтай ықпалын тигізе алмады. Зерттеушілер құртып-бүлдіруші большевиктік саясатты марапаттап, дәріптеп көрсетті. Ж.Жұмабеков тәркілеуді қолдамай, балама пікір, ұсыныс айтқан қазақ зиялыларын сынап, жоққа шығаратын тұжырымдар жасады. Автордың, ...ақырында, тәркілеудің сәтті өткізілуі ...республика партия ұйымының ...ұлтшыл-уклонистерге қарсы күресіндегі ірі идеялық-саяси жеңісі болды. Тәркілеу – бай-феодалдарды революциялық жолмен жою ауыл еңбекшілерінің шынайы таптық мүддесіне сай екендігін көрсетті” – деген пікірі осының дәлелі/33/. Осыған үндес тұжырымдар және ірі байларды тәркілеу мәселесі Е.Л.Виленский, Г.Ф.Дахшлейгер мен К.Н.Нүрпейісовтың іргелі зерттеулерінен және Қазақ ССР тарихы, Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очерктері тәрізді ұжымдық еңбектерден көрініс тапты/34/. Жалпы методологиялық бағыт-бағдар беретін зерттеулердің ешбір мүлтіксіз, біржақты таптық тұрғыда тәркілеу-ді пайымдаулары тарихқа жасаған қиянат болды.

“Ірі бай-жартылай феодалдары” тәркілеу мәселесіне өздерінің диссертацияларында елеулі назар аударған Ә.Шүпеков, Н.С.Байрабылов, В.С.Федоров жоғарында көрсетілген сынаржак таптық,

партиялық пайымдауларға үндес пікір білдірді. Н.С.Байғабылов “ірі бай жартылай феодалдары тәркілеу социалистік бағытта жүргізілді. Сондықтан да 20-жылдары Қазақстанда аграрлық мәселелерді шешуде біруақытта революциялық-демократиялық және социалистік қайта құрулар іс-жүзіне асырылды”, - деп тұжырымдаса, В.С.Федоров “ірі бай-жартылай феодалдары тәркілеу қазақ шаруашылықтарының отырықшылыққа көшу процесін жеделдетіп, тездетті”, - деген көзқарас танытады/35/. Ә.Шүпеков те көрсетілген пікірлерден алшақ кете алмады. Авторлар проблеманың шиеленіскен жақтарын айналып өтіп, үстірт, үйреншікті “қағидалар” арқылы тиімді тұстарын ғана ашып, тоталитарлық жүйенің тапсырыс арқылы жазылатын зерттелеулері тәрізді “баршаға ортақ” пікір білдіреді. Орта шаруа ауыл мен деревняның басты тұлғасына айналғанымен оның ауыл шаруашылығында ұзақ уақыт бойы шынайы өнім өндірушіге емес, керісінше тұтынушыға айналғаны, жер иесі бола алмағанын кеңес дәуірінің тарихшыларының айтуға еш мүмкіндігі болмады. Себебі қағаз жүзіндегі демократия мен сөз-баспасөз бостандығының ашық пікір білдіруге қатаң тиым салғаны белгілі.

Сонымен кеңес дәуірінде жарық көрген зерттеулерде ірі мал иелерін меншігінен айыру және тәркілеу біржақты, ешбір сынсыз коммунистік идеология мүддесінде қарастырылып, партияның қаулы-қараларына сәйкес тұжырымдар жасалды. Мұның өзі тәркілеудің шынайы мазмұнын ашуға кедергі жасады.

90-жылдардың орта шеніне қарай қазақстандық тарих ғылымында ірі бай қожалықтарды тәркілеу мәселесін жаңа тарихи таным мен методология, тың деректер негізінде зерттеген біраз еңбектер жарияланып, диссертациялар жазылды. Тарих ақтандақтарын ашуда тарихшы-ғылымдар ірі бай шаруашылықтардың малынан айырылып, мал иелері тағдырының қайғылы аяқталуына үлкен назар аударып, оның шынайы мән-мазмұнын қалпына келтіруге ұмтылды. Осы тұрғыдан келгенде Ж.Б. Әбілқожиннің, Т.Омарбековтың зерттеулері аса құнды болып табылады/36/. Авторлар қазақ байларына деген кеңестік дәуірде қалыптасқан ұнамсыз, біржақты көзқарасты өзгертіп ірі бай қожалықтарды тәркілеу мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталады. Тарихшы-зерттеушілер тәркілеудің шынайы мәні мен мазмұнын-мақсатын ашуға ұмтылады. Мәселен, Ж.Б. Әбілқожин “ауқатты және ірі мал шаруашылықтарын экспроприациялау идеясы мемлекеттің (кеңес өкіметінің) таптық мүдде көздеген бітімінен туындайды, - деп ашық айтады /37/. Ал Т.Омарбеков өзінің докторлық диссертациясында ірі байларды тәркілеуге байланысты қазақстандық большевиктік биліктің әрекетін айқындайды. Автор:

“Көшпелі шаруашылықты шебер жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі жолын меңгерген, қазақ қоғамының еті тірі және пысық тобы-байлардың көзін жоймайынша, қазақтарды дамудың басқа жолына түсіру мүмкін еместігін Голощекин жақсы түсінді, оның басты мақсаты —байларды түп-тамырымен жойып жіберу болатын”,—деп баса көрсетеді/38/. Ізденуші Ф.Қозыбақова “төркілеу ауылды “қансорғыш қанаушылардан” азат ету мақсатын көздегендігін көрсетеді/39/. Тарихнамада қалыптасқан қазақ байларын қансорғаш қанаушы түрінде сипаттауға байланысты зерттеушілер өз көзқарастарын білдіреді. Мәселен, Т.Омарбековтың “қазақ байы толыққанды феодал болмағандықтан да, қазақ шаруалары крепостниктік правоның қамытын киген жоқ” деген тәрізді пікірлерінен туындаған: “сондықтан да, қазақ байын жақсылық атаулыдан жүрдай, имансыз да сараң, қатыгез де қанаушы етіп тарихымызда біржақты бейнелеу әділеттілік емес және тарихи шындықты бере алмайды деп ойлаймыз” — деген ғылыми түрдегі тұжырымы назар аударлықтай/40/. Осы орайда Т.Омарбеков өз еңбегінде С.Швецов, Ә. Бөкейханов, В.Налимовтың қазақ байларының игі қасиеттері жайындағы пікірлерін келтіреді.

Егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу тәрізді төркілеудің де экономикалық нәтижелерінің мөз еместігін, керісінше саяси жағының үстем болғанын ғалым-тарихшылар дәлелдейді. Осыған орай Т.Омарбеков былай дейді:“... байларды кәмпескелеу нәтижесінде малға қарық болып, “байимыз” деп дәмеленген көптеген батырақ пен кедей үміті ақталмады. ...малға ие болған кедей-батырақтар да қожалықтарын жедел өркендетіп кете алмады. Олардың өсіп-өркендеуіне малдан басқа материалдық құрал-жабдық, қора-қопсы, қыстау, азық-түлік, жемшөп және т.б. қажет еді”/41/. Ж.Б.Әбілқожин тың деректерге сүйене отырып, бұрынсоңды айтылмаған шынайы жағдайды көрсете келе былай дейді: “Кампанияның нәтижелері салмақты тәрізді... Ауылда орта шаруаның үлес салмағы 76 процент болуы оптимистік тұрғыда хабарланғанымен шаруалардың айтарлықтай бөлігі шаруашылық жүргізуге қажетті малмен қамтамасыз етілмеді/42/. Ал мұның өзі кеңестік тарихнамада көрсетілген “ауылда орта шаруаның басты түлғаға айналуына” әкелмегендігін, керісінше ...бұрынғысынша төуелді элементтер болып қалғандығын Ж.Әбілқожин “бірнеше бас мал алған қожалықтар шаруашылық жүргізу ауқымына қосылып кете алмағандықтан, яғни толықтыру принципі бойынша, өздерінің әлеуметтік мәртебесін көтеру үмітімен қоштасты”,—деп дәлелдейді/43/.

Төркілеудің көлеңкелі тұстары мен байлардың тағдыры ұзақ жылдар бойы тарихнамада айтылмай келгендіктен зерттеушілер

осыған назар аударады. Мәселен, Т.Омарбеков: “Ресми мәліметтер бойынша 696 көмпескеленгеннің 669-ы өз округтерінен басқа жаққа жер аударылған. Түрмеде өлгендіктен және олімші ауру болғандықтан аман қалғандар бұл санға енбеген. Тағы бір назар аударатын нәрсе – көшпелі аудандарда 61 қожалықтың ғана көмпескеленуі. Мұның өзі бұл жылдары қазақта мыңдаған малы бар ірі байлардың шамалы болғанын тағы да дәлелдей түседі. “Жартылай феодалдар” дейтіндердің барлық ауқаттылардың 19,4 проценті ғана болуы осының куәсі”, - деп жазады/44/. Осындай шынайы дәлел арқылы бір жағынан көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының әлеуметтік құрылымындағы ерекшелікті, екінші жағынан тәркіге түскен бай қожалықтар санының аздығын, оның мардымды экономикалық нәтиже бермегенін айқын көруге болады.

Зерттеушілер 1928-29 жылдардағы тәркілеудің қорытындылары мен зардаптарын жаңаша ғылыми таразылауға, оның сабақтарын, қасіретін көрсетуге ұмтылады. Мәселен, Т.Омарбеков тәркілеу шараларын қорытындылай келе оның: “...Коммунистік партия мен кеңес өкіметінің дөрекі де қате саясаты болғандығына” көз жеткізсе, Ж.Б.Әбілқожин “ірі бай шаруашылықтардың жойылуына байланысты бұрын бай қожалықтардың бір бөлігін пайдалануға алған сауын қатынастары және көптеген қауымдастықтар үзілді, ендігі жерде өз отарларына қажетті кон-центрацияға дейін мал жинау мүмкіндігі болмады, ...ақырында экспроприациялық акциялар ...бүкіл дәстүрлі шаруашылық құрылымын қиратты”, - деп ашып көрсетеді/45/. Сондай-ақ Ф.Қозыбақованың зерттеуінде түйіндеген тұжырымдары өзге де зерттеушілер пікірлерімен үндес. Автордың: “Голощекин бастаған Қазақстан өкіметі қазақ даласын ежелден дамыған дәстүрлі экономикадан тайдырып, дамудың басқа жолын қабылдауға күштеп көндіріп, қазақ ауылын тұйыққа тіреді... Байлардың көзі жойылғаннан кейін дәстүрлі мал шаруашылығының да берекесі кетті”, - деген пайымдауы осының дәлелі/46/.

Кеңестік дәуірдегі тарихнамада тәркілеу барысында кедей-батырақтардың санасы молайып, белсенділігі артты” деген қалыптасқан қағидаға орай тарихшылар өз тұжырымын ұсынады. Мәселен, Т.Омарбековтың пікірінше “байларды тәркілеу аса қатал жүргізіле тұрса да оның кедейлердің бір бөлігі тарапынан қолдау тапқанын архив құжаттары дәлелдейді. Мұның өзі негізінен кедейлердің байдың малын бөліп аламыз деген түсінігінен туындаған еді. Малдың едәуір бөлігінің (30-40 процент) колхоздарға берілетінін, ал малды бөліп алғандардың колхоздарға қайтаруға тура келетінін ол кезде кедейлер толық түсіне қойған жоқ... Ал енді халықтың негізгі қалың бұқарасы байларды күштеп тәркілеу саясатын белсенді қолдай қойған жоқ”/47/. Т.Омарбеков пікіріне

үндес көзқарас Ф.Қозыбақова зерттеулерінде көрініс береді. Ізденуші: “Кеңес өкіметі халықтың байға деген жеке көрушілік сезімін күшейтіп және шаруаны қожайын болуға ұмтылу сезімінен айырып, құлдық психологияны орнықтыра бастады”, -деп пайымдайды/48/. Мұның өзі сталиндік-голощекиндік биліктің “шаруалар белсенділігін арттыру” арқылы оларды бірте-бірте айтқанға көніп, айдауға жүретін қалың қара тобырға айналдыруды қолға алғандығын дәлелдейді.

90-жылдары жазылып, жарияланған зерттеулерде ірі мал иелерінің қожалықтарын жоймай-ақ балама тәсілдер арқылы ауыл шаруашылығында экономикалық жетістіктерге қол жеткізуге болатындығы жайында да айтылады.

Айта кетерлік тағы бір жайт, С.Жақышеваның кандидаттық диссертациясы ірі бай – “жартылай феодалдарды” тәркілеу барысындағы қазақ байларының жеке істерін математикалық статистикалық әдіспен зерттеуге бағытталған тарихи-деректік еңбек. Автор 20-жылдардың соңындағы бай шаруашылықтарын экспроприациялаудағы репрессиялық саясатты, тәркіленген ірі меншік иелері қожалықтарының әлеуметтік-демографиялық құрылымын және тәркілеуге балама көзқарастарды жан-жақты көрсетеді/49/. Ізденушінің: “сайлау құқығынан айыру, мүлкі мен малын тәркілеу, жер аудару мен құртып-жою түрінде көрінген қазақ байларын экспроприациялаудағы мемлекеттік машина қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық-этикалық дәстүрін қиратты, меншік иесін өндіргіш күштерден және еңбек нәтижелерінен алшақ кетуге өкелді”, -деген тұжырымы ірі меншік иелерін тәркілеудің мән-мазмұнын, зардап-салдарларын айқын көрсетеді/50/. С.Жақышеваның еңбегі тарихи-деректік зерттеу болғанымен мәселенің теориялық-методологиялық негіздерін зерделеуге қосар үлесі зор.

Аталған тарихшылардың ой-пікірлерімен үндес тұжырымдар Қазақстан тарихы очеркінде де орын алды/51/. Жаңа бағытта жазылған ұжымдық зерттеудегі тұжырымдар ірі мал иелерінің жеке меншігін жою мәселесінің методологиялық негіздерін қалыптастыруда мұрындық болары сөзсіз.

Осылайша 90- жылдары жазылып, жарық көрген зерттеулерде ірі бай қожалықтарын тәркілеу мәселесінің шынайы сипаты, мөні мен мазмұны, зардаптары ашылып, кеңестік тарихнамада орын алған біржақты таптық, партиялық тұрғыдағы қағидалар жоққа шығарылып, жаңа бағыттағы тұжырымдар жасалды. Әйтсе де біз талдап отырған мәселе бұл еңбектерде егжей-тегжейлі зерттеліп, барлық тұстары толық қарастырылды деп түйіндеу өлі ертерек.

Төркілеудің зерттелуге тиіс тұстары өлі де баршылық. Біз олар туралы төменде айтатын боламыз.

Қазақстандағы ірі байларды төркілеудің қайғылы зардаптары мен дақпырты бүкіл әлемге тарады. Сондықтан да Батыстың кейбір тарихшы-зерттеушілері өз кезінде төркілеу мәселелеріне назар аударып, арнайы зерттемесе де 1920- жылдары Кеңес Одағында жүргізілген аграрлық реформалар ауқымында өз еңбектерінде қысқаша тоқталып өтеді/52/. Мәселен, итальян тарихшысы Д.Боффа “История Советского Союза” атты көлемді зерттеуінде былай деп жазады: “Көшпелі халықтарда олар (аграрлық өзгерістер) ауылды кеңестендіру күшімен іске асырылды және мал басын қайта бөлуге бағытталды. Бұл реформалар Орта Азияның кейбір облыстарында ғана ақырына дейін жеткізіліп, өлеу-меттік жағдайда белгілі бір теңестіруге әкелді”/53/. Шетелдік тарихшының осы бір дерексіз жалаң тұжырымынан шынайы оқиғаның қорытындыларын жеткізуге ұмтылғанын байқауға болады. Кеңестік тарихнамадан берік орын алған “төркілеу нәтижесінде орта шаруа ауыл мен деревняда басты тұлғаға айналды” деген қағидаға қатысты батыстық зерттеуші мынадай көзқарас танытады: “Орта шаруаның абсолютті басымдылығы деревняда оны өз өнімін сатушыдан тұтынушыға айналдырды”/54/. Тарихшының “қалыптан тыс” тұжырымдары төркілеудің шынайы тарихын қалыптастыруға әсер етері хақ. Әйтсе де батыстық тарихшының “орта шаруаның абсолютті басымдылығы” жайындағы пікірі шындыққа жанаспайды. Себебі төркілеу қорытындылары бойынша орта шаруа ауыл мен деревняда басты тұлғаға айнала алмады. Орта шаруаның ауылдың өлеуметтік құрылымындағы үлес салмағы Компартияның қаулы-қарарларында көрсетілгендей 76,3 процент емес, небәрі шамамен 15% болды/55/.

Кеңестік тарих ғылымында жекелеген проблемаларды шетелдік тарихшы, зерттеушілерінің қарастыруларына байланысты олардың ой-пікірлерінің “ақ-қарасын” анықтамастан сынға алып, оларға “буржуазиялық фальсификаторлар” ретінде айдар тағу ғылыми міндеттердің бірінен саналды. Себебі Компартия мен идеология “капитализм мен социализм арасындағы адамдардың ақыл-ойы үшін бітіспес күресте” әлемдік деңгейде беделін түсіріп алмас үшін өзінің саясатын әшкерелейтін әрекеттерге дер кезінде соққы беруді мақсат етті. “Буржуазиялық фальсификаторлардың” ой-тұжырымдарын сын тезінен өткізу мақсатында ғылыми зерттеулер жарияланып, диссертациялар қорғалды. Мәселен, ірі бай қожалықтарын төркілеу мәселесіндегі “буржуазиялық бұрмалаушылардың” көзқарастары В.И.Коваль, В.И.Коршунов, В.П.Осипов зерттеулерінде көрсетіліп, сыналады /56/. Авторлар: “Советолог-

тар” ортасында бай шаруашылықтарын тәркілеу большевиктердің ұжымдастыруға дайындығындағы “еркін адамдардан аттау” тәрізді концепциясы кеңінен танымал болды. “Егер шаруалар мұны түсінсе онда қарсылық тіпті күшті болған болар еді”, - деп Д.Уилер ашық айтады. Басқа советолог Я.Матли партия мен үкіметтің осы шараларын ...отаршыл биліктің әрекеті ретінде түсіндіреді/57/. Қазақстандық тарихшылар мұндай пайымдауларға қарсы өздерінің пікірлерін “...1928 ж. кеңес үкіметі іске асырған шаралары ауыл мен деревняда патриархаттық-феодалдық сарқыншақтарды жойды...”, - деген “дәйекті” дәлелдермен білдіреді. Алайда қазақстандық тарихшылардың шетелдік зерттеушілерді сынаудағы қарсы “дәлелдерінің” өзі тарихи шындыққа жанаспайды. Өйткені 1928ж. ірі бай қожалықтарын тәркілеу “ауылда патриархаттық-феодалдық сарқыншақтарды жойған” жоқ, ол дәстүрлі шаруашылықты қиратты.

Сондай-ақ Гувер институтының аға ғылыми қызметкері Р.Конквестің қазақ байларын тәркілеуге байланысты пікірлері К.Есмағамбетовтың еңбегінде көрсетіледі/58/. Еңбекте былай деп жазылады: “1928ж. 28 тамызда Бүкілодақтық Атқару Комитетінің “ұсынысы” бойынша қабылданған декретте “ауылды кеңестендіруге кедергі жасап отырған жергілікті халық арасында ірі мал иелерін тәркілеу” және байлар мен жартылай феодалдардың отбасыларын жер аудару белгіленді. Сөйтіп, осы шара нәтижесінде 696 шаруашылықтан ірі қараға шаққанда жарты млн. тұяқ тәркіленді. Қазақ қоғамына бұл да әсер етпеді”/59/. Шындығында ірі бай – “жартылай феодалдардың” мал-мүлкін тәркілеу кеңестік сталиндік-голощекиндік биліктің ірі бай шаруалардан біржола құтылудағы саяси әрекеті болды. Шетелдік зерттеушілердің аталған кампания нәтижесінде 696 шаруашылықтан жарты млн. тұяқ, ірі қараға шаққанда тәркіленді деген мәліметі асыра көрсетілген. Себебі барлық тәркіленген қожалықтардан 150 мың бас мал (ірі қараға шаққанда) алынғандығын біз жоғарыда зерттеушілердің пайдаланған деректері негізінде көрсеттік. Дегенмен қолында қажетті құжаттары болмаса да тәркілеудің мәнін аша білген шетелдік зерттеушінің пікірі айтарлықтай.

Сонымен ірі байлардың жеке меншік қожалықтарын жою, яғни ірі байларды тәркілеу мәселесі қазақстандық тарихнамадан өзіндік көрініс тапты деген тұжырым жасауға болады. Алайда мәселе негізінен кеңестік дәуірде таптық, партиялық негізде зерттеліп, оның тек күнгейі ғана көрсетілді. Егемен Қазақстан кезеңінде біраз еңбектер жарияланып, ірі бай – “жартылай феодалдарды тәркілеу” тың деректер мен балама қозқарастар негізінде таразыланып, берделенді. Алайда мәселенің әлі толық зерттелуге тиіс тұстары бар.

Мысалы, 1920- жылдардағы қазақ ауылының әлеуметтік құрылымында бай топтарының алатын орны, орта шаруалар, қазақтың дәстүрлі шаруашылық құрылымындағы сауын қатынастарының шынайы мән-мазмұны, ірі байларды тәркілеудің әлеуметтік-экономикалық нәтижелері, меншік тәрізді мәселелерді тың деректер мен құжаттар негізінде зерттеу қажет.

Осындай бағыттарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге байланысты мынадай тақырыптарды ұсынамыз:

- Қазақ байларын тәркілеудің қажеттілігі мен әлеуметтік-экономикалық салдарлары;
- Ірі мал иелерін меншігінен айыру: тарихы және саяси, әлеуметтік-экономикалық салдарлары;
- 1920- жылдардағы қазақ ауылының әлеуметтік құрылымы;
- Кеңестік ауыл шаруашылығындағы меншік мәселесі.

5. Қазақстанда шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыру тарихнамасы

Қазақстандағы сталиндік-голощекиндік саясаттың жалғасы қазақтың дәстүрлі шаруашылығын біржола бүлдіріп қиратқан күштеп ұжымдастыру шараларынан көрінді. Шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыру әкімшіл-әміршіл тәсілдермен жүргізіліп, бұрмалаушылықтар мен асыра сілтеулерге жол берілді. Күштеп ұжымдастыру әлеуметтік-экономикалық және саяси сипатқа ие болды. Қазақ этносын құртуды көздеген этноцид саясаты – ұжымдастыру нәубетінің қасіреті аса қайғылы болып, тарихта бұрын-соңды болмаған аштыққа әкеліп соқты. Өрескел революциялық шараларды күштеп іске асыру, әкімшіл-әміршіл өктем саясат қыспағына қарсы халықтық наразылықтар мен көтерілістер етек жайды.

Шаруаларды жаппай ұжымдастыру тақырыбының саяси өткірлігі мен ғылыми-танымдық маңыздылығына байланысты көптеген еңбектер жазылды. Олардың басым көпшілігі кеңестік дәуірде жазылып, жарияланды. Кеңес дәуірінде жарық көрген еңбектерде ұжымдастыру большевиктік партияның мүддесін дәріптеу шеңберінде қарастырылып, ауыл шаруашылығын түбегейлі қайта құру ретінде зерттелді. Халықтық наразылықтар мен көтерілістер “бандиттік”, “қарақшылық” бас көтерулер мен бүліктер түрінде сипатталды.

Қазақстанның тәуелсіздік алуына орай мәселе жаңа тарихи таным бағытында қарастырылып, бірқатар еңбектер жарық көрді.

Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру мәселесі бойынша тарихнамалық зерттеулер де бар. Алайда ондай еңбектер аз және олардың өздері де тек 60-жылдардың соңынан бастап жарық көре бастады. Бұлар негізінен ғылыми-теориялық конференцияларда жасалған баяндамалар болғандықтан республикадағы аграрлық қайта құруларға, соның ішінде ұжымдастыру мәселелеріне байланысты басты еңбектерге жалшылама шолу жасаумен шектелді/1/.

Біз талдап отырған мәселенің тарихнамасы Н.Әлімбаевтың кандидаттық диссертациясында арнайы зерттелді. Сонымен бірге Н.Әлімбаев ұжымдастыру тарихнамасының жекелеген тұстарын көрсететін мақалалар жариялады/2/. Ізденуші өз зерттеулерінде Компартияның Қазақстанда колхоз құрылысын құрудағы басшылық ролінің тарихнамасын көрсетеді. Диссертация мен мақалаларда автор жаппай ұжымдастыруды дайындау барысында негізгі әлеуметтік-экономикалық және саяси шараларды іс-жүзіне асырудағы, кулактар мен байларды тап ретінде жоюдағы және колхоз

күрылысын нығайтудағы партияның ұйымдастырушылық-шаруашылық жетекшілігіне қатысты тарихи өдебиетті талдайды. Н.Әлімбаев өз зерттеуінің жазылуы жағынан партиялық өдебиетке жататындығын берік ұстанғандықтан азаматтық тарихқа байланысты еңбектерге жан-жақты талдау жасамайды. Автордың тарихнамалық талдаулары тоталитарлық жүйе коммунистік идеология үстемдігі кезінде жасалғандықтан ізденушінің сынау мүмкіндігі шектеулі болып, маркстік-лениндік методологияға бағынышты шеңберден шыға алмады. Н.Әлімбаев ұжымдастыруға байланысты тарихнаманы үш кезеңге бөліп талдайды: 20-жылдардың соңы – 30-жылдардың ортасы – аграрлық мәселелердің қалыптасуы; 30-жылдардың соңы – 50-жылдардың ортасы – тарихнамалық процестің инфрақұрылымының көсіпқойлануы кезеңі; 50-жылдардың екінші жартысы – қазіргі уақыт-тарихи тағлымның мәселеге интенсивті түрде енуімен ерекшеленетін аграрлық мәселелер дамуының қазіргі кезеңі/3/. Мұндай кезеңдерге бөлуде автордың пікірі Кеңес Одағының тарих ғылымында қалыптасқан үш кезеңмен үндес екендігін айту қажет. Кеңестік дәуірде одақ көлемінде ұжымдастыру тарихнамасына байланысты жарияланған зерттеулерде негізінен осындай үш кезең көрсетіледі/4/. Жоғарыда көрсетілгендей кеңестік тарих ғылымында орын алған кезеңдердің үшіншісі қазіргі кезең деп аталады. Осыған орай айта кетерлік жайт, біз үшінші яғни қазіргі кезеңнің атауымен келісе алмайтындығымызды білдіреміз. Өз ойымыз дәйекті болу үшін осы мәселеге байланысты тарихшы-ғалым Т.Омарбековтың пікіріне сүйенгенді жөн көрдік. Автор: “Коммунистік тоталитарлық жүйе біздің отанымызда 30-шы жылдардың соңына қарай берік орнығып, теориялық жағынан “негізделіп”, ал тарих ғылымы осы жүйені қорғаушы, “сарай” төңірегіндегі ғылымға айналды. Бұл процестің әртүрлі этаптардан өткеніне қарамастан 1985 жылғы сәуірге дейін созылып келгені белгілі. Сондықтан да 40-жылдардың соңы шаруалар тарихы тарихнамасында жаңа кезең бола алмайды деп ойлаймыз,” - деп пайымдайды/5/.

Сондай-ақ қазақстандық кейбір зерттеушілер мәселен, С.Жолдасов 50-жылдардың ортасынан басталатын жаңа кезеңді 80-жылдардың алғашқы жартысына дейін алып келеді, 60-жылдардың ортасы жаңа кезеңге жатқызылмайды/6/. Алайда кеңестік тарихшылар 50-жылдардың ортасынан басталатын бұл аралықты “бүгінгі кезең” деп жалпы сипаттайды. Дегенмен де жекелеген тарихшылар 60-жылдардың ортасындағы “аграрлық жанару” мен реформалардың ауыл шаруашылығының дамуына “қолайлы жағдайлар тудыруына орай “қазіргі кезең” аралығын 60-жылдардың ортасы етіп екі топқа бөлуді ұсынған болатын/7/.

Қазақстандық тарихшы В.Усачаев екі тарихи этап аралығының шекарасы етіп, СОКП Орталық Комитетінің қазан (1964 ж) пленумын алуды ұсынса, Н. Әлімбаев оған қарсы болды. Автор оны бұл кезеңде тарихи білімдердің дамуында айтарлықтай сапалық өзгерістер мен секірістердің болмауымен дәлелдеді/8/.

90-жылдары отандық шаруалар тарихы тарихнамасының кез-еңдерін анықтауда жаңа көзқарастар танытылды. Мәселен, Т.Омарбеков “жаңа ғылыми-методологиялық тұрғыдан өткендегі бұрмалауларды, догмаларды сын көзбен бағалау, жаңа, көп қырлы концепциялар... ұсыну мүмкіндігін толық пайдалана отырып, аталған тарихнаманы үш кезеңге бөлуді ұсынды: алғашқы кезең 20-жылдардың орта шенінен басталып, жаппай коллективтендірудің және зорлап отырықшыландырудың басталуына дейін, яғни 1929 жылдың соңына дейін барады; екінші кезең 1930 жылдан 1985 жылдың басына дейін; үшінші кезең 1985 жылдың орта шенінен бүгінгі күнге дейін созылады”/9/. Бұл жерде автор “соңғы кезеңді “қазіргі кезең” деп атайтын әдеттен арылғанымыз жөн. Бүгін “қазіргі” аталған кезеңнің ертең ескіретінін, яғни тарихты қайта жазуға тура келетінін ұмытпайық” деген пікір айтады/10/. Т.Омарбековтың көрсеткен үш кезеңін қолдап, біздің де сондай пікірде екенімізді білдіреміз.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың осы көрсетілген кез-еңдері бойынша жарияланған зерттеулерге тарихнамалық талдау жасап көрелік.

Алғашқы кезең күштеп ұжымдастыруға байланысты сталиндік тұжырымдамаға балама теориялық пікірлер ұсынған еңбекерді қамтиды. Бұл еңбектер жаппай ұжымдастыру мен зорлап отырықшыландыруға қарсы көзқарастарымен, қазақ халқының дәстүрлі көпшелі мал шаруашылығын сақтап қалуға байланысты пікірлерімен ерекшеленді. Мәселен, атақты түрік (баншұрт) тарихшысы Заки Валидидің “Бүгінгі Түркістан және таяудағы тарихы”, “Россия мұсылмандарының қазіргі жағдайы”, “Жалпы түркі тарихына кіріспе” атты құнды монографиялық зерттеулерінде Орта Азия, Қазақстандағы жаппай ұжымдастыру жайында салмақты тұжырымдар жасайды. Автордың сонау 1929 жылы айтылған “шаруаның қолындағы малы кеткен соң оның бар тұрмыс-тіршілігі орыс тракторларына және колхоз әкімшілігінің аяушылығы мен есіркеушілігіне ғана байланысты болып қалады”, – пікірінен кеңес билігінің күштеп ұжымдастыруы бағытын айқын байқауға болады/11/. Жалпы З.Валиди еңбектері күштеп ұжымдастыру процестерінің шынайы тұстарын ашып, түсінуге септеседі.

Айта кетерлік жайт, 1920-30-жылдардың бас кезінде жарияланған ауыл шаруашылығын қайта құрудың сталиндік концеп-

циясына балама, прогрессивті теориялық ұсыныстар танытқан еңбектер көбінесе қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшіру мәселелеріне арналған. Сондықтан да жаппай ұжымдастыру мен отырықшыландыру бір-бірімен тығыз байланыстағы мәселелер саналғанымен отырықшыландыруға байланысты жарияланған мұндай зерттеулерді жеке талдауды жөн көрдік.

Кеңестік Қазақстан шаруалары тарихнамасының екінші кезеңінде ауыл шаруашылығын жаппай мемлекет меншігіне көшіру, ұжымдастыруды сталиндік билік, большевиктік партия мүддесінде тек дәріштеу, мадақтау шеңберінде көрсететін еңбектер кең жарияланды. Мәселен, сондай туындылардың бірінен А.Смирновтың мақаласын атауға болады/12/. Автор “ауылдағы пролетарлық революцияны өрістетудегі өзгерістерді көрсете келіп, ұжымдастыруға тоқталады”. “Қазақстан ... ірі социалистік шаруашылықты құруға кірісті..., ұжымдастыруды өрістету, совхоздарды ұйымдастыру ортағасырлық сарқыншақтарды жоюмен байланысты” деген пікірі голощекиндік саясатпен үндес/13/. Ф.И.Голощекин өзінің сөйлеген сөздері мен баяндамаларында ұжымдастыруды жеделдете, аз уақыттың ішінде жүргізуді басты мақсаттардың бірі ретінде санайы/14/.“Кіші Октябрь” теоретигі ұжымдастыруға балама пікір айтушыларды “қауіпті теорияның тонын айналдырушылар” ретінде түсіндіреді Ф.Голощекин: “Біреулер жалпылама ұжымдастыруды отырықшылықсыз жүргізуге болады деп санайды. Мұның өзі әкімшілікке, рулық принциптерге негізделген ұжымдастыру мен “солшыл” асыра сілтеушіліктерге әкеледі. Басқа біреулер ... ұжымдастыру мүлде қажет емес, немесе ұзақ уақыттарға дейін мүмкін емес деп түйіндейді. Бұл оңшыл уклонға, ... социалистік құрылыстан бас тартуға әкеледі”, – деп мәселенің астарынан түрлі уклондарды іздеп тауып, таптық, партиялық тұстарына үлкен мән береді/15/. Алайда өз “жоспары” мен көзқарасының бұрыстығын “қазақ ауылын социалистік жолмен қайта құрудағы лениндік-сталиндік сара жолдан ауытқымау” деп түсінді. Ұжымдастыру барысында өзі жіберген қателіктерді көшпелі қазақ ауылының артта қалуымен, тап күресінің шиеленісуімен байланыстырды. Осындай бағыттағы еңбектер саяси науқаншылдықтың және сталиншілдіктің Қазақстанда орныға бастауын айқын көрсетеді. Дегенмен де Қазақстанда әкімшілдік-әміршілдік жүйенің қалыптасып, орныға бастауы кезіндегі аграрлық салада жүргізілген реформалар мен қайта құрулар науқаншылдықтың, жеделдетушіліктің және ондағы карама-қайшылықтардың, мән-мағанасын терең түсінуге әсер етері сөзсіз.

40-жылдары қазақ ауылын социалистік жолмен қайта құрудағы партияның, кеңес ұйымдарының, индустрияландырудың же-

тістіктерін шектен шыға дәріптеп, мадақтайтын алғашқы зерттеулер жарық көре бастады/16/. Бұл еңбектер тұңғыш рет ғылыми тұрғыда жазылып, жарияланды. Әйтсе де олар ұжымдастыру мәселесін жан-жақты зерттеп, талдау жасамады.

Уақыт талабына қарай сол кездегі зерттеулерге тән мынадай екі түрлі үрдіс байқалды: біріншісі—Сталин еңбектеріне, оның жеке басына табыну, Сталиннің қағидаларын басшылыққа алу, оларды мейлінше дәріптеу; екінші-туындылардың ғылыми деңгейінің төмендігі, мәселелердің тек жағымды жақтарын ашу, қол жеткізген жетістіктерді асыра, көбейтіп көрсету. Осыған қарама-қайшы шынайы жағдай дәлелденіп, социалистік дамуға балама пікір танытылған әдебиеттерді көпшілік назарынан, пайдалануынан аластау немесе жойып жіберу орын алды.

Мұнан кейінгі уақыттарда Қазақстандағы жаппай ұжымдастыру мәселелерін егжей-тегжейлі зерттеген ғалымдардың бірі - Ә.Тұрсынбаев. Ғалымның бірнеше іргелі зерттеулері колхоз құрылысы тарихына арналды. Ә.Тұрсынбаевтың ғылыми мақалалары да жарияланды. Мәселен, тарихшының “Из истории коллективизации сельского хозяйства Казахстана” атты мақаласы Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға арналды. Автор мақаласында ұжымдастыруды үш этапқа бөледі. Тарихшы пікірінше колхоз қозғалысының алғашқы кезеңі азамат соғысы мен жаңа экономикалық саясаттың бас кезін камтиды. Автор екінші кезеңді жаңа экономикалық саясатқа өтумен байланыстырады. Ал үшінші кезеңді партияның XV съезінен бастайды/17/. Тарихшы-ғалым колхоз құрылысы барысында тап күресіне үлкен мән береді. Автор жаппай ұжымдастыру барысындағы дөрекі қателер мен орын толмас, қайғылы зардаптарға әкелген олқылықтарды “еріктілік принципінің бұзылуы, алып колхоздардың құрылуы, республиканың әр түрлі аудандарының ерекшеліктерін еске алмау, ұжымдастыру қарқынын жеделдетумен” үстірт қана көрсетеді/18/. Ә.Тұрсынбаев жаппай ұжымдастыру қарқынының жедел өсуін Алматы округының Биен-Ақсу және Іле аудандарының мысалында көрсетеді. Мәселен, 1930 жылдың 10 ақпанында осы аудандарда ұжымдасқан шаруашылықтар 83 және 89 процент болғандығын жазады/19/. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарының ерекшеліктерін еске алмай қызу жеделдету арқылы жүргізілген өрескел ұжымдастырудың жоғары көрсеткішінің себебі автор пікірінше колхоздастыру ісінде “партия ұйымдарының жұмысында өкімшілік пен нақты жағдайды есепке алмай механикалық жолдар арқылы шешу басым болғандығында”/20/. Жалпы ұжымдастыру кезіндегі кемшіліктер ғалым пікірінше “партияның колхоз құрылысындағы саясатының бұрмалануы” болып табылады.

Бұрмаланудың өзі Ә. Тұрсынбаев сөзімен айтқанда “колхоз қозғалысының одан әрі өсуінің негізгі кедергісіне айналып, тап жауларының әрекетіне жол ашты.” Сталиндік-голощекиндік шаруаларға қарсы жүргізілген саясатқа қайшы жаппай наразылық, халықтық көтерілістер осыған орай “бір жерлердегі кулак-бай элементтері еңбекшілерді антисоветтік бас көтерулерге арандатуға қолайлы жағдай тудырды, Қазақстанда оларды жартылай феодалдар мен сұлтан тұқымдары басқарды”,—деп сипатталады/21/. Күштеп ұжымдастыру барысындағы шолақ белсенділердің “шаш ал десе бас алған” әрекеттері, колхоздастырудың жедел қарқынының “жемісі”, шаруаларды ұжымға зорлап кіргізу, қорқыту, қысым көрсету т.б. тарихшы назарынан тыс қалған. Барлық өмірін ғылымға, соның ішінде Қазақстанның аграрлық шаруашылығының дамуы тарихын зерттеуге арнаған ғалым-тарихшының іргелі де салмақты зерттеулерінің коммунистік идеология мен әкімшілік-өміршілдік жүйе қыспағынан шыға алмай, бір жақты партиялық, таптық тұрғыда жазылып, жариялануы кеңестік ғылым үшін маңызды болғанымен тәуелсіз Қазақстан тарихын қалыптастыруға үлесін қоса алмайтыны қынжылтады.

Жаппай ұжымдастырудағы партияның басшылық ролін дәріптеу, колхоздастырудың тек тиімді жақтарын ғана көрсетуге арналған Е.В.Семихинаның зерттеуін, Х.Д.Чуриң, А.А.Королевский еңбектерін атауға болады/22/. Авторлар жаппай ұжымдастыру мәселесін жалпылама қарастырады. Тап күресін, орта шаруаның колхозға кіруін, ұжымдастыру қозғалысының жедел қарқынын партияның басшылығымен, “дана” саясатымен, Сталин “ілімімен” тығыз байланыста көрсетеді. Ұжымдастыру бұл еңбектерде жан-жақты зерттелгенімен, ғылыми деңгейі біршама төмен.

С.Ивашкин, И.Л.Портной кеңес жұмысшы табының, 25-мыңшылардың ұжымдастырудағы ролін көрсетуге байланысты колхоздастыру мәселелеріне тоқталады/23/. Зерттеушілер күштеп ұжымдастыру кезінде тап күресінің шиеленіскендігін, ал мұның өзі кулак-бай элементтері жағынан “ашық контрреволюциялық бас көтерулерге, сондай-ақ террористік актілерге” алып келгендігін жазады. Авторлардың мұндай тұжырымы тоталитарлық жүйе кезіндегі ауыл шаруашылығын ұжымдастыруды зерттеген тарихшыларға тән кемшілік еді. Зерттеушілердің ауылда тап күресінің шиеленісуі тұрғысындағы пікірлерінің шындыққа жанасатындығын айта келе, ауқатты меншік иелерін кедейлерге қарсы қойған кеңес өкіметінің қолдан жасалған саясатының “жемісі” екендігіне көз жеткізу қиын емес.

Біз талдап отырған мәселенің кейбір тұстары М.Шаумянның, Б.А.Амантаевтың, Е.Кузнецовтың, Ф.И. Колодиннің, С.Б.Баи-

шевтің, Қ.Атабасвтың зерттеулерінде айтылады/24/. Зерттеушілер жаппай ұжымдастыруды арнайы зерттеуді мақсат етпегендіктен колхоздастыру мәселелеріне жалшылама тоқталады. Авторлар ұжымдастыруды Қазақстандағы отырықшыландыру, шаруалардың еңбек белсенділігін арттырудағы Компартияның жетекшілігі, жерді бірлесіп өңдеу серіктігі, кеңестік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелерімен байланыстыра көрсетеді. Сондықтан жаппай ұжымдастыру мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылмайды. Авторлардың барлығы дерлік 1929 жылдың екінші жартысы колхоз құрылысын дамыту үшін шұғыл бетбұрыс болғандығын көрсетеді. Басқа да зерттеушілер тәрізді бұлар да бірауыздан ұжымдастыру барысында жіберілген кемшіліктерді, орескел қателерді, есерсоқ әрекеттерді партия бағытындағы бұрмалаушылықтарға теңеп, мәселенің тек күнгейін жағалап кетеді. Авторлардың “оңшыл оппортунистерді”, “қазақ ұлтшындарын” т.б. сынаудағы пікірлері де үндес. Зерттеушілер мәселенің таптық мәніне баса көңіл қойып, күштеп ұжымдастыру мен зорлап отырықшыландыру барысындағы сталиндік-голощекиндік саясат пен оны іс-жүзіне асырушы жергілікті шолақ белсенділердің әрекетіне қарсы бағытталған халық наразылығы “байлардың кулактармен одақтасып ұйымдастырған кеңес өкіметіне қарсы “саяси бандитизмі, контрреволюциялық бүлік, қарақшылық” ретінде сипаттайды. Мәселен, Қ.Атабаев “... кейбір контрреволюциялық топтар Қазақстаннан қашқан шет елдік антисоветтік ұйымдармен: ақ эмигранттар, буржуазиялық-ұлтшылдар, колчакшілермен байланыс орнатты. Олар көтерілісшілерге қару-жарақ жөнелтіп отырды. Созақтағы бүлікті ұйымдастыру үшін ағылшын агенттері еніп, солардың нұсқауы бойынша “хан” сайланып, “газават” ұраны таратылды”,—деп “көзсіз” идеология мүддесінен деп шықты /25/. Зерттеушілердің мұндай тұжырымдар түйіндеуіне Ф.И.Голощекиннің 1930 жылы сәуір айында Сталин, Молотов, Каганович, Смирновқа жолдаған хатындағы ойдан шығарылған шетелдермен, “ұлттық орталықтармен байланысты “деректерінен” туындағандығын, ал мұның өзі кеңес дәуірінде жаппай ұжымдастырудың қыр-сырын зерттеген еңбектерге “арқау” болғандығын байқау қиын емес. Халықтық көтерілістердің “саяси бандитизм”, “қарақшылық” сипатына қатысты айтар болсақ, сталиндік-голощекиндік биліктің жүргізген ұжымдастыруының мәні мен бағытын түсінбеушіліктен туындаған және соның барысындағы дөрекі қателер мен асыра сілтеулерге қарсы күресіп, наразылық білдірген халықтық бас көтерулерге тарихи шындық негізінде баға беру қажет.

Жаппай ұжымдастыру мәселесін біршама тереңірек зерттеген Ж.Жұмабеков, Б.А.Төлепбаев еңбектері — талдауға тұрарлық /26/. Тарихшылар өздерінің монографиялық зерттеулерінде жаппай ұжымдастыруды дәріптеп көрсетеді. Ж.Жұмабеков жеке шаруа қожалықтарының жойылуын “шаруалардың колхоз жолына өтуі барлық ауыл-деревнялық укладтағы экономикалық қатынастардағы ұлы революцияны білдіреді”,—деп жазды/27/. Б.А.Төлепбаев та осыған ұқсас көзқарас танытады. Автор: “ұжымдастыру бұл ауыл шаруашылығының артта қалуын тудырған қиыншылықтардан шығудың бірден-бір дұрыс жолы болды және біртұтас социалистік экономиканы құруға бағытталды... Ірі соц-иалистік шаруашылықтарды құру ауыл мен қышлақтағы жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қалыптастыру ісіндегі революцияландырушы фактор болды”,—деп көрсетеді/28/. Автор 1929 жылғы “ұлы бетбұрысты”, жаттанды лениндік еріктілік принципінің бұзылуын, жасанды жеделдету, қағаз жүзіндегі колхоздардың құрылуын ашып көрсете келе, мәселенің шынайы тұстарын бүркемелейді. Себебі шындықты айтуға тарихшы-ғалымдар тоталитарлық жүйе алдында дәрменсіз болды. Ж.Жұмабеков “колхоз құрылысындағы партиялық бағыттағы бұрмалаушылықтарды... кулактар мен байлар пайдаланып, кедейлер, орта шаруалар арасында малды колхозға кірер алдында жаппай сою үшін өз үгіттерін күшейтті”, - деп көрсетеді/29/. Б.Төлепбаев колхоздастыру барысындағы қателіктер мен бұрмалаушылықтарды көрсетуде Ж.Жұмабеков пікіріне үндестік танытып, былай деп пайымдайды: “Ұжымдастырудағы кемшіліктер жекелеген қызметкерлердің қателіктерінің ғана емес, сондай-ақ “троцкистердің, бухариншілердің және буржуазиялық ұлтшылдардың партияның коллективтендіру ісіндегі саясатын және колхоз қозғалысын бүлдіруге тырысқан алдын-ала ойластырылған әрекеттері”/30/. Алайда Ж.Жұмабеков “мал басының 30-35 процентке азаюына колхоз құрылысындағы қателіктер, дайындау саясатындағы асыра сілтеулер ықпал етті”,—деп жазады/31/. Дегенмен осы тұжырымнан автордың шынайы жағдайды толық ашпағандығын аңғару қиын емес. Әйтсе де мұндай тұжырымды жоғарыда аталған тарихшылар еңбектерінде, сондай-ақ Б.А.Төлепбаев зерттеуінде кездестіре алмағанымызды айтқан жөн. Осы жағынан алғанда Ж.Жұмабековтың пікірі — тарихи шындыққа біршама жақын. Осыған орай айта кетерлік бір жайт ұжымдастыру тарихын зерттеуші, ізденушілердің кенес дәуірінде “байлар және олардың одақтастары колхозға қарсы малды жаппай союды арандатқан үгіт-насихат жұмыстарын үдетті” деген тұжырым түйіндемегендері кемде-кем.

Ж.Жұмабеков, Б.А.Төлелбаев ұжымдастыруға балама пікір айтып, кеңестік ауыл шаруашылығын интенсивті жолмен дамыту жөнінде салмақты ой білдіріп, қозқарастар танытқан, саликалы теориялар ұсынған ғалымдар мен зиялы қауым өкілдерін, мәселен А.Байтұрсыновты, С.Сәдуақасовты, С.Қожановты ұлтшылдар, троцкистер, бухариншілдер т.б. айыптайды. Зерттеушілердің колхоздастыру қозғалысының үрдістерін, қарама-қайшылықтарын ашудағы зерттеу тәсілдерінің басқа да кеңестік зерттеушілерден еш өзгешілігі жоқтығына осындай тұжырымдары дәлел бола алады. Сондай-ақ Ж.Жұмабеков, Б.Төлелбаев еңбектерінде сталиндік-голощекиндік өкімшіл-өміршіл жүйенің күштеп ұжымдастыру барысындағы өрескел әрекеттеріне қарсы халық наразылығы, көтерілістердің шынайы мәні ашылмады. Авторлар мұндай өткір де қайшылықты мәселелерді айналып өтіп, күшпен жүргізілген революциялық шаралар мен науқандарға қарсы бағытталған халықтық көтерілістерді “бандиттік”, “қарақшылық” түрінде сипаттады. Сөйтіп зерттеушілер тарихи шындықты ашудан ауытқып, қатып-сірескен методологиялық негіздерді басшылыққа алды. Осылайша Ж.Жұмабековтың, Б.Төлелбаевтың іргелі еңбектерінде тарихи оқиғалар мен процестер бұрмаланған, ақиқаты айқындалмаған түрде көрініс тапты.

Жаппай ұжымдастырудың методологиялық негіздері Қазақ ССР тарихының төртінші томында және Г.Ф.Дахшлейгер мен К.Нүрпейісовтың “История крестьянства советского Казахстана” атты зерттеуінде берілді/32/. Үлкен ұжымдық зерттеуде жаппай ұжымдастыру мәселелері үстірт әрі тарихи шындықтан алшақ көрсетіледі. Ұжымдастырудың қателіктері мен, бұрмалаулары, зардаптары айтылмады. Авторлар “Қазақстанда ауылдық-селолық шаруашылықтардың жаппай өндірістік кооперативтендіруі СССР ауыл шаруашылығын кооперативтендірудің етене құрамдас бөлігі болды, социалистік құрылыстың ортақ заңдылықтарымен анықталып, лениндік кооперативтік жоспардың негіздеріне сай келді”, - деумен шектелді/33/. Іргелі зерттеуде ұжымдастыру барысындағы өкімшілік күштеу шаралары мен асыра сілтеулер оның ерекшеліктері түрінде көрініс берді. “Қазақстанда ауыл шаруашылығын коллективтендірудің ерекшеліктері оның өткен тарихынан, республиканың ұлан-ғайыр территориясының әр түрлі аудандарының экономикалық, саяси және мәдени даму деңгейінің біркелкі болмауынан туды”, - деген тұжырым осының дәлелі/34/. Осыған үксас пікір Г.Ф.Дахшлейгер мен К.Нүрпейісовтың зерттеуінен көрініс тапты. Авторлар: “Қазақстан ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру негізінде бүкіл елге тән жалпы заңдылықтар алынды, бірақ аймақтың әлеуметтік-экономикалық

дамуының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ұжымдастыру мұнда бірқатар өзгешіліктерге ие болды”, - деп жазады/35/. Екі еңбекте де “1929 жылдың екінші жартысы колхоз қозғалысында сапалық бетбұрыс анықталды, ол барған сайын бұқаралық сипат алды колхоздарға орташалар кіре бастады” – деген тұжырым жасалып, ұжымдастыру мадақтала көрсетіліп, колхоздар санының көбеюіне баса назар аударылады/36/. Осылайша екі зерттеуде де ұжымдастыру мәселелері толық қарастырылып, ақиқаты ашылмады. Жаппай ұжымдастыруға қарсылық жайында мүлде ештеңе айтылмады. Сондықтан да бұл еңбектер тәуелсіз Қазақстан тарихын қалыптастыруда күштеп ұжымдастырудың методологиялық негіздерін құрай алмайды.

Жаппай ұжымдастыруды өрістетуде арнайы құрылған 25-мыңшылар тобының ролі елеулі болғаны тарихтан белгілі. Осы мәселе қазақстандық тарих ғылымында айтарлықтай көрініс берді. 25 мыңшылардың колхоздастыруға қосқан үлесі арнайы зерттеліп, бірқатар еңбектер жарық көрді. Солардың қатарынан З.Аманғалиев, Х.М.Маданов, И.Г.Пичугин еңбектерін атауға болады/37/. Сондай-ақ аталған мәселе ұжымдастыру тарихын зерттеген тарихшылар еңбектерінде де айтылды. Жалпы жоғарыда көрсетілген тарихшы-зерттеушілер арасында 25 мыңшылар мәселесіне тоқталмай өткендері кемде-кем. Зерттеушілер 25 мыңшылардың ұжымдастырудағы роліне үлкен мән береді. Мәселен, Г.Ф.Дахшлейгер мен К.Нұрпейісов: “Жаппай коллективтендіруді табысты дамытуда 25 мыңшылар қозғалысы үлкен роль атқарады. Жұмысшы табының өкілдері деревнядағы партия идеяларын жүзеге асырудың сенімді жолсеріктері болды. Олар жаңа колхоздарды құрудың басында болды, кедей-орташалар одағын нығайтуға ықпал етті, қанаушы элементтерге қарсы шешуші күресті өрістетті”, – деп жазды/38/. Осыған үндес пікірді Б.Төлепбаев былайша білдіреді: “Олар (25 мыңшылар) жаппай ұжымдастыруды өрістетуде, колхоздарды ұйымдық жағынан нығайтуда, ... үлкен саяси және шаруашылық жұмыстар атқарды, жұмысшы табы мен шаруалар одағын бекітуге жағдай жасады, ... байлар мен антисоветтік элементтерге қарсы күресті”/39/. Айта кетерлік жайт 25 мыңшылар қызметін көрсетуде осы мәселені зерттеген тарихшылар пікірлері бір-біріне өте ұқсас, өрі оны таптық тұрғыда, лениндік іліммен байланыста көрсетеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін Қазақ ССР тарихындағы 25-мыңшылар жайындағы пайымдауға тоқталайық. Зерттеуде: “Деревня мен ауылдың пролетар және жартылай пролетар бұқарасына сүйене отырып, 25 мыңшылар партия ұйымдарының басшылығымен Қазақстанда колхоздар құру, жеке меншік шаруаларға егіс пен орақта жәрдем көрсету жөнінде үлкен

жұмыс жүргізді...”, - деп айтылады/40/. Осындай пікірлер З.Аманғалиев, Х.Маданов, И.Г.Пичутина еңбектерінен орын алды. Зерттеушілер 25 мыңшылар қозғалысы мен қызметін жан-жақты қарастырғанмен оны дәріптеу арқылы ашып көрсетеді. Қазақстан ауыл шаруашылығының ерекшеліктерін толық танып-білмеген 25 мыңшылардың қазақ ауылында жаппай ұжымдастыруды өрістетуде елеулі қателіктер мен асыра сілтеулерге жол бергендері аталған зерттеулерде айтылмады. 25 мыңшылар қозғалысы біржақты жағымды тұстарын ашу, мәселенің шынайы жағдайын толық көрсетпеу, тап күресін абсолюттендіру бағытында зерттелді. Мұның өзі оның ролі мен қызметінің бұрмаланған тарихын өмірге әкелуге ықпал етті.

1980-жылдардың соңына қарай күштеп ұжымдастыруға байланысты шындықты толық ашып көрсетуде қазақстандық зерттеушілердің тың архив құжаттарына сүйенген еңбектері жарық көре бастады/41/. Ғылыми мақалаларда осы кезеңнің бұрын айтылмай келген “ақтаңдақтары” көтеріліп, қалыптасқан қасаң Коммунистік идеология мен біржақты баяндаудан біршама бас тарту әрекеттері байқалды. Дегенмен бұл еңбектер әлі де болса коммунистік партия тақтан тайдырылмай, билігі үстем болып тұрған кезде жарияланғандықтан және күштеп ұжымдастыру мәселелері жалпылама қарастырылғандықтан оны егжей-тегжейлі зерттеу мақсаты қойылмады.

90-жылдары аталған мәселенің өзектілігі өткірлене түсіп зерттеушілер назарын өзіне аударды. Осы кезде колхоз құрылысы тарихын арнайы зерттеу мақсат етілмесе де сталиндік аграрлық реформалар төңірегінде бірқатар еңбектер жарық көрді/42/. Бұл зерттеулер күштеп ұжымдастыру мен сталиндік зұлматтың барысы мен қайғылы зардаптарын ашып көрсетті.

Егемен Қазақстан жағдайында белгілі ғалым, тарихшы М.Қозыбаев республикада алғашқылардың бірі ретінде күштеп ұжымдастырудың шынайы тарихын айқындауда бірқатар еңбектер жариялады/43/. Сонымен қатар Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілқожин, Т.Омарбеков зерттеулері жарық көріп, К.Жаулиннің, С.Наушабековтың т.б. кандидаттық диссертациялары қорғалды. М.Қозыбаев өз зерттеулерінде ұжымдастыруды “қазақ этносын күртуды көздеген этноцид саясатының көрінісі” ретінде сипаттайды/44/. Ғалым пікірінше зорлап колхоздастыру “артта қалған халықтардың капитализмге соқпай социализмге өту мүмкіндігі туралы” қатып қалған маркстік жорамалды іске асыруға қылмысты әрекет жасалып, ол Қазақстан этностары тіршілігінің дәстүрлі жүйесін күйретіп тынды және сайып келгенде, тарихта бұрын-соңды болып көрмеген апатқа әкеліп соқты”/45/. М.Қозыбаев,

Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілқожиннің бірлесіп жазған еңбегінде ұжымдастыру “ауыл шаруашылығындағы экономикалық заңдылықтарға жатпайтын “Ұлы бетбұрыс” шаруашылықтағы бұрыннан қалыптасқан жүйені аяусыз қиратып, қоғамды неше түрлі қиындықтарға ұрындырудың алғы шартын жасады”, - деген бағытта көрсетілсе, М.Тәтімов: “Түбірлі бетбұрыс” ауыл шаруашылығы құрылымының сілікпесін шығарып, қоғамның алдағы мәселелерін түкпірден қозғады. Яғни, қатаң казармалық өкімшілік-бұйрықшыл террор орнады”, - деп пайымдайды/46/. Осыған үндес тұжырымдар басқа да зерттеушілердің еңбектерінен орын алған. Сонымен бірге авторлар ұжымдастыру мерзімінің Қазақстан сияқты республика үшін өте аз болғандығына, оның тіпті кейіннен Сталиннің жеке нұсқауы бойынша бұл мерзімдер қайта қаралып, қысқартылғандығына баса назар аударады.

Осы кезеңде жарияланған еңбектерде Қазақстанда ұжымдастыруға, өрескел революциялық шараларды күштеп іске асыруға, өкімшіл-әміршіл өктем саясат қыспағына қарсы бағытталған халықтың наразылығы мен қарсылығы тұңғыш рет зерттеу объектісіне айналып, ақиқаты айтыла бастады. Кеңес дәуірінде бандиттік, қарақшылық деп айдар тағылып, таңба басылып келген халықтық бас көтерулер мен “бүліктердің” шынайы сипаты анықталды. Мәселен, М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілқожиннің бірлескен зерттеуінде көтерілістердің шығу себептері былайша көрсетіледі: “Қазақ даласындағы әсіресе революциялық шаралар мен олардың күшпен іске асырылуы халықтың наразылығын туғызбай қойған жоқ. 1928 жылы ірі байларды тәркілеуге ұшыратқанға дейінгі кезеңнің өзінде совет өкіметіне қарсы әр жерде байқалып қалып жүрген наразылықтар мен бас көтерулер енді халықтың көпшілік бөлігін қамти бастады... ендігі жерде өкіметтің қатаң саясаты мен зорлық-зомбылығынан жәбір көрген қарапайым шаруалар атқа қонып, өз мүддесін қорғауға талпынды”/47/. Зерттеушілер көтерілістердің шығу себебі өкіметтің шаруаларға деген теріс саясатынан шықса да, ВКП(б) Комитеттері мен совет органдарының мұны мойындағысы келмегендігіне назар аударылады. Осыған үндес пікір ұжымдастыру мәселесінің өртүрлі қырларын толық қамтып, бір жүйеге келтіріп, жан-жақты зерттеген Т.Омарбековтың докторлық диссертациясы және соның негізінде жарияланған монографиялық еңбегінде білдіріледі. Автор оларда былай деп жазады: “Халық күштеу саясатына деген өзінің наразылығын көтеріліс түрінде ғана білдіріп қоймай, өкімет және кеңес белсенділеріне қарсы қастандық (террор) жасауға да, сондай-ақ колхоз және совхоз мүліктерін әдейі өртеу әрекеттеріне де барды”/48/. Ғалым-зерттеушілер халықтық көтерілістің аясы кең,

ауқымы бүкіл Қазақстан территориясын қамтығандығына баса назар аударады. Мәселен, М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілқожин: "...жалпы 1929-31 жылдары Қазақстанда 372 шаруа көтерілістері болып өтті. Егер 1929 жылы көтерілістер тек жекелеген аудандарда болса, 1930 жылы олар Қазақстанның бірталай жерлерін қамтыған жаппай қозғалысқа айналды, - деп тұжырымдайды/49/. Ал Т.Омарбеков: "Бандиттік" бас көтерулер мен ата қонысты тастап ауа көшулерді шығарып тастағанның өзінде 1929-31 жылдары Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтерулері болды. Жылдарға шаққанда олардың 54-і 1929 жылы, 241-і 1930 жылы, ал 77-сі 1931 жылы орын алды", -деп өз өріптестерінің пікірлеріне үндестік таныта отырып, көтерілістердің жыл сайынғы өрістеуін баса көрсетеді/50/. Осылайша зерттеушілер кеңес дәуірінде ғылымда берік орын алған қарақшылық, бандиттік көтерілістерге байланысты қағиданың іргесін сөкті. Зерттеушілер орын алған бас көтерулердің себептерін, қозғаушы күштерін тың архив құжаттары негізінде анықтай келе, олардың сипатын айқындайды. Мәселен, Т.Омарбеков көтерілістердің сипатын ұлт-азаттық түрінде көрсетеді. Автор өз ойын былайша пайымдайды: "Кеңес өкіметіне тәуелсіз хандық жүйені орнықтыруға тырысып, ислам дініне бостандық талап етіп, байлар мен орташаларды тәркілеуге қарсы болып, рулық негізде жасак құрып, қарулы күреске шыққан қазақтардың қозғалысының ұлт-азаттық сипатын теріске шығару қиын"/51/. Т.Омарбеков пікірінен өзгеше көзқарасты М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілқожин танытады. Олар "Қазақ шаруаларының ұйымдасқан алғашқы көтерілістері 1929 жылы күзде басталып, 1931-32 жылдарға дейін созылды. Бірақ олардың бәрі көптеген ауылдарды, ал кей жағдайларда бүтіндей бір, немесе көршілес бірнеше аудандарды қамтыса да, бір-бірінен оқшау, шаруалардың стихиялық түрде басталған көтерілістері болып қала берді", -деп жазады/52/. Авторлар өз көзқарастарын "шындығына келгенде Қазақстанда болған шаруа көтерілістері өкіметтің теріс саясатына наразы болған бүкіл елдегі шаруалар қозғалысының құрамдас бөлігі болатын", -деп шындай түседі/53/. Ал 1929-31 жылдардағы халықтық наразылықтарды шаруалар қозғалысы түрінде көрсеткен зерттеушілер пайымдауына Т.Омарбеков өзге пікір білдіріп, олардың ұлт-азаттық сипатын былайша дәлелдейді: "1) ... Оның бір орталыққа бағынатын, ұлттық мүддені белсенді қорғайтын тұтасқан тасқынға айналуына сталиндік-голощекиндік империя жүйесі дер кезінде кедергі жасап, бұл ұлттық қозғалысты жөргөгінде түншықтырып, қанға бояп басты; 2) бұл көтерілістердің бастаушы, жетекші күші аukatты қазақ шаруалары және халыққа ықпалды дін басылары болды;

3) сондықтан 1929-31 жылдардағы қазақ шаруаларының сталиндік коммунистік империяның қатал саясатына, қазақ ауылын оның дәстүрлі даму жолынан тайдыру әрекетіне қарсы белсенді қарсылықтарын, кезінде патшалық Ресей империясының өктемдігіне қарсы жүргізілген қазақ шаруаларының жанкешті ұлт-азаттық қозғалыстарының заңды, табиғи жалғасы және ең соңғы кезеңі деп бағалағанмыз жөн”/54/. Біздің ойымызша 1929-31 жылдардағы халықтық наразылықтарды ұлт-азаттық қозғалыс түрінде сипаттау орынды. Себебі қазақ шаруаларының сталиндік-голощекиндік ұрдажық өктем саясаты мен ұжымдастыру барысындағы күштеу, қысым көрсету шараларына қарсылық жалпы ұлттық сипат алды. Ал қазақтың дәстүрлі шаруашылық құрылымын қиратып, ұлтты жоюға бағытталған голощекиндік орескел революциялық “ұлы бетбұрысқа” қарсы халық наразылығы өз тіршілік негізін, шаруашылығын сақтап қалуға, ұлттық мүддені көздеуге бағытталды. Сондықтан оның сипатын ұлт-азаттық қозғалыс түрінде айқындау көтерілістердің мәні мен мақсатына сәйкес келді.

Зерттеушілер Қазақстанның түкпір-түкпірінде етек жайған халық наразылықтарының ауқымын, салдарлары және күшпен басылуын қарастырады. Бұл мәселе әсіресе Т.Омарбековтың “Зобалаң” атты еңбегінде егжей-тегжейлі зерттеледі/55/.

Сонымен М.Қозыбасев, К.Алдажұманов, Ж.Әбілқожин, К.Жаулин т.б. еңбектерінде күштеп ұжымдастыру мәселесі тек жалшылама түрде, қадау-қалау айтылып, бір жүйеге келтіріліп, терең өрі жан-жақты зерттелмейді. К.Жаулин ұжымдастыруды Батыс Қазақстан аймағы мысалында зерттегендіктен автордың мәселені кең ауқымда қарастырмайды. Ал Т.Омарбеков еңбектерінің күштеп ұжымдастыру мәселелерін пайымдауда алар орны қомақты болғанымен оның жекелеген тұстарын әлі де болса тереңірек зерттеу қажеттілігінің барлығы байқалады. Мәселен, күштеп ұжымдастыруға қатысты мәселелер: ондағы қателіктер мен асыра сілтеулер, колхоздастырудың жүргізілуі т.б. Себебі тарихшы-ғалым өз зерттеулерінде көбінесе астық, ет дайындау кампанияларына, халықтық бас көтерулерге, меншік иелерін жоюға, зорлап отырықшыландыруға баса көңіл қойғандықтан ұжымдастыру мәселелерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндігі болмады.

Соңғы уақыттарда Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру мәселелерін деректанулық тұрғыда зерттеген еңбектер ғылымнан орын алды. Олар мұрағат қорларындағы мол құжаттарды талдап, ұжымдастырудың тарихын дәйектеуде елеулі үлес қосты/56/.

Осылайша Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру және оған қарсылық мәселелері бойынша тарихнаманы талдадық.

Күштеп колхоздастыру және оған қарсы халықтық бас көтерулер бойынша жинақталған тарихнаманың ұзын-ырғасын қорытып айтар болсақ тақырып аясы ауқымды, жарық көрген еңбектердің, жазылған зерттеулердің де аз емес екендігіне көз жеткіздік. Мәселе төңірегінде қалыптасқан теориялық тұжырымдамалардың да уақыт талабына сай әрқилы болғандығын айқындадық. Осыған орай тақырыптың зерттелгендігін баса көрсеткен жөн болар. 80-жылдардың соңы 90-жылдардың бас кезінде күштеп ұжымдастыру мәселесі көпшілік зерттеуші, ғалым, журналист-публицистердің т.б. өзекті тақырыбына айналғандығы белгілі. Сондықтан да түрлі жанрдағы еңбектер жарияланды да. Осыған орай тақырып негізінен зерттелген деп айтуға болады. Дегенмен мәселенің ғылыми тұрғыда зерттеліп барлық қырларының толық ашылмағандығын айту қажет. Мәселені жан-жақты өрі терең зерттеп, зерделеу мақсатында мынадай зерттеу жұмыстарының тақырыптарын ұсынамыз:

- Қазақстанда шаруа қожалықтарын ұжымдастыру: тарихы мен тағлымы;

- Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру және сталиндік-голощекиндік төтенше саяси шаралар;

- Күштеп ұжымдастыру және саяси қуғын-сүргін;

- Қазақстанда мал шаруашылығының күйреуі (1929-32);

- Күштеп ұжымдастыру және Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай;

- “Қосшы”, “Жарлы”, “Кедей” ұйымдарының шаруа қожалықтарын ұжымдастырудағы қызметі: тарихы мен тағлымы.

- Халықтық көтерілістер: себептері мен салдарлары.

6. Қазақ ауылдарын отырықшылыққа көшірудің және оның зарлаптарынын тарих ғылымында көрініс табуы

Қазақстанды өкімшіл-өміршіл тәсілмен билеп-төстеген сталиндік-голощекиндік большевиктік басшылықтың ресми саясаты көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарын зорлап отырықшыландырудан айқын көрінеді. Қазақстанның Өлкелік Компартиясы және оның басшысы Ф.И.Голощекин қысқа мерзім ішінде қазақ шаруа қожалықтарын жедел, жаппай жоспарлы отырықшылыққа көшіруге жанталасты. Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, ұлттық ерекшеліктерін ескермей жүргізілген зорлап отырықшыландыру қазақ халқын “қызыл табан” шұбырындыға салып, ата қоныстарын тастап көшуге, ашаршылыққа ұрындырды. Қолындағы малынан айырылып, баспанасыз қалған, ашаршылық зардабын көрген халықтың қайғысы қасіретті, халі мүшкіл болды.

Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыру барысында отырықшылыққа көшіру кеңестік дәуірде жарияланған тарихи еңбектерде “артта қалған, жабайы номадтарды социализмнің сара жолына түсірді” деп жар салуы оны зерттеуге айтарлықтай үмтылыс тудырды. Сол себепті отырықшыландыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналды. Алайда Қазақстанның тәуелсіздік алуына орай мәселеге жаңаша қарау барысында бұл процестің тарихтағы қаралы оқиға екенін көрсететін еңбектер дүниеге келді. Соңғы уақытта сталиндік-голощекиндік өпербақан биліктің отырықшылануды зорлап жүргізгендігін, оның салдары қазақ этносының генофонына тікелей өсер еткендігін дәлелдейтін зерттеулер көбейе түсті.

Қазақ шаруаларын отырықшы өмір салтына көшіру мәселесінің тарихнамалық зерттелу деңгейін айқындайтын бірен-саран еңбектер де жарияланды. Мәселен, М.Е.Омаровтың мақаласы Қазақстандағы отырықшыландырудың кейбір тарихнамалық тұстарын көрсетуге арналған/1/. М.Омаров кеңестік тарихшылар тәрізді 20-30 – жылдардағы ауыл шаруашылығын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне жалпылама тоқталып, оларға буржуазиялық мамандар, аграрниктер деп айдар тағып, дәстүрлі қазақ шаруашылығын сақтап қалу туралы көзқарастарын сынайды. Зерттеуші П.В.Погорельский еңбектеріндегі таптық бағытты ашып көрсете отырып, оның көзқарастарын дұрыс деп санайды. Себебі П.В.Погорельский автор пікірінше “отырықшылық көшпенділердің рулық қоғамының дәстүрі мен идеологиясын бай-манаптардың пайдалануын жеңілдетеді”/2/. Автордың осындай тұжырымдары еш сын көтермейді.

Көшпелілер мен жартылай көшпелілердің отырықшылану мәселесінің тарихнамалық талдауы жалпылама түрде С.Б.Нұрмұхамедов пен Н.Әлімбаевтың ғылыми мақаласында да жасалады. Авторлар “Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы социалистік өндіріс тәсілінің қалыптасу процесі... белгілі трагедияға – қазақ шаруаларының жаппай қырылуына өкелген үлкен шығындармен қатар жүрді” – деп көрсетеді/3/. Ғалымдар “мұндай қателердің себептері әдебиетте жекелеген партия-кеңес қызметкерлерінің республиканың белгілі бір шаруашылық аймағының ерекшеліктерін және алғы шарттарын жоққа шығарумен, ... ұжымдастыруда лениндік еріктілік принципінің бұзылуымен, сондай-ақ кулактар мен байлардың қоғамға қарсы бой көтерулерінің күшеюі салдарымен түсіндіріледі”, - деп жазады/4/. Авторлар пікірінше “мұндай “себептік” түсінік колхоз құрылысындағы драмалық ахуалдың шынайы мотивін көрсетпейді, небәрі жіберілген қателердің субъективті моменттерін ашады”. Осылайша тұңғыш рет тарихнамада авторлар әдебиеттерге сын көзбен қарап, олардың кемшіліктерін жаңа тарихи таным негізінде ашуға ұмтылыс жасайды. Алайда С.Нұрмұхамедов пен Н.Әлімбаев отырықшылану тарихнамасын қысқаша, жалпылама талдайды. Сонымен қатар Н.Әлімбаев өзінің кандидаттық диссертациясында отырықшыландыру процесіне байланысты жарияланған еңбектерді талдайды. Автордың еңбегі қасаң коммунистік идеология үстемдігі кезінде жазылғандықтан әдебиеттерді сынаудан гөрі олардағы “күнды ойларды” көрсетеді. Мысалы, Н.Әлімбаев былай деп жазады: “Зерттеушілер көшпелілер мен жартылай көшпелілерді ұжымдық шаруашылық жолына көшіруде отырықшыландыру маңызды алғышарт болғандығы, отырықшыландыру мен коллективтендіру географиялық және уақыт жағынан бір-біріне сәйкес келген, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың біртұтас процесінің екі, өзара байланыстағы және бірін-бірі толықтырушы жақтары болғандығы жайында күнды пікірлер айтты”/5/.

Айта кетерлік жайт, қазақ халқының отырықшылыққа өту мәселесі бойынша тарихнаманы күштеп ұжымдастырудың бір келелі түсі ретінде талдайтындықтан оның кезеңдері де бірдей. Сондықтан сол кезеңдердің алғашқысына қатысты әдебиеттерді талдайық.

1920 – жылдардың соңына қарай жарияланған еңбектерді екі топқа бөліп талдауға болады. Себебі олардың бірінде қазақ ауылдарының отырықшылыққа өту қажеттілігі дәлелденсе, екіншілерінде көшпелі және жартылай көшпелілерді отырықшыландыруға қарсы пікірлер айтылады. Енді солардың бір тобына, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшіруді

қолдамайтын, экстенсивті мал шаруашылығының дамуын қалайтын аграрник-ғалымдардың зерттеулеріне тоқталайық. Осы топқа жататын еңбектердің қатарынан С.П.Швецовтың, М.Сириустың зерттеулері саналады/6/. С.Швецов көшпелі халықтарды артта қалған, мәдениетсіз деп сипаттайтын қалыптасқан “қағидаға” қарсы шыға отырып, көшпелі тұрмыс, Қазақстанның көпшілік бөлігін қамтитын, бүгінгі күнге дейін сақталды. Бұл қазақтың жөне қазақ шаруаларының тым қарапайым, ... отырықшылық жағдайдың мәдениетіне әлі де жете қоймағандығынан емес. Мұндай соқыр, жағымсыз көзқараспен баяғыда жөне түбегейлі қол үзу керек”, – деп жазады/7/. “Қазақ – малшы жөне көшпелі, себебі оны қоршаған орта жағдайында ол басқаша бола алмайды: одан оны қоршаған табиғи орта талап етеді. Қоршаған орта өзгермейінше ол оның үстемдігіне қалып, ықпалынан шыға алмайды, малшы, көшпелі болып қала береді” – деп, автор көшпелі шаруаның табиғи-климат жағдайларына толық тәуелді болуына байланысты көшіп-қонып жүруге мәжбүр екендігін дәлелдейді/8/. Ал М.Сириус мал шаруашылығының жергілікті халықтың негізгі кәсібі ғана емес, Қазақстанның бүкіл халық шаруашылығының негізгі саласы екендігін баса көрсетеді. Көшпелі мал шаруашылығының үстемдік етуін ғалым Қазақстанның табиғи-климат жағдайларымен байланыстыра дәлелдейді. Автордың пікірінше “жылына 250-300 мм жауын-шашын болатын аймақта егіншіліктің дамуы мүмкін емес”/9/. С.П.Швецов көшпелі мал шаруашылығын пәрменді түрде дамыту туралы пікірлерін одан өрі былайша білдіреді: “Қырдағы мерзімдік мал көшін жойса, онда қазаққа еш іс қалмайды, өйткені мұнда басқа шаруашылық дами алмайды, миллиондаған қазақ тұрғындарын асырап тұрған дала шөлге айналады”/10/. С.Швецов “Қазақстандағы көшпелі тұрмысты күрту тек далалық мал шаруашылығының жөне қазақ шаруаларының күйреуіне ғана емес, сондай-ақ құрғақ даланың тірі жансыз шөлейтке айналуына әкелетіндігін” – ашып көрсетеді/11/. М.Сириус С.Швецовтың көзқарасына үндестік білдіреді. М.Сириус ауыл шаруашылығын қайта құрудың сталиндік тұжырымдамасына балама теория ұсына отырып, Қазақстан “шаруашылығының табиғи-тарихи жағдайларында ... жерді өбден бөлшектеп зерттемейінше жаңа жерлерді егіншілік шаруашылығы үшін игеру мүлде мүмкін емес”, – деп ашып айтады/12/. Ғалым “қазақ тұрғындарының егіншілік кәсіпшілігіне бейім еместігін, ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өмір салтының нәтижесінде, сондай-ақ жаңа жерлерді игеру қиыншылықтарын ескере отырып, олардың мал шаруашылық категориясынан “егіншілікке” өту процесі өте жай ... жүретіндігін алдын-ала ойлау қажеттігіне баса назар аударады/13/. М.Сириус,

С.Швецовтың қазақ шаруаларының тарихи дәстүрлі даму жолын қорғау пікірі осылайша көрінеді. Ғалымдар пікірлерінің дұрыстығын күштеп ұжымдастыру барысындағы зорлап отырықшыландыру салдары дәлелдеп берді. Сталиндік-голощекиндік “революциялық ауыл шаруашылық қайта кұрулары” қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын мүлде тұралатып кетті. Ғалымдар өздерінің осындай тұжырымдарынан қазақ халқының көшпенділікте мәңгі қалуға тиіс екендігі туындамайтындығын, керісінше көшпелі тұрмыс бірте-бірте қалтқысыз өзгертіндігін жазады. Ғалымдар көзқарастарының дұрыстығын өмір өзі дәлелдеді. Мүлде аз уақыттың ішінде қазақтың көшпелі шаруашылығын ұжымдастырып, отырықшыландыру “кеңестік ауыл шаруашылығын модернизациялау” бағыты мен мәнінің “өміршендігін” жоққа шығарды.

Осы кезеңде профессорлар А.Н.Челинцев, Букинич, Вернер және А.Н.Донич, Е.А.Полочанский, Соколовский т.б. ғылыми еңбектері жарияланды/14/. Бұл ғалымдар мен мамандардың бәрі Қазақстан шаруашылығын дамыту мәселесінде ауылда көшпелі шаруашылықты, көшпелі тұрмысты сақтап қалуды жақтады. Мәселен, А.Н.Челинцев “Қазақстандық жер мәселесі жөніндегі комитетінің барлық жоспарының бағыты көшпелі мал шаруашылығын сақтау және көшпелі мал шаруашылығы территориясын кеңіту болып табылады” десе, профессор Вернер “қазіргі қазақ шаруашылығының қоршаған ортаға бейімделгені сонша, оның анағұрлым тиімді болып табылатындығын” жазады/15/. Профессор Букинич “стихиялық факторларға бағынған қырғыз шаруашылығы негізінде көшпелі мал шаруашылығы болып табылады, ұзақ уақыттарға “мүмкін мәңгілік” сондай болып қалуға тиіс екендігіне назар аударады. Е.А.Полочанский “егер ел жайылымдық мал шаруашылығын жойып, оның орнына егіншілік мал шаруашылығын дамытса онда ... республика мал өсіре алмайды. Алайда Қазақстан мүддесінде мал шаруашылығын кеңейтіп, екі-үш есе көбейту қажет” — деп көрсетеді/16/. Осындай сталинизм ықпалына түспеген, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық түрін қорғаған ғылыми-теориялық зерттеулер және олардың авторлары жазықсыз жазаға тартылып, әкімшіл-өміршіл жүйенің құрбандары болды. Олардың еңбектері тарихнамада тек біржақты буржуазиялық аграрниктер, мамандар зерттеулері ретінде саналып, шынайы бағасын ала алмады. Бұл еңбектер көшпелі мал шаруашылығын, зорлап отырықшылануды жаңа тарихи таным тұрғысында зерделеуге септеседі. Ал тарихнамалық жағынан келсек, олардың күн-ды, дербес, салихалы ой-пікірлері, тұжырымдары мен материалдары аса маңызды болып табылады.

Қазақ ауылын отырықшыландыру мәселелері 1930 жылдары өлкелік партия аппаратының бірқатар қызметкерлерінің еңбектерінен көрініс тапты. Большевиктік-сталиндік “теориялық”, “революциялық” таптық бағыттың отырықшыланудағы маңызы Ф.И.Голощекиннің мақалалары мен сөйлеген сөздерінде көрсетілді/17/. Бұл еңбектерде ауыл экономикасының сипаты, оны социалистік қайта құрудың қиындықтары, жетістіктері ашып көрсетіледі. Ф.Голощекин көшпелі мал шаруашылығын отырықшыландыру процесін көшу радиустарын қысқартудан, шаруашылық құрылыстарын салудан бастау керектігін баса айтады/18/. “Кіші қазан” теоретигі отырықшылану процесіндегі тап күресі мен “саяси жіктелуге” баса назар аударады. Ф.Голощекин пікірінше “тап жауының мүддесін білдіретін отырықшылану мәселесінде екі уклонның барлығы белгілі болды: ... шовинизм бұл шараны “авантюра, шығын шығару тәсілі ретінде қарастырды. ... ұлтшылдық отырықшылықты жүргізуде таптық емес бағыт ұстануда көрінеді”/19/. Өлкелік партия басшысының көзқарасынша “отырықшыландыру — бұл ұжымдастыру. Отырықшыландыру — жартылай феодалды жою, ... рулық қатынастарды құрту. Отырықшыландыру — ауыл еңбекші бұқарасының экономикалық және мәдени игілігін шын мәнінде көтеру, сол арқылы оларды бай езгісінен азат ету. Отырықшыландыру — ұжымдастыру негізінде жартылай феодалдық қатынастардан социалистікке өту”/20/. Ф.Голощекин позициясында қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін, оның көзқарастарына балама пікір айтушылардың ғылыми-теориялық ой-тұжырымдарын түсінбеушілік әрі мойындамаушылық орын алды. Партия “теоретигі” отырықшыландыру барысында мал басының азаюын заңдылық, ал қазақ халқы өкілдерінің шет аймақтарға ауа көшуін байлардың үгіті, революцияға қарсы өрекеті, тұрғындардың көшпелікке үйреніп, ары-бері көшіп жүруі ретінде қате түсінік қалыптастырды. Ф.Голощекин көзқарасының қателігін отырықшыландыру мен ұжымдастырудың қайғылы зардаптары толығымен дәлелдеп берді. Біз ол туралы басқа зерттеулерді талдауда айтатын боламыз.

30-жылдары отырықшылануды таптық, партиялық тұрғыда пайымдайтын бірқатар еңбектер жарық көрді/21/. Бұл туындылардың авторлары негізінен Қазақстандағы отырықшылыққа байланысты саяси науқаншылдықты дәріптейтін, сталиндік-голощекиндік ауыл шаруашылығын қайта құру бағытын қалт жібермейтін саясатты ұстанушылар болды. Мұндай еңбектерде “отырықшыландыру — Қазақстан партия ұйымы алдында тұрған ең қажетті және күрделі міндет, ымыраға келмес тап күресінің аренасы болып табылатыны” баса көрсетіледі. Сонымен бірге отыр-

ықшылану арқылы “қазақ ауылының жартылай феодалдық қатынастардан капитализмді аттап өтіп, социалистік қатынастарға өтіп жатқандығы мақтанышпен айтылады. Авторлар еңбектерінде отырықшыланудың голощекиндік жеделдету қарқынының жыл сайын өсіп отырғандығы жетістік ретінде дәріптеледі. Мәселен, 1930 жылы отырықшылыққа 84340, 1931 жылы тағы 80 мыңнан астам шаруашылықтың өткендігі жазылады/22/. Алайда оның барысындағы асыра сілтеулер мен дәрекі қателерді авторлар айналып өтеді. Әйтсе де авторлардың арасында Ұ.Д.Құлымбетов “кейбір аудандардың бұқаралық жұмысы түсіндіру шараларының орнына жалаң әкімшілікке жол берілді”, - деп ашып көрсетеді/23/. Бұл еңбектер – Қазақстандағы саяси науқаншылдықтың және сталинизмнің орныға бастауының айқын көрінісі.

Осы кезеңде қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын дамытудың тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдейтін, отырықшылануды бірте-бірте жүргізуді жақтайтын ғалым-мамандардың көзқарасын айыптап, әшкерелейтін еңбектер де жарияланды/24/. Бұл туындыларда М.Сириус, проф. Вернер, Букинич, А.Донич, А.Челинцев, С.Швенов т.б. буржуазиялық аграрниктер, шовинистер, “мамандар” ретінде өртүрлі уклондарға, “саяси жіктелуге” жатқызылып, көзқарастары жоққа шығарылды.

1940-50 – жылдардың бас кезінде отырықшыландыру мәселесі төңірегінде Б.Н.Семевский және П.В.Погорельский т.б. еңбектері жарық көрді/25/. Бұл еңбектерде қазақ номадтарының отырықшылыққа өтуі өз кезегінде және өндіргіш күштерді толық пайдалану мен көшпенділердің мәдени деңгейін жылдам көтерудегі қажетті шара ретінде қарастырылды. Мұның өзі зерттеушілердің мәселені тарихи шындықты мүлде алшақ зерттегендерін дәлелдейді.

Қазақ ауылдарының отырықшылыққа көшуі мәселесі ғалым-тарихшылар Ә.Тұрсынбаев, Ж.Жұмабеков, Б.А.Төлепбаев зерттеулерінде көрініс тапты/26/. Ә.Тұрсынбаев жаппай жоспарлы отырықшылықтың 1930 жылдардың алғашқы айларынан басталғандығын айта келіп, “отырықшылық капитализмге дейінгі қатынастар сарқыншақтарын жоюды тездете отырып, ... қазақ тұрғындарының өлеуметтік және тұрмыстық укладын революциялық қайта құрумен байланысты болды”, - деп көрсетеді/27/. Б.А.Төлепбаев “отырықшыландыру процесі екі кезең ішінде – біріншісі 1930-32 жылдар; екіншісі 1933-35 жылдар аралығында іс-жүзіне асырылғандығын” жазады/28/. Ал Ж.Жұмабеков басқа да зерттеушілер тәрізді “... жаппай ұжымдастыру көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтарын отырықшыландыруды іс-жүзіне асыру шараларына ұласты. Осы кезеңдегі отырықшыландыру жоспарлы және

бұқаралық сипат алды”, –деп пайымдайды/29/. Кеңестік идеология мүддесінен шыға отырып, ғалым-тарихшы Ә.Тұрсынбаев “ауыл тұрғындарының негізгі бұқарасы буржуазиялық ұлтшылдардың көшпелі тұрмысты сақтап қалу үгітіне қарамастан, отырықшы өмір салтына ұмтылды, себебі кеңестік құрылыс жағдайындағы отырықшылықтың мал шаруашылығын дамытуға, мәдени құрылысқа алғышарттар тудыратынына көздері жетті”, –деп жазады/30/. Ә.Тұрсынбаев пікірі – Ж.Жұмабеков пікірімен үндес. Тарихшы “жоспарлы және бұқаралық отырықшыландырудың алғашқы шаралары нәтижелі көрсеткіштер берді. Отырықшыландыру аудандарында 1839 колхоз құрылып, оларға 50699 шаруашылық біріктірілді”, – деп зорлап отырықшыландыру процесін дәріптеп көрсетеді/31/. Осындай шындықтан алшақ пікірді Б.Төлепбаев та білдіреді. Автор отырықшыландыру табысты жүріп, 40 көшпелі және жартылай көшпелі аудандардан 360 мың шаруашылықтың отырықшылыққа көшкендігін көрсетеді/32/. Шын мәнінде Қазақстандағы көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтарды отырықшыландыруға байланысты КСРО БОАК-нің (ВЦИК) мемлекеттік комиссиясы 1933 жылдың 1 тамызы-ндағы мәліметінде Қазақ АССР-індегі 400 мыңдай көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтардың 70,5 мыңының ғана отырықшыланғанын анықтады/33/. Осындай немесе осыған жақын мәліметтер басқа да зерттеушілер еңбектерінен орын алған. Біздің бұл мәліметке арнайы тоқталып отырған себебіміз, біз келтіріп отырған дерек Қазақстанда I-бесжылдықта отырықшыландыру жоспарының күйрегенін, оның небәрі 14,6 процентке ғана орындалғанын дәлелдейді, яғни Қазақстандағы зорлап отырықшыландыру процесінің шын мәнін ашып көрсетеді. Зерттеушілер жаппай отырықшыландыру барысындағы олқылықтар мен кемшіліктерді баса көрсетеді. Мәселен, барлық жерде алдын ала түсіндіру жұмыстарының жүргізілмеуі, тұрғындар пікірінің ескерілмеуі, ұжымдастыру кезіндегідей қателіктер мен бұрмалаулардың болуы және объективті қиыншылықтардың: маман кадрлардың жетіспеуі, тәжірибенің жоқтығы, тап күресінің күшеюі.

Мәселен, Ә.Тұрсынбаев аталған мәселелерді ауылдағы тап күресінің шиеленісуімен тығыз байланыстырады. “... байлар негізгі күштерін колхоз құрылысын тоқтатуға, қазақтың еңбекші тұрғындарын отырықшыландыруға қарсы бағыттады. Осы мақсатпен байлар мен атқамінерлер колхоздарға қарсы күрестің жаңа түрін – Қазақстаннан, тіпті Кеңес Одағынан тыс жерлерге көшуді арандатуды ойлап тапты. ... Қазақстан жағдайында басқа жерлерге көшу республиканың ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудағы тап күресінің анағұрлым өткір және ашық түрі

болды” – деген ғалым пікірі осыған дәлел/34/. Ж.Жұмабеков те отырықшыландыру барысындағы қателіктер мен бұрмалауларды байлар мен олардың пысықтарының колхоз құрылысына қарсы пайдаланғандарына назар аударады. Ж.Жұмабеков “мұның өзі малды сою және айдап өкетуде бай үгітінің күшеюі түрінде көрінді. Мал шаруашылығына ауыр шығындар әкелінді... 1928 жылмен салыстырғанда 1933 жылы мал басы: түйе – 92,3, жылқы – 87,9, қой мен ешкі – 87,7, ірі қара мал – 78,5 процентке азайды” – деп, ашып көрсетеді/35/. Ғалым-тарихшы “ауыл тұрғындары өмір сүруінің қайнар көзі мал шаруашылығының азық-түлігі болғандықтан мал басының айтарлықтай азаюы еңбекшілердің материалдық жағдайын күрт нашарлатты. Оған 1931 жылы егіннің шықпай қалуы қосылды... Нәтижесінде малшы және бірқатар отырықшы-егінші аудандар еңбекшілері азық-түлік қиындықтарын бастан кешіріп, ауылдарда көптеген адамдардың аштығы мен қырылуына әкелді. Әсіресе 1932-33 жылдың қысы өте ауыр болды” – деп, тарихи шындықтың бетін аша отырып, ғылыми батыл тұжырым жасайды/36/. Мұндай пайымдаулардың Ә.Тұрсынбаев, Б.Төлепбаев және тағы басқа да отырықшыландыру мәселелерін зерттеген тарихшылардың еңбектерінен орын алмағандығын баса айтқан жөн. Сонымен қатар Ж.Жұмабеков шекараға жақын орналасқан ауыл тұрғындарының бір бөлігі Қытайға көшіп кеткендігіне назар аударады. Осы тұрғыда бұрын-соңды жариялауға рұқсат етілмей, құпия сақталған Т.Рысқұловтың 1932 жылғы 29 қыркүйекте И.Сталинге жазған хатынан “өз аудандарынан қазақтар қожалықтарының жартысының көшіп кеткендері” туралы деректі пайдалану Ж.Жұмабековтың ғылыми батыл әрекетін тағы да дәлелдейді/37/. Әйтсе де автордың отырықшыландыру нәтижелерін көрсетудегі тұжырымдары коммунистік партия саясатымен астарлас келетіндігін айтқан жөн. Мұндай зерттеу тәсілдері өзге де тарихшыларға тән.

Қазақстандық тарихшылар арасында көшпелі қазақ шаруашылығын отырықшыландыру мәселесін арнайы зерттеген тарихшылар болды. Мәселен, Ш.Юсупов және М.Шаумянның еңбектерінде, Ә.Жаманқұлов, М. Омаровтың кандидаттық диссертацияларында аталған тақырып маркстік-лениндік методология негізінде жан-жақты қарастырылды/38/.

Айта кетерлік жайт, қазақстандық тарихнамада отырықшыландыру процесінің кезеңдерін анықтауда ортақ пікір қалыптаспаған. Мәселен, Ш.Юсупов оны тек 1 кезеңге, яғни 1930-34 жылдарға бөлсе, М. Шаумян және С.Б.Баишев екі кезеңін көрсетеді: 1) 1930-32 жж; 2) 1932-35 жж. Ал Ә.Жаманқұлов еңбегінде егіншілікке өту кезеңі 1917-37 жылдарды қамтиды. Тарихшы М.Е.Омаров қазақ

ауылындағы отырықшыландыру процесін тарих ғылымында бекітілген үш кезең бойынша: 1) қазан төңкерісіне дейінгі кезең — XIX ғ. соңы — XX ғ. басы; 2) колхозға дейінгі кезең — 1920 ж. халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру процесі аяқталғаннан кейін, жаппай отырықшыландыру және ұжымдастырудың өлеуметтік-экономикалық алғы шарттары дайындалды; 3) жаппай ұжымдастыру негізінде бұқаралық отырықшыландыру және колхоз құрылысын ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту кезеңі — XXғ. 30-жылдары қарастырады/39/.

Авторлардың мұндай кезеңдерге бөлуі жайындағы пікірлерімен келісе алмайтындығымызды білдіреміз. Отырықшыландыру жаппай ұжымдастыру ауқымында қарастырылатындықтан және қазан төңкерісіне дейін, одан кейінгі 20-жылдары қазақ халқының егіншілікке өтуі бұқаралық сипат ала алмай, тек патша өкіметінің қоныстандыру саясаты негізінде Қазақстанның кейбір аудандарында орын алды. Оның үстіне осының алдындағы тарауда көрсеткеніміздей кеңес өкіметі кезінде жерге орналастыру мен жерді пайдалану қазақ халқының есебінде шешілмегендігін, отырықшыландыру процесінің өрістей алмағандығын айтқан болатынбыз. Сондықтан біз отырықшыландыруды сталиндік-голощекиндік саясатпен байланыстыра отырып, оны шартты түрде екі кезеңге бөлуге: 1) 1930-32жж; 2) 1933-37жж. болатындығын айтқымыз келеді. Себебі зорлап отырықшыландыру жаппай ұжымдастыру ауқымында 1930 жылдан бастап жүргізіліп, оның соңы 1931-32ж. босқыншылық пен аштыққа ұрындырды. Сондықтан кеңестік отырықшыландыру біршама тежелді. 1933 жылдан бастап отырықшыландыру процесі ары қарай жалғасты. Өйткені көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдары отырықшыландырумен толық қамтылмады. Сөйтіп, ол негізінен 1937ж. аяқталды. Деректер де оның 1930 жылдан басталып, 1937 жылы негізінен аяқталғандығын дәлелдейді.

Авторлар өз еңбектерінде отырықшыландыру мен ұжымдастырудың бірін-бірі өзара толықтыратын процесс екендігін көрсетеді. Отырықшыландыру барысындағы кемшіліктер мен қателіктер аталған зерттеушілер еңбектерінде ауылдарда патриархалды-феодалдық және рулық қатынастар қалдықтарының сақталуы, отырықшылыққа отудің алғышарттарының болмауы, оны жеделдете өрістетуге, көшпелі шаруашылықтардың өзіндік ерекшеліктерінің сақталмауы, өкімшілік тәсілдерінің қолданылуы, волонтаризм мен субъективизмнің орын алуы, тап күресінің шиеленісуі, мамандардың болмауы т.б. түрінде ғана көрінеді. Ә.Жаманқұлов өз еңбегінде кемшіліктер мен қателіктерді мүлде айналып өтеді. Ізденушілер осындай қателер мен бұрмалауларды колхоз құрылы-

сының жаулары кең де тиімді түрде пайдаланды деп күшпен ұжымдастыру мен зорлап отырықшыландыру процесіндегі өрескел асыра сілтеулер, кемшіліктердің қазақ ауылындағы ашаршылық пен жаппай Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аударуға әкеліп тірегендігі, халықтық көтерілістер жайында жұмған ауыздарын ашпайды. Керісінше “бай-феодалдардың сарқыншақтары көшуді тап күресінің бір түрі етіп пайдаланып, зиянкестік, дұшпандық әрекет жасады” деп тұжырымдайды/40/. Қоныс аудару, байлардың дұшпандық әрекеттерінің нәтижесін Қазақстанда мал басының күрт азаюымен байланыстырады. Әйтсе де бұл еңбектерде “қазақ шаруаларының ұлы орыс халқының, жұмысшы табының, кеңес мемлекетінің негізінде, коммунистік партияның арқасында отырықшылыққа өтіп, тұрғын үйлерде тұрып, мал қоралары, құрал-саймандармен т.б. қамтамасыз етіліп, мәдени даму дәрежесі жағынан басқа елдермен теңестірілгендігіне” баса назар аударылады. Авторлар қазақ халқының көшпенділіктен социализмге өтіп, тұрмыс-салты өзгеріп, ауыл шаруашылығының социалистік даму жолына түскендігі жайлы тұжырым жасайды. Аталған кемшіліктеріне қарамастан бұл зерттеулердің біз талдап отырған тарихнаманы толықтырудағы маңызы айтарлықтай.

Отырықшыландыру мәселесінің жекелеген тұстары Г.Дахшлейгердің монографиясынан, Г.Ф.Дахшлейгер мен К.Нүрпейісов зерттеулерінен және Б.А.Амантаев мақаласынан орын алды/41/. Зерттеушілер тоталитарлық жүйенің “ғылыми талаптарын” еске ала отырып, отырықшылыққа өту процесінің негізінен тек күнгей жақтарын көрсетуге тырысады. Сол себептен орын алған жағдайды біршама көбейтіп көрсетуге ұмтылады. Мысалы, Б.А.Амантаев “отырықшылыққа өту қазақ ауылындағы патриархалды-феодалдық қатынастарды жоюға, оның таптық құрылымындағы қайта құруға жағдай жасаған маңызды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс болды”, - деп баса көрсетеді/42/. Ал Г.Ф.Дахшлейгер БК(б)П Орталық Комитетінің 1932 жылы 17 қыркүйекте қабылданған “Қазақстанның ауыл шаруашылығы және сондай-ақ мал шаруашылығы туралы” қаулысындағы 200 мың қазақ қожалықтарының қоныстанғандығы жайлы жалған қорытындыны басшылыққа ала отырып, соған сай тұжырым жасайды. Алайда 1932 жылдың соңына дейін отырықшыланған мұндай қожалықтар санын автор өзі сүйенген нақты деректер бойынша 182,6 мың ғана екендігін көрсетеді/43/. Ал шындығында отырықшылыққа көшірілген шаруашылықтардың жалпы саны 70 мыңдай болғандығын біз айтып өттік. Автор “ұжымдастырумен өзара байланыстағы жоспарлы отырықшылық қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын түбегейлі өзгертті” деген пікір таныта келе,

осы социалистік шараға кеңес мемлекетінің “... кем дегенде 140 млн сом” қаржы жұмсалғанын дәріптеп көрсетеді/44/. Алайда ғалым-тарихшы отырықшыландыру ауыртпалығы халықтың өзіне түскендігін, шын мәнінде мұндай қыруар ақша жұмсалмағандығын ескермейді. Себебі Қазақстан үкімет басшыларының бірі отырықшыландыру істерін басқарған Ү.Құлымбетов “Переход на оседлость в Казахстане” атты мақаласында 1932 жылға дейін “... орта есеппен әрбір отырықшыланған қожалыққа 125 сом, жалпы отырықшыландыруға 1930-31 жылдары 20469 сом” ақша ғана жұмсалғандығын ашып жазады/45/. Сонымен бірге Ү.Құлымбетов мемлекет қаражатының отырықшыландыруға аз жұмсалған себебін отырықшыланған халықтың “құрылыс ісіндегі” көптеген жұмыстарды өздерінің атқарғандығымен түсіндірген болатын.

Қазақстандағы отырықшыландыру процесі, оған 25-мыңшылар мен комсомолдардың көмегі Қазақ ССР тарихы ұжымдық зерттеулерінде, Ш.Ж.Сырғабаяевтың кандидаттық диссертациясында және И.Л.Портнойдың мақаласында қарастырылады/46/. Отырықшыландыру ұжымдық зерттеуде ауылдарулық құрылымды бірте-бірте жойған, қазақ халқының социалистік ұлт болып шоғырлануын тездеткен процесс ретінде бағаланып, оның тек жағымды жақтары қысқаша көрсетілді. Ал И.Л.Портной қазақ ауыл шаруашылығының даму ерекшеліктерінен мүлде алыс, дәстүр-салтынан хабарсыз, социалистік идеяның тұрпайы орындаушыларын жан-жақты мамандар ретінде көрсетеді. Ш.Ж.Сырғабаяев зерттеуінде ауыл мен деревняны социалистік жолмен қайта құрудағы, соның ішінде көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарын отырықшылыққа көшірудегі комсомолдың қызметі, оларға араласуы дәріптеле, мадақтала қарастырылады. Сөйтіп, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының отырықшыландыру салдарынан күйреуі бұл еңбектерде социалистік қоғам құру, ауыл шаруашылығын модернизациялаудағы жетістік ретінде пайымдалды.

1990-жылдары біз талдап отырған мәселе жаңа тарихи таным мен шындық негізінде қайта қаралып, бірқатар зерттеулер жарияланды. Оларда көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшіру күшпен іс-жүзіне асырылғандығы, оның барысында көптеген дөрекі қателер мен бұрмалаушылықтарға, асыра сілтеулерге жол берілгендігі, оның өзі үлкен нәубетке – ашаршылық пен жат өлкеге қоныс аударуға әкеліп тірегендігі ашып айтылады. Мәселен, осы кезде жарық көрген М.Қ.Қозыбаев, Қ.С.Алдажұманов, Ж.Б.Әбілқожин, К.Жаулин, С.Наушабеков, Ж.Таңатарова зерттеулерінде отырықшыландырудың зорлықпен жүргізілгендігі дәлелденіп, ол сталиндік отырықшыландыру немесе сталиндік седентаризация деп аталды/47/. Осыған үндес пікір 20-30

– жылдардағы Қазақстандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық процестерді жан-жақты әрі жүйелі зерттеп жүрген ғалым-тарихшы Т.Омарбековтың бірқатар іргелі зерттеулері мен докторлық диссертациясында, ғылыми мақалаларында білдірілді/48/. Автор ұжымдастыру кезіндегі жағдайды шиеленістіре түскен жәйт көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылын тым қысқа мерзімде күштеп отырықшыландыру әрекеттері болғандығына баса назар аударады. Тоталитарлық жүйе кезінде жарияланған зерттеулер негізінен мәселенің күнгей тұстарын көрсетуге тырысса, Т.Омарбеков еңбектерінде оның көлеңкелі жақтары ашып көрсетіледі. Осыған орай автор отырықшыландыру барысындағы кемшіліктер мен қателерді терең ашады. Мәселен, республика басшыларының жүйелі, жан-жақты ойластырылған тиянақты көзқарастарының болмауы, бюрократиялық және біржақты әрекеттердің орын алуы, отырықшыландыру жөніндегі комитеттің жұмысқа немкетті және атүсті қарауы т.б. Т.Омарбеков көрсеткен қателер мен кемшіліктер М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілқожин зерттеулерінде, К.Жаулин, С.Наушабеков, Ж.Таңатарова диссертацияларында асыра сілтеулермен толықтырылады. Авторлар отырықшыландыру барысындағы өрескел қателердің бірі көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларының ерекшеліктері ескерілмей олардың бірден өндірістік кооперацияның жоғары түрі – колхозға, коммунаға тартылғандығын ашып айтады. Мұның өзі кеңесшілік, волонтаристік әдістер арқылы іске асырылып, ақыры “қақаған қыста айдалаға көше-көше ғып киіз үй тіктіріп, әр көшеге партия көсемдерінің атын беріп, сол үйлерге жергілікті қазақтарды күшпен кіргізгенін, бұлар болса көсем атындағы үйде тұрып, мәдениетті болып кетпей, киіз үй ішінде қарап жатып, қатып өлгенін” тарихи шындық тұрғысында анықталды/49/. Т.Омарбеков өз зерттеулерінде отырықшыландырудың саяси сипаттағы қылмыс түрін, өртүрлі ағымдарды айыптаумен қатар жүргізілуі өкімшіл-өміршіл тәртіптің “зандылықтарына” айналғандығына назар аударады. Автордың “Отырықшыландыру нашар жүргізіліп жатқан аудандардағы басшылар егер де басқа ұлттың өкілдері болса әдетте ұлыдержавалық шовинизмге, ал олар қазақтар болса онда жергілікті буржуазиялық ұлтшылдарға айыпталатын”, - деген пайымдауы осының дәлелі/50/. Зерттеушілер “ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру ...орасан зор зиян келтіріп қана қоймай, қолындағы бар малынан айырылған халықты ашаршылыққа душар еткендігін, ...ашаршылық зардабының жергілікті халықты мұншама мүшкіл халге жеткізуі сол кездегі ресми саясаттың нәтижесі” екендігіне көз жеткізеді/51/. Белгілі ғалым-тарихшылар – М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілқожин

“босқындар арасында ит пен мысық, жәндіктерді былай қойғанда, адам етін жеген оқиғаларға жеткізген ашаршылық жылдары жайлы ащы шындықты тұңғыш рет ашып көрсетеді/52/.

Ж.Әбілқожин, М.Қозыбаев т.б. республикаға әйгілі “сегіз қырлы бір сырлы 25-мыңшылардың жан-жақты көмегін былайша айқындады: “... өнеркәсіп орталықтарынан келген, жергілікті ұлт дәстүрінен, тарихынан, тілінен ешқандай хабары жоқ адамдар... отырықшылыққа көшіруді тек халықты бір жерге жинап, қоныстандыру, барлық мал-мүлкін ортаға салдыру деп түсінді”/53/. Зерттеушілер “революциялық қызумен желіккен” отырықшылыққа көшірушілердің түп-түзу көшелері бар “поселкелер жасауы” ... малшылардың шаруа кеңестігімен, жайылымнан қол үзуіне, малға қолайлы суаты мен жем-шөбінен айырылуына әкеп соққандығын” анықтады/54/.

Кеңестік дәуірде қазақ халқы социалистік өмір салтына көшіп, отырықшыландыру табыстарының нәтижесінде сәулетті үйлерде тұра бастады деген жалған коммунистік идеологияның шынайы мазмұнын Т.Омарбеков былайша ашып көрсетеді: “... алғашқы жылдары отырықшыланғандар көбіне жер үйлерге немесе екі бөлмелі балшықтан және қамыстан тұрғызылған жұпыны лашықтарға қоныстанды. Таза ауада табиғат аясында өскен жан басы көп көшпендіні мұндай жертөлелерге немесе екі бөлмелі лашықтарға қамауды жетістік деп айтуға болмас”/55/. Мемлекет отырықшыландыруға қыруар қаражат бөлді деген мәселеге келсек, Т.Омарбеков мұнда да, әсіресе қазақ шаруаларын техникамен, машиналармен жабдықтауға елеулі назар аударылмағандығын, оған бөлінген 3 млн 140 мың сом кредит ақшаның 69100 сомы ғана, яғни 2%-і ғана пайдаланылғандығын” жазады/56/. Сонымен тарихшы-зерттеушілер кеңес өкіметінің отырықшыландыру арқылы тиімді нәтижелерге жете алмағандығына, керісінше ауыр зардаптарға әкелгендігіне баса назар аударады.

Біз талдап отырған мәселенің демографиялық астарларын анықтауға бірқатар қазақстандық зерттеушілер ат салысты. Алайда аштық жылдары қырылған қазақтар санын анықтауда ғылымда ортақ пікірдің орын алмай отырғандығы белгілі. Мәселен, Б.А.Төлепбаев пен В.И.Осипов “1931-33 жылдардағы ашаршылықта 1 млн 100 мың адам опат болды” десе, М.К.Қозыбаев, Ж.Б.Әбілқожин, М.Б.Тәтімұмов “шын қайтыс болған қазақтардың саны 1 млн 750 мың адамға” жетті деп жазды/57/. М.Асылбеков пен Ә.Ғалиев та осындай пікірді ұстанады/58/. Ал М.Тәтімұмов кейінірек өзінің “Қазақ әлемі” атты зерттеуінде голощекиндік қызыл қырғын құрбандарын 2 млн 300 мың адам”, деп есептеп шығарды/59/. Ал Т.Омарбеков аштық жылдары қырылған қазақтардың санын 2 млн

адамнан асып кеткендігін дәлелдейді/60/. Шетелдік зерттеуші Р.Конквест мұндай шығынды 1 млн деп көрсетеді/61/. Өйтсе де қолында архив құжаттары жоқ зерттеушінің пікірін шындыққа теңеу қиын екендігін айтқан жөн. Қазақстандық зерттеушілердің ашаршылыққа байланысты көрсеткен мәліметтерін талдай келе мынадай қорытындыға келуге болады.: ғалымдар негізінен екі түрлі пікір айтады, бірі ашаршылық жылдары қырылған қазақтардың саны 1 7500 мың адам десе, екіншілері 2 млн-нан астам адам деп көрсетеді. Осы екі пікірді салыстыра отырып, аштық кезінде Қазақстанда 2 млн-нан астам адамның қайтыс болғандығы жайындағы пайымдаулардың шындыққа жанасатындығын айтқымыз келеді. Себебі М.Тәтімов, Т.Омарбеков мәліметтерді өздері есептеп, пікірлерін шыңдайды. Біздің ойымызша 1931-33 жылдардағы ашаршылықта 2 млн-нан астам қазақ опат болды. Өз ойымыз дәлелді болу үшін 1926-39 жылдар аралығындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық және өлеуметтік құрылымындағы өзгерістерді арнайы зерттеп, кандидаттық диссертация қорғаған С.Айымбетовтың пікіріне сүйенеміз. С.Айымбетов ашаршылық жылдары 2,5 млн-ға жуық қазақ құрбаны болды”, - деп болжам жасайды/62/. Өз болжамын автор 1897-1926-30, 1935-36 жылдардағы табиғи өсім мен санаққа ешбей қалғандардың мөлшерін белгілеу арқылы дәлелдейді. Сондықтан ізденушінің болжамының негізінде ашаршылық жылдары 2 млн, астам қазақтың шығын болғандығы жайында тұжырым түйіндеуге болады.

Күштеп ұжымдастыру мен зорлап отырықшыландырудың қайғылы зардаптарының демографиялық апат мәселелері Б.Жүмәлиева, Ж.Талдыбаевтың мақалаларында қамтылды/63/.

Қасіретті 1930-жылдардың бас кезіндегі жаппай ұжымдастыру мен зорлап отырықшыландыру тарихының кейбір шынайы тұстары шет елдік тарихнамадан да орын алды. Мысалы, италияндық тарихшы Д.Боффа өзінің ескі томдық салмақты зерттеуінде Қазақстандағы ұжымдастыру жайында жазады/64/. Автор италиян процесігі сырттан келген қазақ тілі мен ауылын білмейтін орыстардың басшылық етіп, жүргізгендерін, мұның өзі ұлттық қайшылықтарды тудырғанын ашып көрсетеді. Зерттеуші ұжымдастыру кезінде жіберілген қателердің қайғылы жағдайларға жеткізгендігіне назар аударады. Д.Боффа осыған орай “Буденный атты өскері күшімен басылған нағыз көтеріліс жайында әңгімелер жүргендігін” айтады/65/. Автор пікірінше отырықшылыққа отуға тиіс 566 мың көшпенді от басының 183 мыңы малмен бірге Қытайға қашқандығын нақты белгілі оқиға ретінде, мал басының 19,2 млн-нан 2,6 млн-ға азайғандығын көрсетеді/66/. Бұдан тарихшының от

зерттеуін жазуда архив құжаттарынан гөрі жалаң өңгімелерге сүйенгендігін байқау қиын емес. Себебі Қытайға Д.Боффа көрсеткендей 183 мың адам ауып кетпеген. Т.Омарбековтың көрсеткен деректеріне сүйенсек ол – 70 мыңдай адам/67/. Шетелдік зерттеушінің 19,2 млн. бас малдың 2,6 млн-ға азаюы да шындыққа сай емес. Өйткені басқа деректер мен зерттеулерді былай қойғанда О:Исаевтың 1933 жылы 12 шілдеде Өлкелік партия комитетінің 6- пленумындағы баяндамасында Қазақстандағы 40 млн-дай бас малдан 1933 ж. 4 млн-дай ғана қалғаны айтылған/68/. Дегенмен де біз талдап отырған мәселенің шынайы тұстарына көз жеткізуге Д.Боффаның еңбегі септігін тигізері сөзсіз.

Қазақстандық тарих ғылымында отырықшыландыру мәселелеріне байланысты шетелдік зерттеуші, “идеологтардың” көзқарастары мен пікірлерін сынап, жоққа шығаратын еңбектер орын алады. Мәселен, В.И.Коваль, В.И.Коршунов, В.П.Осиповтың бірлескен зерттеуінде және Ә.Тұрсынбаевтың еңбегінде отырықшыландыру, мал басының азаюы, қазақтардың шет елге қоныс аударуы т.б. төңірегінде пікір білдірген шетелдік зерттеушілер көзқарастары сын тезінен өткізіліп, оларға соққы берілді/69/. Мысалы, В.И.Коваль, В.И.Коршунов т.б. өздерінің еңбегінде былай деп жазады: “Буржуазиялық идеологтар Қазақстандағы ұжымдастыруды күштеу процесі ретінде пайымдап, біріншіден, қазақтарды таза көшпенділер түрінде көрсетуге тырысады; ал екіншіден, партияның коллективтендіруге дайындаған өлеуметтік-экономикалық алғышарттарын толығымен жоққа шығарады”/70/. Буржуазиялық идеологтарды сынай отырып, өздері мынадай пікір танытады: “Кеңестік ғалымдар баяғыда қазақтарды таза көшпелі ретінде бағалаудың бұрыстығын дәлелдеген. Статистикалық мәліметтер мен өзге де деректер тұрғындардың 60% революция қарсаңында көшпелі өмір салтын ұстанған. Партия мен кеңес үкіметінің жүргізген алғашқы социалистік өзгерістері отырықшыландыру процесін айтарлықтай жеделдетті. 1920- жылдардың өзінде қазақ тұрғындарының жартысына жуығының егістіктері болды, ал коллективтендірудің бас кезінде қазақ шаруашылықтарының 40%-і отырықшылыққа өтті”/71/. Шындығында қазақ халқы қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде отырықшы мал шаруашылығымен, егіншілікпен айналысты. Алайда ол шаруалар отарлауына байланысты жер тапшылығынан туындаған мәжбүрлік әрекет болды. 1920-ж. қазақ тұрғындарының жартысына жуығының егістік жерлері болғанымен олардың көпшілігінің, өсіресе кедейлердің оларды шаруашылыққа ендіруге өндіргіш күштердің аздығынан мүмкіндіктері шектеулі болды. Ал ұжымдастырудың бас кезіндегі қазақ шаруаларының 40%-нің отырықшылануына келсек, оған

әкімшіл-әміршіл, күштеу шараларының нәтижесінде қол жеткізілді. Осыған орай шетелдік зерттеушілердің ұжымдастыруды күштеу процесі ретінде көрсетуі шындыққа сәйкес келеді.

Ә.Тұрсынбаев шетелдік зерттеушілердің ұжымдастыру барысындағы мал санының азаюы, жат жұртқа көшуі тұрғысындағы пікірлеріне тоқталады. Автор барлық “реакциялық буржуазиялық тарихшылар мен әлеуметтанушылардың еңбектерінде коллективтендірудің күштеу саясатын дәлелдеуде малды жаппай сойып тастау қарастырылатындығын” айтады. Осыған орай У.Дугластың мынадай пікірлерін келтіреді: “Көшпелілердің күштеп ұжымдастыруға қарсылығы колхоздарға зорлап кіргізгеннен кейін де жалғасты... колхоздарда жұмыс істеуге мәжбүр болған көшпелілер алдымен малды жойып, одан кейін қашып кетті”/72/. Шетелдік зерттеушілердің мұндай пікірінің шындыққа сәйкес келмейтіндігін айтқан жөн. Себебі автор ұжымдастырудың күштеу тәсілдері арқылы жүргізілгендігін айтқанымен мал басының кемуі, қазақтардың шет аймақтарға ауа көшуі сталиндік-голощекиндік саяси төтенше шаралардың, күштеп ұжымдастыру мен зорлап отырықшыландырудың зардаптарынан туындаған құбылыс екендігін ескермейді. Ал Ә.Тұрсынбаев 1929-32ж. Қазақстанда шынымен мал басының кемігендігін айта келе, оның себептерінің У.Дуглас көрсеткендей еместігіне назар аударады. Автор оны ауылдағы тап күресімен байланыстыра отырып, “байлар тұрғындардың арасында малды жаппай сою туралы үгіт жүргізді”, “байлар шаруаларды шет елдерге көшіп кетуге арандатты” деген кеңес дәуіріндегі тарихшыларға тән қағидалар арқылы дәлелдейді/73/. Сөйтіп Ә.Тұрсынбаев тарихи шындықтан алыс пікір танытады.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында зорлап отырықшыландырудың тарихын деректанулық тұрғыда зерттеген соны еңбектер жазылып, жас зерттеушілер тарих ғылымына елеулі үлесін қосты. Бұл еңбектер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік және Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаттарындағы құжаттарды ғылыми айналымға түсіруімен құнды/74/. Сонымен қатар отырықшыландыру мәселесі әр қырынан терең зерттеліп, оның тарихнамасы толығымен түсті /75/.

Сонымен біз Қазақстандағы зорлап отырықшыландыру тарихнамасын талдадық. Мәселеге қатысты барлық жазылып, жарияланған әдебиетті толық талдадық деген пікір айту қиын. Дегенмен олардың бәрін қамтуға талпыныс жасадық. Себебі тақырып кең өрі жарық көріп, жазылған зерттеулер де айтарлықтай.

Алайда мәселе сыңаржақ таптық, партиялық, кеңестік саясат тұрғысында қарастырылған. Сондықтан да оның қайта зерттейтін тұстары да жоқ емес. Ең алдымен зорлап отырықшыландыруды

жаңа бағытта, көзқарас, тың деректер негізінде зерттейтін шағын мақалалар емес, кандидаттық диссертациялар қажет. Сондай-ақ оның барлық тұстарын қамтитын іргелі, ұжымдық зерттеулер жазылуы керек. Мәселенің деректік ауқымын айқындайтын деректемелік еңбектер, диссертациялар өмірге келулері қажет. Себебі тақырыпқа байланысты ғылыми айналымға әлі де болса түспеген деректер мен құжаттардың бары байқалады.

Кеңестік дәуірде отырықшыландыру процесіне жұмысшы табының өкілдері, басқа да республикадан келушілердің көмегі орасан зор болды, солардың басшылығы, яғни жетекшілігі мен тікелей жәрдемінің арқасында ол нәтижелі жүрді деген көзқарас қалыптасты. Алайда соңғы кезде жарияланған еңбектерде оның жағымсыз жақтары, зардаптары жайында айтылуда. Қазақтың салт-дәстүрі, ерекшеліктерінен жүрдай революционерлердің көмегінен гөрі зияны басым болғаны анықталуда. Қысқасы, өйгілі 25-мыңшылардың Қазақстан ауыл шаруашылығын қайта құрудағы ролін нақты тарихи шындық тұрғысында зерттеп, зерделейтін еңбектер қажет.

Қызыл табан шұбырынды жылдарындағы аштық пен Қазақстаннан сырт жерлерге қоныс аударудың демографиялық, әлеуметтік тұстарын ашып, ғылымда орын алған әр түрлі көзқарастарды нақтыландырып, бір жүйеге келтіретін еңбектер болғаны абзал.

Мәселенің зерттелмеген және жаңа методологиялық тұрғыда зерттелуге тиісті қырларын ашу мақсатында мынадай ғылыми жұмыстардың тақырыптарын ұсынамыз:

- Қазақ ауылдарын зорлап отырықшыландыру мәселесінің тарихи деректері;
- Қазақ ауылдарын отырықшыландырудағы кеңес жұмысшыларының ролі: тарихы мен зардаптары;
- 25-мыңшылардың Қазақстан ауыл шаруашылығын қайта құрудағы ролі;
- Қазақ ауылдарын отырықшыландырудың әлеуметтік-экономикалық салдарлары.

7. Тың және тыңайған жерлерді игерудің зерттелуі

1950 жылдары Қазақстан ауыл шаруашылығында жүргізілген өзгерістердің бірі тың және тыңайған жерлерді игеру болды. Бүкіл дүние жүзі назарын өзіне аударған осы бір дүбірлі науқан Кеңес Одағы ауыл шаруашылығын өркендетудегі ерекше маңызы бар аграрлық шара ретінде саналады. Сондықтан да оның тарихын жазуға деген ынта, тілек ұлан-ғайыр еді. Оның дәлелі ретінде 1975 жылға дейін бұл тақырып бойынша 15 мыңнан астам өркілі ғылыми-әдеби жұмыстардың жарық көргендігін айтса да жеткілікті/1/. Соның ішінде 1,5 мыңы – тек ғылыми зерттеулер. Алай-да олардың барлығы дерлік тың және тыңайған жерлерді игерудегі бүкілхалықтық қозғалысқа дем беруші Компартияның, оның жергілікті ұйымдарының ролін паш етуге арналады. Зерттеулерде бұл аграрлық шара өзінің бастауынан бері тек марапаттау түрінде, біржақты көтеріңкі көңіл-күйде, мардымсыз табысты көпіртіп көрсету бағытында пайымдалды. Шұғыл әрі асығыс түрде, жаппай ұжымдастыру тәрізді қысқа мерзім ішінде шамадан тыс ұлан-байтақ жерді жыртып тастау партия мен халықтың көзсіз ерлігі ретінде бағаланды. Әйтсе де өсіребан, астамшылықпен бағаланған аграрлық шараның күнгейімен бірге көлеңкелі тұстары да болды. Кеңес Одағындағы горбачевтік қайта құру мен Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты тың және тыңайған жерлерді игерудің “ақ-қарасын” айқындайтын, оның көлеңкелі тұстарына көбірек үңіліп, ашатын еңбектер жарияланды. Тарихнамалағы мұндай зерттеу үрдісі өз жалғасын табу үстінде.

Тың және тыңайған жерледі игерудің деректік негізі М.А.Қадыртаеваның кандидаттық диссертациясында зерттелді/2/. Диссертацияда тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты Қазақстанның Орталық мемлекеттік архивіндегі құжаттық материалдар сарапталып, жинақталып, көрсетіледі. Автор өзі қарастырған архив қорларындағы материалдарды нұсқаушы - директивалық, статистикалық, хабарламалық түрінде 3 үлкен топқа бөліп, олардың әрқайсысын жеке-жеке сипаттап, мазмұнын ашды. М.А.Қадыртаева құжаттық материалдарды оқып-үйрену тың және тыңайған жерлерді игеру тарихын зерттеуде оның жекелеген тұстарын нақтыландыруда қажет екендігін дәлелдейді.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің мол тарихнамалық қоры тарихшыларды өз кезегінде тарихнамалық еңбектер жазуға ынталандырған. Ондай еңбектер жарияланды да. Сол жарық көрген тарихнамалық еңбектерді екі топқа бөлуге болады: біріншісі жалпыодақтық тарихнамалық зерттеулер; екіншісі – қазақстандық. Алайда қазақстандық тарихнамалық туындылар өте аз. Мә-

селен, тек бір ғана Р.Г.Сауранбаеваның кандидаттық диссертациясын атауға болады/3/. Оның өзі Компартияның тың және тыңайған жерлерді игерудегі қызметінің тарихнамасын көрсетуге арналған. Тарихнамалық талдау біржақты партиялық, партия ұйымдарының ролін көрсететін еңбектерді негізінен марапаттап сараптау, шектелген сын ауқымында жасалады. Осыған орай тарихнаманың ұзын-ыргасында зертеулерге сыни көзбен қараудан гөрі, асыра көрсетуге, дәріптеуге көп көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар Х.Маданов пен Т.Омарбеков өздерінің мақаласында тың игеруге қатысты негізінен партиялық әдебиетке жататын зерттеулерді талдайды/4/. Еңбек мақала түрінде жазылғандықтан авторлардың жан-жақты тарихнамалық талдау жасауға мүмкіндіктері болмады. Тарихшылардың зерттеулерді сынау мүмкіндігі шектеулі әрі маркстік-лениндік методологияға бағынышты түрде жасалды.

Сонымен бірге қазақстандық колхоз-совхоз құрылысы тарихын зерттеуге арналған еңбектердің кіріспе бөлімінде тарихнамалық талдаулар жасалады. Мәселен, Ф.Михайлов, И.Шамшатов, З.Голикова, А.Көкімжанов, С.Л.Ковальский, Х.Маданов сияқты тарихшылардың іргелі зерттеулерінде тың игерудің тарихнамасына жан-жақты шолу жасалады.

Ал жалпыодақтық тарихнамалық зерттеулерге М.Л.Богденко, В.П.Данилов, И.М.Волков, Д.И.Юхнович еңбектерін жатқызуға болады/5/. Бұл еңбектерде тарихнамалық талдау, пролетарлық интернационализм, халықтар достығы, халықтың ерен еңбегі сияқты кеңестік дәуірде кеңінен дәріптелген тұжырымдамаларға сай жасалды.

Қазақстандық тарих ғылымында тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңдерге немесе этаптарға бөлінген. Негізінен ғылымда тың жерлерді игерудің екі кезеңі көрсетіледі: 1)1953-58 ж.; 2)1958-65 ж. Бірінші кезең – тың игерудегі алғашқы кезең. Тың жерлер игеріліп, жаңа совхоздар құрылысы жүрді. Астық өндіруде алғашқы табыстарға қол жеткізілді. Екінші кезеңде астық түсімі көбейіп, тың өлкесі ірі тауарлы астық өндіру орталығына айналды. Әйтсе де мұндай екі кезеңге бөлу партияның қаулы-қарарларына, сол кездегі КОКП ОК-нің бірінші хатшысы Н.С.Хрущев баяндамалары мен сөйлеген сөздерінің негізінде орын алды. Алайда мұндай көзқарастан өзге пікір ұстанушылар да болды. Мәселен, С.Л.Ковальский мен Х.Маданов өздерінің зерттеулерінде тың игерудің үш этапын көрсетеді/6/. Зерттеушілер пікірінше тың игерудің алғашқы этапы ВКП(б) ОК Саяси бюросының 1928 жылдың 23 сәуіріндегі тың өлкесінде ірі астық өндіретін совхоздар құру туралы шешімінен басталады. Авторлар екінші этапты 1940

жылғы 20 сәуірдегі ВКП(б) ОК мен КСРО ХКК қаулысынан бастайды. Бұл этаптың ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру жағдайында жүргізілгендігіне назар аударады. Тарихшы-зерттеушілер: “1954 жылы басталған тың жерлерді игерудің үшінші этапы өзінің масштабы, маңызы және нәтижелері жағынан алдыңғыларынан асып түсті. Ол социалистік қоғамның ауыл шаруашылығы өндірісін жедел дамытуда пісіп-жетілген қажеттілігінен туындады”, – деп тұжырымдайды/7/. Зерттеушілердің тың игеру 1928 жылдан басталатындығы жайында пікірімен келісуге болатын тәрізді. Себебі 1928 жылы Қазақстанда алғашқы тың игеріліп, совхоздар құрыла бастағаны белгілі. Алайда бұл процесс жаппай ұжымдастырудың орескел революциялық шараларының астарында қалып, ақырына дейін жеткізілмеді. Бұл шара колхоз-совхоз құрылымын орнықтыру кезеңінде біршама қолға алынды. Әйтсе де осы кезде оның нәтижесі мардымды бола қоймады. Дегенмен жаңа тың жерлердің игерілуі совхоз өндірісі үшін айтарлықтай болды. Олар жайында С.Л.Ковальский зерттеулерінде айтылды/8/. Авторлардың үшінші кезеңді көрсетулері дау тудырмайды. Себебі 1954 жылдан бастап Қазақстанда тың игеру орасан зор масштабта жүргізіліп, жүздеген совхоздар құрылып, республика Одақтағы астық өндіретін өлкеге айналды.

Ф.Михайлов пен И.Шамшатова Қазақстандағы тың жерлерді игерудегі екі кезеңді анықтайды: 1)1953-56 ж.; 2)1957-60 ж./9/. Мұндай кезеңдерге бөлу аяқсыз қалған тәрізді болып көрінеді. Себебі тың игеру және колхоз-совхоз өндірісін көтеру 1960-жылдардың бірінші жартысында жүргендігі тарихтан белгілі.

Ә.Тұрсынбаев та екі кезеңді көрсетеді. Автор екінші кезеңнің 1957 жылдан басталатындығын атап айтады/10/. Алайда оның аяқталу уақыты көрсетілмейді.

Жоғарыда көрсетілген авторлар пікірімен келісе алмайтындығымызды білдіре отырып, тың игеру тарихын кезеңдерге бөлмей-ақ зерттеуге болатындығын айтқымыз келеді. Себебі тың игерудің мақсаты елдің егістік жерлерін кеңейту арқылы астық проблемасын шешуге 1950-жылдың соңы 1960-жылдардың бас кезінде негізінен қол жеткізілді. Тың игеру негізінде 1950-жылдың соңында колхоздарды совхоздарға айналдыру жүргізілді. Мұнан өзге ірі аграрлық реформалардың іс-жүзіне асырылмағандығы белгілі. Сондықтан тың игеру тарихын бір сабақтастықта бастан-аяқ кезеңдерге бөлмей-ақ қарастырып, зерттеуге болады деп есептейміз.

Енді тың және тыңайған жерлерді игеру тарихнамасын талдауға көшейік. Айта кетерлік жайт, тарихнамадағы барлық жарық көрген зерттеулерді талдау мүмкін емес. Сондықтан да біз негізінен республикада жарияланған еңбектерді талдауды мақсат еттік.

Тұңғыш рет тарих ғылымында тың және тыңайған жерлер тарихын зерттеуге көңіл қойған Ә.Тұрсынбаев болды. Ғалым-тарихшы өзінің “Колхозное крестьянство Казахстана” атты монографиялық зерттеуінде, сондай-ақ бірқатар мақалаларында тың игеру тарихын, нәтижелерін колхоздарды орнықтыру, МТС-терді қайта құру мәселелерін терең, жан-жақты қарастырады/11/. Тың және тыңайған жерлерді игеру тарихын әр қырынан қарастырып, зерттеуге қазақстандық тарихшылар Ф.И.Михайлов, И.Шамшатов, В.И.Савосько, Ф.И.Колодин мол үлес қосты. Қазақстандағы жаппай тың игерудің бұқаралық сипаты, жана қонысшылардың еңбектегі ерліктері, тың аудандарында совхоздардың құрылуы мен астық өндірудегі алғашқы ірі табыстар, совхоз-колхоз өндірісі, әлеуметтік-экономикалық жетістіктер, мәдени құрылыс мәселелері Ф.К.Михайлов пен И.Ш.Шамшатовтың бірлескен зерттеуінен орын алды/12/. Тарихшы-зерттеуші И.Шамшатовтың іргелі еңбектері, бірқатар мақалалары тың және тыңайған жерлерді игеру, ондағы партияның ролін көрсетуге арналды. Ф.К.Михайлов өзінің Қазақстандағы совхоз құрылысын зерттеуге арналған іргелі еңбегінде тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесіне тоқталады. Зерттеушілер мәселені біржақты интернационализм, халықтар достығы, кедергі, кемшіліксіз орасан зор табыстар ауқымында көрсетеді. Тың игерудің көлеңкелі тұстары жабулы қазан түрінде қалды. Мысалы, Ә.Тұрсынбаев пікірінше “социализм ғасырлар бойы бос жатқан жерлерді жоспарлы әрі тиімді түрде пайдалануға тұңғыш рет жағдай жасады... 1954-60ж. арасында елде 41 млн. соның ішінде Қазақстанда 25,5 млн гектар жер игерілді”/13/. Дәл осындай мәліметті Ф.Михайлов та көрсетеді. Ф.К.Михайлов “1954-60 ж. Қазақстанның тың және тыңайған жерлерінен 3,1 млрд. пұт, соның ішінде Тың өлкесінен 2,3 млрд. пұт немесе 74,5% астық алды. Жаңа жерлер республиканың жалпы тауарлы астығының 81,6% берді”, –деп баса көрсетеді/14/. И.Шамшатов тың игеру барысында совхоздардың астық өндірудегі ролінің артуына, колхоз өндірісінің жетілдірілуіне баса назар аударады. 1954-56 жылдары республика совхоздарының 9,6 млн. жаңа жерлерді көтеріп, игергендігін жазады. Алайда зерттеуші мол табыстармен бірге совхоз өндірісіндегі кемшіліктер мен қиындықтарды ашады. “1954 жылы 342 совхоздың 212-сі рентабельді емес түрде жұмыс істеп, мемлекетке шығын келтірді. 1955 жылы совхоздардың көпшілігі астық жинау жоспарын орындамады. ... гектарына 2-8 ц. астық алды” –деген И.Шамшатов пікірі шындықты нұсқайды/15/. Алайда тарихи шындық толық ашылмайды. “Тыңды бағындыруға” орасан зор күрделі қаржы жұмсалды. Тың игерудің алғашқы екі жылы ішінде республиканың ауыл шаруашылығына 6105 млн сом қаржы

жұмсалды. Ал мұның өзі – төртінші бесжылдықта жұмсалған барлық қаржыдан төрт есе көп/16/. Тарихи әдебиетте тың игерудің алғашқы жылдарында жұмсалған қаржының орны толмағандығы, қазақ жерлерінің бей-берекет, белгіленген көрсеткіштен артық жырттылып, жер қыртысының, яғни топырақ бетінің эрозияға ұшырағандығы айтылмайды. Зерттеушілер тың игерудің экстенсивті сипатына мән береді. Шындығына келсек, тың игерудің алғашқы жылдары, 1957-58 ж. жерді бей-берекет беталды жырта берудің салдарынан Павлодар облысының жеңіл жер қыртысында шаңды борандар басталды, ал 60-ж. үрлеп жел соғу процестері бүкіл тың аймағын қамтыды. 1960 ж. қарай Солтүстік Қазақстанда жел эрозиясына 9 млн-нан астам жер ұшырады/17/. Тарихи әдебиетте тың игерудің маңызы ерекше дәріптеліп, оның көлеңкелі тұстары ашылмайды. Мысалы, Ә.Тұрсынбаев тың игерудің әлеуметтік-экономикалық, саяси маңызын көрсете отырып, колхоздардың орныққандығын, жаңа елді мекендердің пайда болғандығын айта келіп, тың игеру халықтар достығын нығайтудың маңызды факторына айналғандығын дәріптеп көрсетеді. Ф.Михайловтың және тыңайған жерлерді игеруді партияның ұзақ кезеңдегі жоспарлы бағыты екендігін айқындап, оның “мақсаты егістік жерлерді жай ғана қысқа мерзімде механикалық түрде кеңейту емес, кеңес халқының материалдық игілігін көтеруге бағытталған әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар жиынтығын іс-жүзіне асыру”, - деп санай-ды/18/. Мұндай тұжырымнан коммунистік идеологияның қолтаңбасын айқын байқауға болады.

Тың игерудегі кеңес халқының ерен еңбегі, туысқандық қарым-қатынастары мен өзара көмегі, халықтың материалдық жағдайының жақсаруы тарихи еңбектерде арнайы зерттеледі. Мысалы, тың аудандарындағы колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының материалдық игілігінің артуы Ф.К.Михайловтың, И.Шамшатовтың ғылыми мақалаларында арнайы қарастырылады. Тарихшылар тың игеру барысында егістік пен мал шаруашылығының дамып, жүздеген жаңа совхоздардың, тұрғын үй, мәдени-тұрмыс, мектеп, бала-бақшаның т.б. көптеп салынғанын нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Осылайша “ауыл мен селоның көрінісі жаңа заманға сай келді”, - деп тұжырымдайды/19/. Шынында да Коммунистік партия мен кеңес үкіметінің назары тың өлкесін пәрменді түрде әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытуға бағыттталып, нәтижесінде сол аудандардың шаруашылық, тұрмыс-тіршілігі республиканың басқа да аймақтарымен салыстырғанда көш ілгері түрді. Әйтсе де осындай саясаттың салдары Қазақстанның көптеген облыстарының шалғай аудандарында әлеуметтік-экономикалық жағынан артта, ұмыт қалған аудандар қатарының

көбеюіне алып келді. Барлық күш-жігер, қаржы-қаражат жана совхоздар құрылысын дамытуға жұмылдырылғандықтан бұрынғы қазақ ауылдары шетке қағылып, ұмыт қалды. Олар бірте-бірте “болашағы жоқ, тиімсіз шаруашылықтар” ретінде біржола жойылды. Алайда мұндай мәселелер тарихшылар зерттеулерінде айтылмайды. Ал тың игерудегі кеңес халқының ерен еңбегі жайында айтатын болсақ өрине, тың көтерудегі жастардың, еңбекшілердің қажырлы, жанқиярлық, табанды ерлігін ешкім жоққа шығармайды. Алайда мәселе мұнда емес, ол тың игерудің келенсіз салдарларында. Себебі “тыңға шабуылдың” салдары тың өлкесінде демографиялық, экологиялық зардаптар мен шешімі қиын проблемалар тудырды.

Қазақстандық тарих ғылымында тың игеру барысындағы колхоздарды совхоздарға айналдыру процесіне айтарлықтай көңіл бөлінді. Бұл мәселе И.Шамшатов пен В.К.Савоськоның бірлескен зерттеуінде, Ф.И.Колодин еңбегінде, Ф.Михайловтың іргелі туындысында қарастырылды/20/. Ф.Михайлов совхоздардың материалдық-техникалық базасы, өндіріс қызметі, жұмысшыларының материалдық игілігі мен мәдени деңгейінің өсуін егжей-тегжейлі зерттей келе, жері көп колхоздарды совхоздарға айналдыру процесін көрсетеді. Бұл процестің “Қазақстан жағдайындағы қажеттіліктен туындағанын”, оның көлеңкелі тұстарының болғандығына назар аударады. Мәселен, автор пікірінше жедел қайта құру барысында кейде экономикалық жағынан мықты колхоздардың бір бөлігі совхоздарға айналдырылды/21/. Ф.Михайлов мұндай есепке алмаудың кері салдарларды тудырмағандығын жазады. Осылайша шындықтан сырттайды. В.К.Савосько мен И.Шамшатов тың игеру процесіндегі колхоздардың совхоздарға айналдырылуын “объективті, заңды және прогрессивті құбылыс” ретінде санайды. Себебі авторлар пікірінше “тек Қазақстанда ғана емес, өзге де бірқатар республикалар мен облыстарда жері көп колхоздардың өзіндік ерекшеліктері болды”/22/. Осындай пікір В.К.Савосько мақаласынан да көрініс берді. В.К.Савосько, И.Шамшатов пікіріне қайшы көзқарасты Ф.И.Колодин білдіреді. Тарихшы-зерттеуші: “көптеген колхоздарды совхоздар ретінде қайта ұйымдастыру – қазіргі этаптағы ауыл шаруашылығындағы социалистік формаларды дамытудағы заңдылық емес, көрсетілген кезеңнің ерекшелігі. Осы уақыттағы совхоздардың шаруашылық қызметін талдау Қазақстанның тың аудандары жағдайында көптеген колхоздарды кеңестік қожалықтар ретінде өзгертудің қажеттілігі”, -деп дәлелдейді/23/. Ф.К.Михайлов 1954-58 жылары тың жерлерде 326, жері көп колхоздар мен МТС негізінде 206 совхоздардың құрылып, республикада олардың саны 807-ге жеткендігін және олардағы

қиындықтарды ашып көрсетеді/24/. Сонымен зерттеушілер тың игеруді заңдылық, колхоздарды совхоздарға айналдыру процесін қажеттілік ретінде санады. Бұл жерде тарихшылар пікірі кеңестік идеологиямен астасып, әдеттегі науқаншылықты асыра бағалап, ерекшелендірді. Тың игеру кеңес билігінің кезекті эксперименті екендігі, ауыл шаруашылығына басшылық етуде волонтаризм мен субъективизмнің өрістегені назардан тыс қалды.

1960-жылдары Қазақстанда тың жерлерді игерудегі Компартияның ролін дәріптейтін бірқатар еңбектер жарық көрді. Солардың ішінде салмақты да салиқалысы З.Голикова, А.Кәкімжанова, С.Ковальскийдің т.б. ұжымдық зерттеуі/25/. Ұжымдық зерттеуде көптеген архив құжаттары, материалдар негізінде тың және тыңайған жерлерді игеруге бағыт алу, селолық партия ұйымдары қызметінің жетілдірілуі, тың аудандарында ауыл шаруашылығын одан ары дамытудағы ролі, мәдени-тұрмыстық құрылыс, тың игеру нәтижесіндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жан-жақты қарастырылады. Көрініс тапқан мәселелер біржақты партиялық тұрғыда, маркстік-лениндік методология шеңберінде көрсетіледі. Коммунистік партияның тың жерлерді игеру үшін күресін нысанаға алған зерттеушілер оның республикада миграцияны күшейтуін, сырттан басқарушы мамандардың әкелінуіне байланысты жергілікті басшылардың ығыстырылуын, белгіленген мөлшерден өте көп жерлердің жыртылуын, астық өндірудің экстенсивті дамытылуын назардан тыс қалдырады. Сол себепті іргелі зерттеу тәуелсіз Қазақстан тарихын қалыптастыруда тың игерудің шынайы концепциясын құруға үлес қоса алмайды.

Тың игерудің нәтижелерін осындай бағытта, тек тиімді жақтарын көрсету С.Л.Ковальский мен Х.М.Мадановтың зерттеуінен орын алған/26/. Авторлар мәселенің тарихи-партиялық тұстарын ашады. Еңбектің бір ерекшелігі тың игеру мәселесін 1920-жылдардың соңынан бастап қарастырады. Қазақстандағы 20-жылдардағы тың жерлерді игерудегі айтыс-дауды көрсете келе жаңа жерлердің егістік ауқымына ендіріліп, 295 мың га егістігі бар 7 совхоздың құрылғандығын жазады/27/. Алайда кадр, механизация т.б. мәселелерінің өз дәрежесінде шешілмеуінен тың жерлерді игеру процесінің кең етек жая алмағандығына назар аударады. Сөйтіп, Қазақстанда тың игеру 1954 жылдан бері қарай игеріле бастады деген концепцияны түбегейлі өзгертті. С.Ковальский мен Х.Маданов өзге де тарихшылар тәрізді тың игерудің тиімді тұстарын біржақты ашып, әлеуметтік-экономикалық маңызын мадақтап, дәріптеп көрсетеді. Зерттеуде Компартияның ролін асыра бағалауға көп көңіл бөлінген. Соған қарамастан тың игеру тарихнамасында еңбектің алатын орны айтарлықтай.

Біз талдап отырған мәселенің тарихнамасын толықтыруда Х.Маданов зерттеулерінің маңызы зор. Соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын дамыту, тың жерлерді игеру тақырыптарына арналған Х.Мадановтың зерттеулері кеңес дәуірінде жарық көрген еңбектерге тән олқылықтардан бос емес/28/. Қоғамның барлық салаларына жөн-жосықсыз араласып, өз талаптарын қойып, үстемдігін жүргізген Компартияның басшылығын дәріптеп, тың игерудің тарихи маңызын кеңестік идеология тұрғысында дүние жүзіне паш етіп, марапаттай ешбір қиыншылық, кемшіліксіз іс-жүзіне асырылған аграрлық жоспарлы шара ретінде көрсетеді.

Тың көтерілген аудандардағы партия ұйымдары, олардың бұқаралық-саяси, тәрбие, мәдени-ағарту жұмыстары А.Ержанов, З.А.Голикова, З.М.Мұсырманов, Ю.А.Лысенков зерттеулерінен көрініс тапқан/29/. Зерттеушілер тың игерілген аудандардағы партия ұйымдарының өскендігін, мамандарды орналастыру, үгіт-насихат, саяси-ағарту, мәдени-тәрбие жұмыстарын жүргізудегі тәжірибесін көптеген мысалдар негізінде қарастырады. Еңбектердегі тұжырымдар мен ой-түйіндері партияның өз мүддесіне сәйкес жасалып, тарихи шындық болмысы бұрмаланып көрсетіледі. Сондықтан да ондай зерттеу тәсілі еңбектердің құндылығын түсіріп, маңызын мардымсыз етеді.

Біз талдап отырған мәселе тарихнамасында кеңестік жұмысшы табының тың және тыңайған жерлерді игерудегі ролін жеке қарастыратын зерттеулер де бар. Мәселен, С.С.Ивашкин және В.И.Зорин еңбектерінде осы мәселе жан-жақты көрсетіледі/30/. Еңбектерде тың шаруашылықтарын техникамен, жұмысшылармен қамтамасыз ету, автомобиль және темір жолдарды салу, деревняны қамқорлыққа алу фактілері деректер арқылы анықталады. Зерттеулерде Коммунистік партия мен кеңес өкіметінің әлеуметтік құрылымында көш бастаушы болып табылатын жұмысшылардың ролі “қалыптасқан” саясатқа сәйкес дәріптеледі. Мұның өзі оның шынайы “көмегі” мен “қамқорлығын” ашуға кедергі келтірді. Одақтың түпкір-түпкірінен Қазақстанға ағылып келген, жергілікті жердің ерекшелігі мен халқының салт-дәстүрінен хабарсыз жұмысшылардың тоталитарлық жүйе мен волонтаристік басшылық жағдайындағы тың игерудегі ролі мүлтіксіз болмаса керек. Сондықтан да осы мәселеге жаңаша көзқарас қажет.

Тың игеру жылдарындағы ауыл шаруашылығын дамытудағы, оны маман кадрлармен қамтамасыз етудегі, совхоз өндірісін интенсификациялаудегі, жұмысшы табы мен шаруалар одағын одан әрі нығайтудағы Қазақстан партия ұйымдарының қызметі бірқатар республика тарихшы-ізденушілердің еңбектерінде жан-жақты қарастырылады/31/. Зерттеулер партиялық әдебиетке жататын-

дықтан оларда нақты қарастыратын мәселені ашудан гөрі партия ұйымдарының қатарының өсуін, атқарған істерінің жетістіктерін дәріптеу басым. Авторлар шынайы оқиғалардың мөнін ашпайды. Мысалы, Р.Ақбердин пікірінше 1955-56 ж. Солтүстік Қазақстан облысының колхоздарына Украина, Белоруссия, Литвадан 1 600 қоныс аударушылар келген/32/. Автор тың игеру кезеңіндегі Қазақстандағы кеңестік қоныс аударудың мөнін айқындамайды. Патша өкіметі кезінде кең етек жайған қоныс аудару саясаты кеңес дәуірінде өз жалғасын тапты. Мұның өзі республикада өзге ұлттардың үлес салмағының артуына, қазақтардың азшылыққа айналып, қызмет пен жұмысқа тартылуда шеттетілуіне ықпал етті. О.Тоқмурзин “Қазақстанда ең астықтың түсімі мол болған 1956,58 жылдар... болды. Біріншіде 1 млрд-тан астам, екіншіде 959 млн. пұт астық жоспардан тыс мемлекетке тапсырылды”, - деп жазады/33/. Алайда О.Тоқмурзин мұндай миллиард пұт астықтың шығыны да паш етектен, өндіріс тиімділігі төмен, астықтың өзіндік құны шын мөнінде жоғары болғандығын, өнім өндіру экстенсивті жолмен жүргізілгендігін назардан тыс қалдырады. Тарихи процестердің ақиқатынан сырттаған мұндай зерттеулердің тарихнама үшін маңызының мардымсыздығын айтқан жөн.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарындағы мал шаруашылығын дамытудағы партияның қызметі С.И.Абдулпаттаевтың монографиялық зерттеулерінде көрсетіледі/34/. С.И.Абдулпаттаев 1954-58 жылдары республикада ірі-қара мал барлық категориялары жағынан 26%-ке, қой мен ешкі – 44%-ке, ал шошқа –2,7 есеге артқандығын атап жазады/35/. Осы көрсетілген жылдары республикада мал шаруашылығының дамығандығы жайында И.Шамшатов, Ф.И.Колодин де айтады. Автор пікірінше республиканың колхоз, совхоздарында қой мен ешкі 6,8 млн басқа, мүйізді ірі қара мал 335 мыңға, шошқа – 470 мың басқа көбейген/36/. И.Шамшатов “астық шаруашылығының өсуі аграрлық өндірістің басқа да салаларының өркендеуіне жағдай жасалды” дей келе республикада 1954-57ж. мүйізді ірі-қара 10,9 млн. басқа көбейді”, - деп жазды/37/. Тарихшы-зерттеушілердің мал басының өсуін көрсетудегі мәліметтері өртүрлі болғанымен, олар “1954-58ж. республикада мал шаруашылығы үшін түбегейлі бетбұрыс болды, мал шаруашылығының артта қалуы жойылды”, -деп тұжырымдайды. С.И.Абдулпаттаев сонымен қатар малшылар арасындағы партия ұйымдарының ұйымдастыру, саяси-бұқаралық, мәдени ағарту, тұрмыс жағдайларын жақсарту жұмыстарын көптеген материалдар көмегімен егжей-тегжейлі көрсетеді. Еңбек Компартия билігінің “кемелденген социализмнің “салтанат құрған” уақытында жарияланғандықтан оның мүддесіне нұқсан ке-

летін жайттар, мал шаруашылығы дамуының баяулығы, басқарудың әкімшілік-әміршілдік тәсілдері, мал өнімдерін өндірудің төмендігі, өндірістің экстенсивтілігі, әлі де болса қолмен атқарылатын жұмыстардың басымдылығы жалпылама жетістіктер астарында көлеңке күйінде қалған. Шыңтуайтында мал шаруашылығының жағдайы ойландырарлықтай еді. Тың игеру науқанының екпінді қарқынының барысында миллиондаған құнарлы жерлердің жыртылуы тың өлкесінде мал жайлымын қысқартты. Мұның өзі бұрын мал жайылымдары ретінде өте аз пайдаланылған аймақтарды шаруашылық ауқымына тартып, мал өсіретін шаруашылықтар түрінде ұйымдастыруға мәжбүр етті. Алайда тұрақты жайылымдарға айналдырылған мұндай жерлер тез тозып, тиімділігі жойылды. Соның салдарынан Қазақстанда шаруашылыққа жарамсыз жерлер көбейді. Дегенмен аграрлық сектордың маңызды саласы ретіндегі мал шаруашылығының тың игеру кезеңіндегі жай-күйін зерттеп, пайымдауда С.Абдулпаттаев еңбегінің маңызы айтарлықтай.

Тың және тынайған жерлерді игеруге жастардың қатысуы маңызды мәселелердің бірінен саналады. Тыңға жастардың келуі, еңбектегі ерліктері, комсомол-жастар бригадалары, олардағы социалистік жарыс, студенттік құрылыс отрядтарының үлесі т.б. мәселелер А.М.Сұлтанов, С.Кенжебаев, Л.Ю.Зайниева, М.Исиналиева еңбектерінде зерттеледі/38/. Мұндай зерттеулердің ғылымилығынан гөрі публицистикалық тұстары басым болып келеді. Авторлар комсомол-жастар Компартияның көмекшісі ретінде тың көтеруге қатысты; партия тың игеру барысында оларды еңбекке, пролетарлық интернационализмге тәрбиеледі; тың жастарды қоғамдық-саяси белсенділікке тәрбиелеудің мектебі болды т.б. деген коммунистік идеология мүддесіне сай тұжырымдар жасады. Кеңестік жастардың тың игерудегі үлесі зор болғандығына күмән жоқ. Алайда мәселенің тек біржақты күнгей тұстарын ашу еш сын көтермейді.

Тарихнамада жергілікті кеңестерді тың аудандарында ауыл шаруашылығын дамыту үшін күресте ұйымдастырушы ретінде қарастыратын бірлі-жарым еңбектер де кездеседі. Мысалы, К.Бәйкенов пен К.Жанғозиевтің бірлескен еңбектерін, М.В.Шиловтың, Д.Д.Жангозиннің мақалаларын атауға болады/39/. Еңбектерде талдау, тұжырымдар жасаудан гөрі кеңестердің атқарған істерін баяндау басым. Сондықтан да олардың ғылыми деңгейлері төмен.

Тың игеру барысындағы миграция легінің салдарынан Қазақстан халқының демографиялық жай-күйі өзгерді. Республика халқы бұрынғыдан да көпұлтты, болып, қазақ этносының үлес салмағы азайды. Осының салдарынан жергілікті халықтың тіліне,

әлеуметтік-мәдени институттарына, өмір сүруінің өзге де факторларының дамуына қауіп төнді. Мұның өзі ұлтаралық қатынастар жиынтығына өсер етті. Алайда кеңес дәуіріндегі зерттеулерде тың игеру жылдарындағы миграцияның күшейгендігі айтылғанымен, оның “астары” ашылмады. Мысалы, Ф.Н.Базанова еңбегінде тың игеру барысында республика халқының шұғыл өскендігі, әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер туралы жазылады/40/. Зерттеуші еңбегінде республикадағы демографиялық ахуалдың қазақ халқы мүддесіне нұсқан келтіргені жайлы айтылмайды. Горбачевтік қайта құру мен демократия кезеңі болса да “халықтар достығы”, “пролетарлық интернационализм” идеологиясы шынайы жағдайды толық анықтауға кедергі болды.

Тың игеру мәселелері С.Б.Бөйішевтің, Г.Дахшлейгердің, В.А. Боровский, Н.И.Соколов еңбектерінен орын алған/41/. Авторлар тың және тыңайған жерлерді игеру процесінен гөрі оның “әлеуметтік-экономикалық қорытындыларын зерттеуге көп көңіл қояды. Достық, қос тілділік, миграция, демографиялық өсу, аралас неке т.б. мәселелерді қарастыра келе, оларды социалистік процесс ретінде бағалайды. Аталған еңбектерде тыңды “XX-ғасырдың Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі баға жетпес оқиғалардың бірінен” санау тәрізді үрдістер орын алды.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің республикадағы астық өндіруге, тұрғындардың әлеуметтік құрылымы динамикасына ықпалы, кеңес үкіметі мен одақтық республикалардың тың игеруге көмегі, тыңның халықтар достығын нығайтудағы ролі т.б. М.С. Бесбаев, Р.Ф.Винокурова, А.Кәкімжанов, В.В.Дәуітбаева, В.Ф. Мишин, С.Сабыров, М.С.Фазыловтың кандидаттық диссертацияларынан көрініс тапты/42/. Ізденушілердің бәрі бірауыздан КОКП ОК 1953 жылғы қыркүйек пленумын, оның тарихи маңызын ерекше дәріптейді. Олар ел еңбекшілерінің еңбек және саяси белсенділігін, партияның басшылығын, жергілікті кеңес ұйымдарының ролін көрсетеді. Сондай-ақ тың игеру барысындағы “лениндік ұлт саясатының айқын куәсі — ұлы халықтар достығының нығаюына” баса назар аударады.

Біз талдап отырған мәселенің тарихнамасында ғылыми емес бағытта жазылып, жарияланған көптеген еңбектер бар. Олардың бәрі бірдей тың жетістіктерін, халықтар достығын, ерен еңбекті дәріптейді/43/.

1950-60-жылдардың бірінші жартысындағы Қазақстанның аграрлық саласы, мал шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелері, республика колхоз, совхоздарындағы коммунистік еңбек қозғалысы, село еңбекшілерінің мәдени-техникалық деңгейін көтерудегі, коммунистік рухта тәрбиелеудегі Компартияның қыз-

метін сипаттайтын кандидаттық диссертациялар дүниеге келді/44/. Бұл зерттеулер “коммунизм құрылысын өрістетуге” кезеңіндегі аграрлық саланы механикаландыру, электрлендіру, еңбекке ақы төлеу, қоғамдық мал шаруашылығын, оның өнімділігін арттыру мәселелерін де қарастырады. Алайда алғашқы кезекте партияның қаулы-қарар, қызметін көрсету тұрғандықтан көтерілген мәселелерді терең зерттеуге мүмкіндік болмаған.

1990-жылдардан бастап республикада тың игерудің оңы мен солын айқындайтын зерттеулер жарық көре бастады. Оларда тың игерудің кемшіліктері мен қателіктері ашылып, қалыптасқан кеңестік қағиданың іргесі сөгілді. Осындай бағытта Т.Омарбековтың, Қ.С.Қаражановтың ғылыми мақалалары жарық көрді. Т.Омарбеков “тың игеру тым шұғыл және өте асығыс, экстенсивті” сипатта жүргізілгендігін ашып көрсетті. Тыңның ондаған жылдар бойы тасада қалып келген көлеңкелі тұстарын аша отырып, тыңды игерген тек алғашқы екі жылдың ішінде ғана жалпы саны 25 мыңдай болған келімсектердің – арнайы жіберілген партия мүшелерінің жергілікті кадрларды басшылық жұмыстардан ығыстырып, шеттеткендігін жазады. Кеңестік дәуірде тың өлкесі халқының өсуі жалпылама көрсетіліп, демографиялық жағдайдың қазақ халқы есебінде шешілмегендігі жайында жұмған ауыз ашылмады. Ал Т.Омарбеков мақаласында орын алған ақиқат былайша айқындалады: “...қазақтар тың игеру жылдарында 8%-ке кемін, республикадағы басқа ұлттардың үлес салмағы бұрынғыдан өсе түсті. Республикада қазақтар 30-ақ процент, ал орыстар 42,7% болғанын 1959 жылғы санақ көрсетіп берді”/45/. Автор сонымен бірге “бағындырылған” тыңның әрбір гектарының интенсивтілігін арттырудың ескерілмеуін, 200-ден астам селолық және ауылдық кеңестердің атауларының орыс тілінде қайта өзгертілгендігін, өлкенің табиғатын түлете алмағандығын, керісінше орны толмас қасірет алып келгендігін, мал шаруашылығының құлдырауын дәлелдеді. Мәселен, “...тың игеруге сөйкес келетін 1951-65 жылдары ...жылқының саны 365,7 мың басқа түсіп, шұғыл азайып, ...қой басының өсімі мардымсыз болып, ол өзінен бұрынғы 10 жылдағы өсу қарқынынан үш есеге кеміп кетті”, – деп өз пікірін шыңдайды/46/. Осыған пікір үндестігін Қ.С.Қаражанов та білдіреді. Автордың: “25 млн га тың және тыңайған жерлерді ойланбай жырту Қазақстанда тек мал, әсіресе қой шаруашылығының жайылым қорын бүлдіріп қана қоймай орын толмас экологиялық шығындарға әкелді” – деген пікірі осының дәлелі/47/. “Тыңды игеру Қазақстанды ірі астықты аймаққа айналдырғанымен, елімізді астықпен қамтамасыз ету проблемаларын толық шеше алмады, тыңды “игерсек” те ауыл шаруашылығы өндірісінің даму қарқыны

томендей берді”, – деп тұжырымдайды/48/. Себебі автор пікірінше “шамадан тыс көп жерді экс-тенсивті жолмен жырту – Қазақстанның егін шаруашылығын интенсифтендіру арнасына түсіруді қиындатып, топырақ құрамының тозуына және одап алынатын өнімнің төмендей түсуіне жол ашты”/49/. Тарихшы-зерттеушілердің мақалалары тың және тыңайған жерлерді игеру тарихын жаңаша зерделеп, терең зерттеуде мұрындық болары сөзсіз.

Тың игерудің оңы мен солы, сондай-ақ жекелеген тұстары Н.Райханов, А.Құдайбергенова, С.Сабыров, Қ.Әбуов, К.Төлеубаева мақалаларында дамытылады/50/. Авторлар тың игерудің жағымсыз жақтарын, әлеуметтік зардаптарын ашуға көп көңіл бөледі. Мәселен, К.Төлеубаева пікірінше, “...еліміздің “тың эпопеясы” түсында басынан кешкен қиыншылығы, жеріміздің кешкен қасіреті мен мекнатына Қазақстанға келген тың игерушілер кінәлі емес. Оған сол кездегі саясатты туғызған мемлекеттік жүйе кінәлі”/51/. Дәл осындай пікірді Қ.Әбуов те білдіреді. Дегенмен мақалаларда тың игеру барысында халық бастамасы, ынта-жігері, жасампаз ерен еңбек үлгісі орын алғандығын да жоққа шығармайды. А.Құдайбергенова тың игеру сияқты “қазақты титықтатқан жоспаршылдық пен науқаншылдықтың” демографиялық астарының келеңсіз жәйттерін ашады. Қ.Әбуов тың игерудің жалпы республика ауыл шаруашылығын дамытуға мардымды үлес қоса алмағандығын былайша пайымдайды: “...колхоздар мен совхоздардың тіршілік-тынысына орынсыз араласудың, беталды құла, реформалық сапырылыстардың салдарынан Пленумның шешімі тиімді нәтиже бере қойған жоқ. Тезге алып, төске ұрған волюнтаризм рухымен жүргізілген тың эпопеясының да ауыл шаруашылығын алға бастыруға дәрмені жетпеуінің себебі осы”/52/. Осыған үндес пікірді К.Төлеубаева да білдіреді. Авторлар егін жинау науқанының “алапат майданға айналып, адам және материалдық ресурстардың орасан зор көлемде жұмылдырылғанына баса назар аударады. Осындай келелі пікір, салықалы ой түйіндеген ғылыми мақалалардың іргелі зерттеулердің дүниеге келулеріне жол сілтер ізашар екендіктерін айтқан абзал.

Тың “эпопеясы” жайында Ж.Әбілқожиннің монографиялық зерттеуінде айтылады. Зерттеуші-ғалым “...тың өлім ауызындағы жүйені тірілту факторын атқарып, оның тажалын тағы да ұзақ жылдарға созды”, – деп жазады/53/. Шын мәнісінде тың игеру одақтағы азық-түлік проблемасын шешу мақсатында өкімшіл-әміршіл жүйенің өзін-өзі сақтау үшін тығырықтан экстенсивті сипаттағы шығар жолы болды. Зерттеуде тыңның тиімділігімен қатар тиімсіз жақтары: экологиялық, әлеуметтік-миграциялық

мәселелер қарастырылады. Еңбектің тыңды “бағындыру” мәселелерін жан-жақты зерттеуге қосар үлесі айтарлықтай.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің әлеуметтік мәселелері А.Э.Городецкийдің кандидаттық диссертациясында қарастырылады/54/. Ізденуші Қазақстан селоларының 1954-65 жылдардағы әлеуметтік дамуын көрсете отырып, тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде осы сала мәселелерінің ерекше шиеленіскенін баса көрсетеді.

Қазақстандық тарих ғылымында тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты шетелдік зерттеушілердің ой-пікірлерін өткір сынға алатын, оларды фальсификаторлар ретінде әшкерелейтін еңбектер жариялау өз кезегінде маңызды болып табылған. Мәселен, Ә.Тұрсынбаевтың, Г.Дахшлейгер, Ә.Тұрсынбаев, Ш.Шафи-роның бірлескен мақаласында, В.И.Куликовтың еңбегінде, В.И.Коваль, В.И.Коршунов, В.П.Осиповтың зерттеуінде, “Экономическое развитие Казахстана и критика буржуазных фальсификаторов” атты еңбекте, Р.З.Мұқанованың кандидаттық диссертациясында шетелдік зерттеушілердің тың жерлерді игерудің бірден пәрменді нәтиже бере алмағандығы, Қазақстанға орыс және украин қонысшыларының көптеп келуі, қазақ халқының ұлттық мүддесіне нұқсан келуі, кеңестік миграцияны патша үкіметінің қоныс аудару саясатының жалғасы ретінде есептеулері жоққа шығарылады/55/. Мысалы, Г.Дахшлейгер, Ә.Тұрсынбаев және Ш.Шафи-ро “көптеген буржуазиялық журналдардың қызметкері Э.Каррер д' Анкос ...тыңды игеруге байланысты Қазақстан соңғы екі жылда украин, орыс қоныс аударушылары тасқынының астында қалды деп жазды. Осыдан олар қазақтардың ұлттық сезіміне нұқсан келуін және патша өкіметінің қоныс аудару саясатының тікелей жалғасын көрді”-десе, В.И.Коваль И.И.Коршунов, т.б. В.Конноли тыңның интернационалдық сипатын осы аудандарды славяндардың жаулап алуы ретінде, ал Колумбия университетінің профессоры М.Раэф тың игеруді қазақтардың биологиялық ассимиляция процесі ретінде атап, Кеңес Одағындағы ұлттардың саяси жағдайларына нұқсан келуі туралы ой түйіндейді. М.Макколи бүкілхалықтық тың көтеруді орыстардың тікелей жаулап алу актісі санап, жар салады”, – дейді/56/. Осындай “шет елдік фальсификаторлық пайымдауларды” В.И.Куликов, Р.З.Мұқанова, Ә.Тұрсынбаев та көптеп келтіреді. Қазақстандық, кеңестік авторлар шетелдік зерттеушілердің пікірлеріне соққы бере отырып, “тың КСРО халқының достығының, бірлігінің, туысқандығының куәсі болды. Тыңға 1954 ж. маусымның өзінде 78 облыстық, аймақтық, республикалық комсомол ұйымдарынан 150 мың қыздар мен жігіттер келді” деген қарсы көзқарастар білдірді/57/. Буржуазиялық

фальсификаторларды өшкерелеушілер сондай-ақ “қазақ халқының қонақжайлығы, туысқандық сезімі – тыңға келушілерді қарсы алуда айқын көрінді. Қазақтың тың жерлерінде орыс, украиндық, қазақ қоян-қолтық жұмыс істейді. Буржуазиялық фальсификаторлардың “неоколониализм” туралы пікірлері шындықпен бетпе-бетте тас-талқаны шықты”, – деп жазды/58/. Тыңның отарлау саясатына қатысты шетелдік зерттеушілер көзқарастары “патша өкіметінің қоныс аудару саясаты ауылдағы өндіргіш күштерді қиратуға өкелді, жаңа жерлерді игеру республика егіс алқаптарын орасан зор мөлшерде кеңейтуге, өндіргіш күштерді дамытуға, еңбекшілердің материалдық игілігін арттыруға жағдай жасады” – деген қазақстандық тарихшылардың пікірлері арқылы өшкереленді/59/. Шет елдік зерттеушілердің тың игеру кезіндегі Қазақстандағы миграцияны патша өкіметінің қоныс аудару саясатының жалғасы, соның нәтижесінде қазақ халқының ұлттық мүддесіне нұқсан келді деген пікірлері шындыққа нұсқайды. Әкімшіл-әміршіл жүйе мен Компартияның Қазақстандағы тың игеруге қоныс аударушыларды көптеп шоғырландырды. Қазақ жерлерінің жаппай, қалай болса солай, бейберекет жыртылуының салдарынан жергілікті халықтың шаруашылығы мен табиғаты бүлінді. Кеңестік науқаншы шараның нәтижесінде жергілікті халық қызметтен, жұмыстан ығыстырылып, шеттетілді. Соның салдарынан қазақ халқы өз елінде азшылыққа айналып, ұлттық, әлеуметтік, мәдени мүддесіне нұқсан келді. Дәл осындай ахуал патша өкіметінің ХІХ ғ. соңы ХХ ғ. бас кезіндегі қоныс аудару саясаты кезінде орын алды. Қазақтың шұрайлы жерлері тартып алынып, жергілікті халық шөл және шөлейт аймақтарға қарай ығыстырылды. Мұның өзі көшпенді мал шаруашылығын күйретіп, елдің берекесін кетірді.

Қазақстандық тарихшылар буржуазиялық тарихнамадағы тыңның маңызы туралы мәселеге ерекше назар аударады. В.И.Коваль, В.И.Коршунов т.б. “буржуазиялық зерттеуші С.Осовский тыңды “ауыл шаруашылығының анағұрлым драмалық аспекті” ретінде санайды, ал М.Макколидің “тың жерлер елдегі астық өндіруге түбегейлі әсер ете алмады” деп баса көрсетеді”, – деп жазады/60/. В.Куликов “буржуазиялық “мамандардың” арасында, мысалы О.Шиллер алғашқы кезде тың табысты болғанымен, бірақ “қойылған мақсатқа қол жеткізген жоқ” десе, Р.Лэрд және Д.Чеппел “жаңа жерлерді игерудің жоспарын үлкен қате ретінде қарастыру керек”, – дейді/61/. Осыған ұқсас шет елдік зерттеушілердің пікірлерін Ә.Түрсынбаев, Р.Мұқанова т.б. да көрсетеді. Қазақстандық тарихшылардың пікірінше тың игерудің экономикалық маңызы ерекше. Аз уақыттың ішінде 25 млн. га жер шар-

уашылық айналымына түсті. Авторлар мұны социалистік құрылыстың ерекшелігі ретінде мадақтап дәріптейді. В.И.Коваль, В.И. Коршунов т.б. пікірінше тың игерудің 25 жылы ішінде мемлекетке 270 млн.т. астық немесе 16,5 млрд. пұт тапсырылды. Көрсетілген уақыт аралығында 6,1 млрд.сом таза пайда алынды. Тың игеру республиканың өндіргіш күштерін дамытуда мықты қызығушылық болды/62/. В.Куликов тыңның экономикалық маңызын былайша көрсетеді: “Тың игерудің 9 жылы ішінде 3 млрд. сом таза пайда алынды. Тың өлкесіндегі совхоздар мен дайындау ұйымдарының өндірістік қорлары 4 млрд. 700 млн. сомға көбейді”/63/.

Әрине, әлеуметтік-экономикалық, саяси жақтарынан келгенде тың және тыңайған жерлерді игеру Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен инфрақұрылымы үшін маңызды фактор екендігінде дау жоқ. Тың игерудің арқасында Қазақстанда әрбір жан басына шаққанда 2 мың кг астық өндіріледі. Дүние жүзілік тәжірибе көрсеткендей азық-түлік проблемасын шешу үшін 1 мың кг астық көрсеткіші жеткілікті. Яғни мұның өзі Қазақстандық тыңның артықшылықтарын айқындайды. Алайда бүкіл Кеңес Одағы, соның ішінде Қазақстан ауыл шаруашылығын дамытудағы тыңның маңызы мардымсыз болды. Себебі орасан байтақ жерлерді жаппай жырғудың салдарынан жайылымдар тарылып, мал шаруашылығы құлдырады. Әкімшіл-әміршіл басқарудың ауыл шаруашылығы құрылымдарының қызметіне жөн-жосықсыз араласуы, еңбекшілердің еңбек етуі қатаң шеңберге қысылуы, аграрлық саланы дамытудың экономикалық тұтқаларынан бас тартуы, волонтаризм тұрғысында шешілген тың жерлерді игеру – осылардың бәрі ауыл шаруашылығының өркендеуіне өсер ете алмады.

Тың игеру тарихы 90-жылдары Мәскеуде жарияланған шетелдік тарихшылар Н.Верг, Д.Боффаның зерттеулерінен көрініс тапты. Авторлардың еңбектерінде тың игеру барысындағы кемшіліктер, қателіктер, келеңсіз зардаптары айқындалады/64/.

Сонымен тың және тыңайған жерлерді игеру тарихнамасын талдадық. Осыған орай мынадай қорытындыға келуге болады: тақырып негізінен зерттелген. Әсіресе Компартияның тың игеру барысындағы ролі мен қызметін қарастыратын еңбектер жеткілікті. Мәселе кеңес дәуірінде зерттеліп, бірқатар тұстары ашылғанымен бірін-бірі қайталайтын, пайдаланған деректері де бірдей зерттеулер тарихи шындықтан сырттап, тың игерудің тек күнгей жақтарын ғана көрсеткен. Посткеңестік дәуірде тақырып төңірегінде бірен-саран еңбектер жарияланды. Дегенмен оларда тың игерудің жағымсыз тұстары айтыла бастады. Тың және тыңайған жерлерді игерудің әлеуметтік, экологиялық, демографиялық зардаптарын ашуға назар аударылды. Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде тыңның

түмшаланған шындығын айқындаған зерттеулер жарық көрді. (Әйтсе де олар негізінен шағын ғылыми мақалалар, іргелі зерттеулердегі бөлімдер түрінде көрініс тапты. Мақалалардың тақырыпты терең зерттеу мүмкіндіктері шектеулі болды. Дегенмен тыңның “оңы мен солын” айқындаудағы олардың тигізер көмегі зор.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің бай тарихнамасына қарамастан мәселе біржақты науқаншылық, жоспаршылық, интернационализм мен халықтар достығы ауқымында қарастырылып келгендіктен оны жаңа тарихи таным негізінде түбегейлі зерттеу қажеттілігі туындайды. Біз талдап отырған мәселе тарихнамасында тың игерілген кезеңдегі ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне еңбек ақы төлеу, ирригация мен мелiorация істерін зерттеген еңбектер аз. Осыны терең зерттеу қажет. Колхоздарды совхоздарға айналдыру процесінің қажеттілігі, мәні мен салдары жаңаша зерделенгені абзал.

Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Кеңес Одағының ортүрлі аймақтарынан жұмысшылар келіп, қатысқандығы белгілі. Олардың көмегі кеңестік тарихнамада асыра бағаланды. Себебі жұмысшы табының кеңестік қоғамда Компартияның негізін қалайтын тап ретіндегі ролі ерекше болды. Сондай-ақ жұмысшы табының ауыл шаруашылығына қамқорлығы өзекті мәселелердің бірінен саналып, ол әрқашан мадақтала дәріптеліп, ондай көмектің тек күнгей тұстары ашылды. Алайда жұмысшылардың жергілікті мамандарды ығыстырып, әлеуметтік құрылымының өзгеруіне ықпал етіп, өкімшіл-әміршіл жүйе талаптарына сай қызмет көрсетті. Кеңес жұмысшыларының тың игеруге “қатысуын” бұрын-соңды зерттеу айналымына түспеген деректер арқылы қарастыру мәселенің жаңа қырынан көрінуіне, шынайы концепциясын қалыптастыруға жол ашады.

Тың көтеруге келгендердің шынайы әлеуметтік құрылымын айқындайтын зерттеулер қажет. Мұның өзі “тыңды бас бостандығынан айырылғандар, солдаттар бағындырған” деген интерпретацияның жай-жапсарын анықтаған болар еді. Тың игерілген жылдардағы колхоз-совхоз құрылымының әлеуметтік дамуын көрсететін зерттеулер дүниеге келулері керек.

Қазақ халқының әлеуметтік-рухани дамуы жолындағы қасіретті кезең болып табылатын тың игерудің “ақ-қарасын” айқындайтын салмақты да салмақалы зерттеулер жарияланып, ел тарихындағы олқылықтарды толтырулары қажет.

Тың игеру тоталитарлық жүйе, волюнтаристік билік ауқымында зерттелуге тиіс. Себебі бұл мәселе әлі де болса жан-жақты ашылмай келеді.

8. XIX - ғасырдың соңы XX - ғасырдағы Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық өзгерістері тарихнамасы

XIX ғасырдың соңы XX ғасыр әлеуметтік-демографиялық мәселелер ауқымында қарастырғанда Қазақстан үшін күрделі дәуірдің бірінен саналады. Ең әуелі бұл кезең Қазақстандағы XX ғасырдың өне бойы қарқынды түрде жүрген саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен ерекшеленсе, екіншіден отарлық езгімен, өлкеге капиталистік қатынастардың енуімен, кеңестік орталық биліктің күшеюімен сипатталады. Үшіншіден, қазақ даласына әртүрлі ұлт өкілдерінің көшіп келуі де оның әлеуметтік құрылымы мен бейнесін күрт өзгертті. Сөйтіп, Қазақстан XXI ғасырға демографиялық жағдайы өзгерген, полиэтникалық, поликонфессиялы, тәуелсіз мемлекет ретінде аяқ басты. Қазақ елінің бірден, өзінен-өзі осындай этникалық тұрғыда күрделі аймаққа айналмағаны түсінікті. Сондықтан да бір ғасырдан астам уақыттағы әлеуметтік-демографиялық өзгерістердің тарихын зерттеудің маңызы қаншалықты зор болса, оның тарихнамасын талдаудың қажеттілігі соншалықты өзекті. Қазақстандағы тарихи демография тарихнамасы дәстүрінің тамыры тереңде. Тұрғындардың әлеуметтік-демографиялық проблемаларын зерттеумен белгілі қазақстандық және кеңестік тарихшылар айналысқан. Әйтсе де әлеуметтік-демографиялық мәселелерге арналған еңбектер бір жүйеге келтіріліп, сараланбаған. Мұның өзі XIX ғасырдың соңы XX ғасырдағы әлеуметтік-демографиялық өзгерістер тарихының тарихнамасын талдаған іргелі салмақты зерттеулердің ғылымда орын алмағандығын көрсетеді. Дегенмен оның кейбір тұстары Отан тарихы мен тарихнамасына арналған еңбектерде көрініс тапқан. Тарихнамалық туындыларда кеңестік дәуірде демографиялық даму мәселелерінен гөрі оның әлеуметтік қырларына басым назар аударылып, көбірек жазылған. Мұндай жағдайды ғылымдағы кемшілік емес тарихи демографияны зерттеудегі үрдіс деп те атауға болады.

Қазақстан тұрғындарының демографиялық даму мәселелерінің зерттелу деңгейіне арналған алғашқы еңбектердің бірі Н.Е.Бекмаханова мен Д.И.Дулатованың мақаласы болды /1/. Мақалада Қазақстанның XIX ғасырдың бірінші жартысындағы демографиялық ахуалының тарихнамасы (Қазан революциясына дейінгі кезеңдегі) талданды.

Мәселенің тарихнамасына арналған еңбектерін қазақстандық зерттеуші-ғалымдар П.Г.Галузо, Г.Ф.Дахшлейгер, В.Ф.Шахматов, Д.И.Дулатова, М.П.Вяткин т.б. жариялады /2/. Аталған ғалымдар Қазақстан тарихнамасының күрделі мәселелерін талдағандықтан зерттеулерде әлеуметтік-демографиялық өзгерістер арнайы

қарастырылмады. Дегенмен бірқатар еңбектер көрсетіліп,, оларға баға берілген. Зерттеушілердің ой-түйіндері өздерінің өмір сүрген кезеңдеріндегі саяси жүйенің ғылымға қойған талаптарына сәкес жасалып, әлеуметтік-демографиялық өзгерістердің қайшылықты, көленкелі тұстары айтылмады. Әйтсе де демографиялық дамудың кейбір мәселелеріне сыни көзбен қараған Д.И.Дулатованың зерттеуі атап өтуге тұрарлық /3/. Тарихы-ғалым Қазақстан тарихының Қазан төңкерісіне дейінгі келелі мәселелерінің: өлкеге капиталистік қатынастардың енуін, осыған орай шаруашылығындағы өзгерістердің, патша өкіметінің қоныс аудару саясатының, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктердің зерттелу процесін анықтаған. Қазақстанның Ресей империясы боданына айналуының әлеуметтік-экономикалық зардаптарын бұрмалаған ұлыдержавалық шовинистік көзқарастар танытқан орыс зерттеушілерінің пікірлері сынға алынған.

Тарихи демографиялық зерттеулер жүргізудің дамуын айқындайтын Р.Н.Пулат мақаласында Кеңес Одағы халықтарының өсу динамикасын, жастық-жыныстық және әлеуметтік құрылымы мәселелерін мұрағат құжаттары негізінде зерттеген В.М.Кабузан, Я.В.Володарский, Н.Е.Бекмаханованың еңбектері сараланған /4/. Осындай бағытта Ә.Б.Ғалиевтің де мақаласы жарияланды. Автор ХХ ғасырдың Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы мәселелерінің тарихнамасына тоқталған. Демографиялық проблемаларға қалам тартқан бірқатар зерттеушілердің арасынан Н.Е.Бекмаханова мен Н.В.Алексеевның еңбегіне назар аударып, туындының дерек көздерінің молдығын атап көрсетіп, деректемелік тұрғыдағы құндылығына жоғары баға берген.

Кеңестік тарихи демографияның жетістіктерімен қатар оның зерттелмеген тұстары Ю.А.Поляков, В.С.Дробжиев, Д.И.Шелестовтың бірлесіп жазған мақаласынан көрініс тапқан. Авторлар тарихи демографияның толық зерттелуге тиіс проблемалары ретінде 1920-1930 жылдардағы Кеңес Одағында қарқынды түрде жүргізілген индустрияландыру, күштеп ұжымдастыру тәрізді саяси-экономикалық реформалардың демографиялық салдарлары, КСРО-дағы ішкі және сыртқы миграциялық процестер мен урбанизацияның, халықтың өсу динамикасындағы өзгерістер; Ұлы Отан соғысының демографиялық зардаптары айқындалған. Зерттеуші В.З.Дробжиев кеңестік дәуірдегі халықтардың демографиялық даму ерекшеліктерін терең түсіну үшін мемлекеттің демографиялық саясатын зерттеудің қажеттілігін баса айтқан/6/.

Кеңестік дәуірде ғылымда белгілі бір проблемалар төңірегінде маркстік-лениндік ілімнің дұрыстығын негіздеу және буржуазиялық тұжырымдамалардың сөзсіз жалғандығын дәлелдеу тәрізді

ұстанымдар қалыптастырылып нығайтылды. Мұндай құбылыс әлеуметтік-демографиялық зерттеулер жүргізуде де өз орнын табуын, “буржуазиялық фальсификаторларды” сынауда кең етек жайды. Осылайша кеңестік қоғамдағы әлеуметтік-демографиялық жағдайдың көленкелі тұстары мен келеңсіз салдарларын ашқан шетелдік зерттеушілердің еңбектері сыналып, шындықты бұрмалаушы деп сипатталып, теріс баға берілді. Осындай мазмұндағы бірқатар еңбектер тарихнаманы толықтырды /7/. Айта кетерлік бір жайт, шетелдік зерттеушілердің еңбектері мұрағат құжаттарының негізінде жазылмаса да, демографиялық ахуалдың жай-күйін шынайы түрде көрсететін тұстары аз емес еді. Ғылымдағы мұндай жағдайдың терістігін КСРО-ның күйреуі өзінен-өзі дәлелдеп берді. Осыған орай демографиялық зерттеулердің нәтижелері мен болашағын сараптай келе, көрнекті ғалым, тарихшы М.Қ.Қозыбаев өз кезегінде “...Демографияға формациялық даму жайлы маркстік социологиялық тұжырымдама механикалық түрде көшіріліп, ұлттың және жалпы адамзаттың құндылықтардан таптық мүдде жоғары қойылды. Мұның бәрі КСРО-да демография ғылымын өзгеріске ұшыратып, шетелдік әріптестердің кеңестік ғалымдар еңбегіне деген ғылыми қызығушылығын жоғалтуға алып келді. Сондықтан да идеологиялық стереотиптерден бас тартып, демографтардың әлемлік ынтымақтастығына кіру ғалымдардың басты міндеті болуы тиіс”/8/, - деп жазды.

Соңғы жылдары Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы мәселелерінің тарихнамалық шолуы тарихи демография бойынша қорғалған докторлық және кандидаттық диссертацияларда жасалды. Ф.Н.Базанова Қазақстан тұрғындарының ұлттық құрамының қалыптасуы мен дамуы, И.Д.Никифоров 1917-1939 жылдардағы республика халқы, А.Н.Алексеев ауыл адамдарын, А.М.Мамырханова 1897-1926 жылдардағы санақтар аралығындағы қазақ этносының әлеуметтік-демографиялық ахуалын, Л.Т.Қожакеева 1941-1945 жылдардағы елдің әлеуметтік-демографиялық құрылымындағы өзгерістерді, С.М.Айымбетов 1926-1939 жылдар аралығындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық және әлеуметтік құрамындағы өзгерістерді зерттеу барысында тарихнамалық талдау жасауға тырысқан /9/. Осындай талпынысқа Б.С.Малыбаева Орталық Қазақстандағы 1926-1939 жылдардағы көші-қон процесіндегі ерекшеліктерді, А.И.Күдайбергенова 1939-1959 жылдар аралығындағы республика халқының әлеуметтік және ұлттық құрамындағы өзгерістерді, Э.А.Абланова 1959-1970 жылдардағы қазақтар динамикасын қарастыруда ұмтылған /10/. Тарихнамалық шолу М.Х.Асылбеков пен А.Ш. Алтаевтың арнайы мақаласында,

М.Н.Сдықовтың, В.В.Козинаның және Н.З.Тәжікбаеваның да еңбектерінде де берілген /11/.

Қазақстан тарихының шетелдік ғалымдар еңбегінде көрініс табуын тарихнамалық тұрғыда К.Л.Есмағамбетов, Б.М.Сужиков, М.Г.Лаумулин, Қ.Р.Несіпбаева талдап, ғылыми тұжырымдамалар түйіндеген /12/.

Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық өзгерістер тарихнамасын шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Бірінші кезең ХІХ ғасырдың бас кезі – 1917 жыл - Қазақстандағы жүргізілген экспедициялардың, статистикалық материалдардың негізінде жазылған еңбектер, қазақ зиялыларының ұлттық мүддедегі туындылары. Екінші кезең - 1917-1991 - кеңес дәуірінде жазылып, жарияланған зерттеулер, ғылыми мақалалар т.б. Үшінші кезең - 1991-2003 ж. – тәуелсіз Қазақстанның демографиялық ахуалын айқындайтын шығармалар.

Бірінші кезеңге жататын Қазақстанның ХІХ - ғасырдың соңы ширегі ХХ ғасырдың бас кезіндегі өзекті мәселелеріне арналған барлық еңбектерде демографиялық статистика, әлеуметтік-экономикалық тарихына байланысты деректерде сыни талдау орын алмаған. Алайда қазақ өлкесін әр қырынан зерттеген авторлардың еңбектері пайдаланған материалдарының көптігімен ерекшеленеді. Бұл еңбектер деректері болып қоныс аудару басқармасының жыл сайынғы есептері негізінде жарияланып тұрған “Қоныс аудару қозғалысының нәтижелерінің”, Түркістанның ауыл шаруашылығын зерттеуді жүргізген П.А.Скриплев, П.П.Румянцев, Р.Щербинаның, Кузнецовтың, сондай-ақ жекелеген облыстар бойынша қоныс аудару қозғалысының статистикалық материалдары саналады /13/. 1917 жылға дейін жарияланған еңбектердің ішінен Сырдария және Жетісу облыстарының материалдары бойынша қоныс аудару тарихын қарастырған И.И.Паленнің еңбегін атап көрсетуге болады/14/. Автор өз еңбегінде аталған облыстардағы халықтың жалпы санын, тұрғындардың орналасу тығыздығын, ұлттық құрамын, қала тұрғындарының үлес салмағын, жастық-жыныстық құрамын, сондай-ақ 1897-1907 жылдар аралығындағы статистикалық комитеттердің мәліметтері бойынша халықтың өсу динамикасын көрсеткен. В.А.Остафьевтің еңбегінде артық жерлердің көлеміне орай қоныс аударушыларды жермен қамтамасыз ету мүмкіндігінің аздығы жайлы пікір танытылған/15/. В.А.Тресвяткийдің еңбегі 1905-1907 жылдар аралығындағы Дала генерал-губернаторлығы аумағындағы халықтың өсу динамикасын, құрамындағы өзгерістерді қарастырған /16/.

Революцияға дейінгі орыс зерттеушілері Қазақстан тұрғындарының механикалық өсімін, шет аймақтарда патшалық

